Мақалада Каспий бассейні елдерінде туризмнің круиздік түрінің дамуы мен қазіргі жағдайы мен жағалау елдерінде туризмнің даму бағыты анализденген. Каспий теңізі жағалауында рекреациялық-туристік ресурстар зерттеліп, бұл ресурстарды каспий елдерінде қолдану, туристік комплекстің дамуы мен аймақта бірге ұйымдастырылған круиздердің болашағы зерттеледі.

**Түйін сөздер:** отель, рекреация, туризм, демалыс орталығы, инвестиция, круиз

УДК 330.562:338.43

## СПОСОБЫ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В ЭКОНОМИКУ АЗЕРБАЙДЖАНА

**З.Т. Имрани** - *Институт Географии имени акад. Г.А.Алиева  
Национальная Академия Наук Азербайджана*

**Аннотация.** В статье анализируется экспортный потенциал Азербайджана, расширение его внешнеэкономических связей. Выявлены способы привлечения иностранных инвестиций в экономику страны. Проанализированы внешнеторговый оборот, средства, направленные в основной капитал по различным экономическим отраслям страны, а также функционирующие в стране иностранные компании и их основные направления их деятельности. Отмечены также качественные изменения, происходящие в инвестиционной политике.

**Ключевые слова:** экономика, инвестиционная политика, иностранные инвестиции, компания, капитал.

Проводимые в настоящее время экономические реформы в Азербайджане сопровождаются динамическим развитием экономики. В результате осуществляемых мероприятий в направлении перехода к рыночной экономике в стране обеспечена макроэкономическая стабильность и достигнут динамический экономический рост. В прошлом, в советское время для приведения производственной структуры Азербайджана в соответствии требованиям рыночной экономики выполнялись работы по перестройке с вложением инвестиции в большом объеме. А в настоящее время инвестиционная политика в республике построена таким образом, чтобы в новых условиях обеспечивалось финансирование требуемых структурных изменений.

Известно, что повышение инвестиционной привлекательности и инвестиционной активности, стимулирование вложения средств, расширение объема и масштаба инвестиций во многом зависит от бюджетной и денежно-кредитной политики, проводимой в стране. В первую очередь, обуздание инфляции, являющейся очень серьезной макроэкономической проблемой, зависит от правильной реализации бюджетной и денежно-кредитной политики, и это с точки зрения инвестиционного вложения имеет очень важное значение [4]. При формировании механизма управления инвестиционным процессом необходима принять такие методы воздействия на инвестиционную деятельность, которые позволили бы согласовывать интересы всех хозяйствующих субъектов, в результате чего должна повыситься результативность инвестиционной деятельности [7].

Для привлечения инвестиций в экономику страны должна быть разработана и подготовлена инвестиционная политика, отвечающая требованиям времени. Поэтому, в инвестиционной политике должны быть в комплексной форме определены объем, структура и ориентация инвестиций направленных на экономику. Основной обязанностью инвестиционной политики является привлечение ресурсов требуемых для социально-экономического развития страны и создание благоприятных условий для их выгодного использования [2].

По видам имущества источники инвестиций различаются следующим образом:

- источники государственного финансирования – сюда входят бюджетные средства и средства внебюджетных фондов, государственные долги и государственные имущества;
- финансовые ресурсы хозяйственных субъектов коммерческого и не коммерческого типов, общественных организаций и физических лиц - сюда входят прибыль, амортизационные отчисления, средства выделенные страховыми организациями для возмещения убытков возникших в результате природных катастроф и происшествий, а также средства приобретенные от продажи акций;
- средства иностранных инвесторов - сюда входят средства международных финансовых и инвестиционных институтов, отдельных предприятий, банков и кредитных организаций иностранных государств.

По рекомендации Всемирной Торговой Организации иностранной инвестицией считается та инвестиция, инвестор которой является резидентом одного государства, размещает свои активы в другом государстве, при условии сохранения права полного контроля над ними. А в Азербайджане инвестиционная деятельность понимается как вложение инвесторов в эту отрасль и совокупность всех действий для его осуществления.

Иностранные инвестиции в общем, независимо от формы осуществления, в основном реализуются двумя путями.

Первый – путем формирования новой компании в реципиентной стране, а второй – приобретение или объединение уже существующих компаний. [1].

Важной влияющей силой для привлечения иностранных инвестиций является местная законодательная база, которая определяет рамку деятельности иностранных инвесторов. В Азербайджане 15 января 1992 года принят закон «О защите иностранных инвестиций». На основании этого закона на территории Азербайджана определены социальные, экономические и юридические условия иностранных инвестиционных вложений, независимо от формы собственности в равной степени и дана гарантия защиты прав всех инвесторов. Закон направлен на интенсивное привлечение инвестиций в экономику страны, выгодное использование социально-экономической базы страны, а также развитие международного экономического сотрудничества и интеграции. В этом законе даны гарантии привлечения передовой техники и технологий в отрасли хозяйства, а также защита прав иностранных инвесторов.

Привлечение иностранных инвестиций позволяет уменьшить ограничения в отрасли инвестиционных вложений, необходимых для экономического развития. Еще более оптимальное размещение капитала в мировую экономику способствует увеличению объема производимой продукции. В целом, создаются благоприятные условия для развития внешних экономических связей между странами, увеличения объема производства отдельных видов продукции, т. е. углубляет специализацию, что приводит к увеличению рентабельности производства.

Привлечение иностранной инвестиции в экономику Азербайджана предусматривает увеличение экспортного потенциала страны, а также расширение внешне-экономических связей. С этой точки зрения, социально-экономическое значение, подписанного 20 сентября 1994 года в г. Баку «Контракта века» незаменимо. После приобретения республикой независимости и подписанием «Контракта века» впервые отмечен приток в страну в большом масштабе иностранных инвестиций.

Однако, входящие в страну инвестиции, как и в недавнем прошлом в основном были направлены на эксплуатацию нефтяных месторождений и вывоз на мировой рынок добытой нефти. Несмотря на это, «Контракт века» создал основу для интеграции Азербайджанской экономики в мировую экономику.

В настоящее время в обороте иностранной торговли доля экспорта составляет 30274,4 млн. долларов США. Если сравнить с 2010 годом, то видно, что этот показатель увеличился на 113,9%. Однако в анализе соответствующих годов, несмотря на то, что увеличение в импортных операциях составляет 139,2%, оно намного отстает от экспорта и в общем обороте иностранной торговли составляет всего 30,4%.




Рис.1. Оборот иностранной торговли Азербайджана, млн. долларов США.

В создании благоприятной инвестиционной среды в Республике нефть должна быть использована как сильный фактор. Нефть стала причиной прихода в Азербайджан иностранных компаний, положила основу включения республики в международную систему распределения труда, и

позволила Азербайджану включиться в процесс международной экономической интеграции и стать членом международных организаций.

Заключенные правительством Азербайджана контракты с иностранными компаниями, связанные с совместной разработкой нефте-газовых месторождений, способствовали ускорению интеграции экономики страны в мировую экономику, повышению уровня жизни населения. В результате вложения большого объема инвестиций в нефте-газовую отрасль страны и внедрения современных технологий в республике достигнуты большие успехи в этой отрасли. Была принята «Государственная программа по развитию топливно-энергетического комплекса» в Азербайджанской Республике на период 2005-2015 годы. В рамках Государственной Программы выполнены работы, имеющие большое значение в восстановлении изыскательно-разведывательных работ в перспективных нефте-газовых структурах, бурения новых разведывательных скважин, строительства гидротехнических сооружений для обеспечения добычи, расширения и перестройки системы газового хозяйства и инфраструктуры, укрепления и развития сектора электроэнергетики [5]. Если обратить внимание на структуру иностранных инвестиций, то видно, что в 2014 году в нефтяной сектор вложено 57,5% инвестиций, а это по отношению к другим секторам высоких показателей, 16,1% на финансовые, 11,3% на не нефтяной сектор, 15,1% на долю других отраслей.

Посредством инвестиционных вложений произошли значительные качественные изменения в усовершенствовании структуры экономики и наблюдается ее рост. Посредством инвестиции достигается плановое развитие общественного производства, обеспечивается полезность и уравновешенность экономики, создаются условия для получения большей продукции на единицу затраты и повышения национального дохода [6]. Инвестиция осуществляется в виде капитальных вложений на создание основных фондов и повторного производства, материальное производство в другой форме. Если обратить внимание на удельный вес средств, направленных на создание основного капитала в 2014 году в Азербайджане по отраслям экономики, то видно, что 43,4% капитала направлен на промышленный сектор.



Рис. 2. Средства, направленные на создание основного капитала в 2014 году в Азербайджане, в %-ах.

В современный период усиления процессов глобализации, возможность достижения экономического развития, опираясь только на внутренние возможности и местные рынки, ограничена. Развитие внешне-экономических связей позволяет отдельным странам, за счет повышения уровня специализации экономики, более выгодно использовать свои экономические ресурсы и с этим добиться еще более высокого уровня развития. В настоящее время в Азербайджане



действуют компании таких стран как Великобритания, США, Германия, Франция, Япония, Турция, Швеция, Италия, Иран и др. Доля этих стран в предприятиях промышленности и торговли большая и составляет 47,5%. Однако, в считающемся более перспективным сектором туризме этот показатель составляет 2,8%, а в сельском хозяйстве 1,2%.




Рис.3. Действующие в Азербайджане иностранные предприятия в 2014 году, в %-ах.

Состояние существующих иностранных инвестиций в Азербайджане, исследование стран осуществляющих вложение инвестиций в различные отрасли, наряду с пользой для действующих компаний и для нашей страны, важно и для стран которые намерены вложить инвестиции. Прямые иностранные инвестиции, с одной стороны обеспечивают финансирование недостаточность предприятий, приток в страну современных технологий и оборудования, создание конкурентоспособного производства, с другой стороны граждане страны обеспечиваются работой на новых предприятиях, приспосабливаются к принципам работы в условиях рыночной экономики и повышают опыт работы.

В современный период, переход экономики Азербайджанской Республики на рыночную, стал причиной возникновения ряда социальных проблем. Одной из них является проблема занятости. При переходе на рыночную экономику эта проблема приобрела еще более острый характер и обеспечение занятости превратилось в самое главное направление социальной политики. Если в настоящее время анализировать отрасль занятости в Азербайджане, то видно, что 2,1% из общего числа населения работают на предприятиях с иностранной инвестицией. А большая часть населения, т.е. 49,6% населения работают в секторе частной собственности.

Наряду с отмеченными положительными переменами можем сказать, что после возникновения в стране широкой финансовой системы и соответствующих финансовых институтов ощущается большая нужда в таких иностранных инвестициях. Потому, что полученные средства из банков принимаются как «дорогие средства» и предприниматели придают преимущество партнерству с иностранной инвестицией, чем банковским кредитам. Наряду с этим, из-за большого периода оборота средств во многих отраслях, банки не хотят выделять средства для этих отраслей, а эти отрасли могут быть привлекательными для иностранных инвесторов.

Обеспечение потребности в инвестиционном вложении требует привлечение иностранных инвестиций, что в первую очередь связано с политической стабильностью в нашей стране, требует проведения серьезных изменений в инвестиционной политике [3]. Поэтому и общие законы осуществления инвестиционных вложений в республике, и решение вопросов привлечения

иностраннных инвестиции в условиях рыночных отношений, превращается в важную необходимость. Реализация этого вопроса и участие Азербайджана в мировом рынке капитала прежде всего требует проработку юридических и экономических механизмов, регулирующих отношения нашей республики с основными экспортерами капитала. Здесь основная нагрузка попадает на Азербайджанское государство, так как для привлечения иностранных инвестиций в страну, государство должно использовать все существующие возможности для изменения инвестиционной среды в стране в положительном направлении, проводить комплексные и систематические мероприятия.

1. Абышылы Л.В. Сущность прямых иностранных инвестиций и привлечение их в Азербайджанскую экономику / Известия Бакинского Государственного Университета, №1. Баку, 2012, с. 113-119
2. Азизова Г.А. Инвестиционно-инновационная политика государства. Баку, 2012, 212 с.
3. Аллаhverдиев Г.Б., Мамедов З.Т. Регулирование инвестиционных процессов. Баку, 2003, 71 с.
4. Велиев П.А. Финансово-инвестиционные источники обеспечения экономической безопасности / Автореферат. Баку, 2014, 24 с.
5. Имрани З.Т. Вложение инвестиции в отрасли хозяйства. География Азербайджанской Республики, II том. Экономическая, социальная и политическая география. Баку, 2015. - с. 213-222
6. Рзаев Р.Г. Направления повышения стимулирующей роли механизма налогового урегулирования экономики. Баку, 2013, 392 с.
7. Саак А.Э., Колчина О.А. Инвестиционная политика муниципального образования. Питер, 2010, 336 с.

### Summary

#### Ways of attraction of foreign investments into the economy of Azerbaijan

Z.T.Imrani Institute of Geography named after H.A.Aliyev

National Academy of Sciences of Azerbaijan

The article is devoted to the export potential of Azerbaijan and the expansion of its foreign economic relations. The ways of attraction of foreign investments into country's economy are defined. In addition, the foreign trade turnover of Azerbaijan, the investments into the fixed capital by the fields of economy, and also the main priorities of activity of foreign companies operating in Azerbaijan are analysed. Qualitative changes by the investment policy are indicated as well.

**Keywords:** economy, investment policy, foreign investment, company, capital.

### Түйін

#### Азербайжан экономикасына шет ел инвестициясын тарту әдістері

З.Т.Имрани Азербайжан ҰҒА акад. Г.А.Алиев атындағы География институты

Мақалада Азербайжанның экспорттық потенциалы, оның сыртқы экономикалық байланыстарға ұлғаюы анализденген. Ел экономикасына шет ел инвестициясын тарту әдістері анықталған. Сыртқы сауда айналым, елдің әртүрлі экономикалық салаларына бағытталған негізгі капитал, сол сияқты жұмыс жасап жатқан шет ел компаниясы мен оның іс-әрекеттерінің негізі бағыттары анализденген. Инвестиция саясатындағы өтетін сапалық өзгерістер де атап өтілген.

**Түйін сөздер:** экономика, инвестициялық саясат, шет ел инвестициялары, компания, капитал.

ӘӨЖ. 910:3706 (574)

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛПЫНА КЕЛЕТІН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІ

**Е.А.Ахметов** – *п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры,*

**Ә.А.Төлеген** - *Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институтының  
4 курс студенті*

**Аннотация.**Күні кешеге дейін бірқатар себептерге байланысты, ең алдымен, дәстүрлі энергетикалық шикізаттың орасан зор қорына байланысты Қазақстанның энергетикалық саясатындағы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамыту мәселелеріне аз көңіл бөлінді. Соңғы жылдары жағдай елеулі өзгере бастады. Ең жақсы экология үшін күрес қажеттілігі, адамдар өмірінің сапасын арттырудың жаңа мүмкіндіктері, прогресшіл технологиялардың әлемдік дамуына қатысу, экономикалық дамудың энергия тиімділігін арттыруға талпыныс, халықаралық ынтымақтастық логикасы сынды себептер «жасыл» энергетиканы құруға, төмен көміртекті экономикаға беталыс бойынша ұлттық күшті жандандыруға ықпал етті. ҚР Президенті - Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында осы таңдалған бағытты электр энергетикасы саласын жанарту мен инновациялық дамытуда жалғастыруға ұсыныс берді және энергетикалық ресурстарды қайта өңдеу саласындағы ынтымақтастықта шикізат беруді азайта отырып, оны жаңа технологиялармен алмастыру міндетін қойып отыр. Осыған орай, бұл мақалада Қазақстанның электр энергетикасы өндірісінде қалпына келетін энергетикалық ресурстарды пайдаланудағы қазіргі әлемдік үрдістер мен шетелдік тәжірибені қарастыра отырып, қалпына келетін энергетикалық ресурстар көздерін өндіру және оларды елімізде пайдалану әлеуетінің тиімділігі көрсетілген. Сондай-ақ, ҚР мемлекеттік энергетикалық саясатын жүзеге асыру шеңберінде инвестициялық жобаларды есепке ала отырып, орта мерзімді болашаққа арналған болжаулар жасалынды және экологиялық жаңашалану жағдайында қалпына келетін энерго ресурстардың бәсекелестік нарығын қалыптастырудың басымдықтары дәйектелді.

**Түйін сөздер:** Қалпына келетін энергия көздері, Қазақстандағы қалпына келетін энергетикалық ресурстардың әлеуеті, күн энергиясы, шағын су электр станциялары, жел энергетикасы, биогазды қондырғылар.

Қалпына келетін энергетикалық ресурстар көздерін өнеркәсіптік негізде пайдалануға деген сұраныс ХХ ғасырдың ІІ жартысында мұнай нарығының өзгерістері, ОПЕК мұнай картелінің құрылуы және 1970 жылдардағы экономикалық және мұнай дағдарыстары әсерінен Батыс импорттаушы мемлекеттердің сырттан келетін шикізатқа тәуелділігі қиындықтарымен байланысты туындады. Соңғы жылдары қалпына келетін энергия көздерін игеруде әлемдік тәжірибе елеулі жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Қалпына келетін отынды энергетикалық тұтындағы үлесі – Испанияда 2,5%-дан 12,6%-ға, Германияда 1,9%-дан 9,1%-ға, АҚШ-та 0,9%-дан 2,6%-ға артты.[1] Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2010-2020 жылдары көмірсутегі шикізатын ұсынудың төмендеуі байқалатынын, осының салдарынан 2025 жылға қарай әлемдік энергетикалық теңгерімдегі энергияның жаңғыртылатын көздерінің үлесі қазіргі 5%-дан 10%-ға дейін, ал 2050 жылға қарай 50%-ға дейін өседі, 2010 жылға қарай ЕО елдерінде бұл үлес 12%-ға дейін (2000 жылғы 6%-дан), ал жалпы электр энергиясы өндірісінде 22%-ға дейін ұлғаятындығы айтылады.

Қалпына келетін энергия құрылымында жел энергетикасы маңызды орынды алып, мұнда Қытай, АҚШ, Германия, Испания көшбасшы болуда. Ал, көлемі бойынша екінші көз – күн энергиясы. Қазіргі таңда күн энергиясын фотоэлектрлік және термодинамикалық тәсілдермен электр энергиясына айналдырады. Мұндай тәсіл алғаш АҚШ және Еуропаның кейбір елдерінде таралған болатын. Бүгінгі күні бұл саланың көшбасшылары Қытай, АҚШ, Германия, Испания және Италия болып табылады.

Биомасса қалпына келетін энергияның үшінші көзі болып табылады, бірақ оның дамуын бос ауылшаруашылық жердің болмауы шектеуде. Дүние жүзінде өте кең аумағы бар Бразилияның өнімді дақыл, оның ішінде қант құрағынан автомобиль отынын алуда көпжылдық тәжірибесі бар екендігін айта келе, қалпына келетін энергия көздерін (бұдан былай ҚКЭК) игеруде әлемдік тәжірибенің орасан зор мәнге ие екендігін атап өту керек.

Ал, Қазақстанның қалпына келетін энергия көзі жөнінен қандай әлеуеті бар және оны пайдаланудың артықшылықтары қандай?

ҚКЭК-не су, күн, жел, геотермальды энергия және биомасса жатады. Мұндай энергияның басты көзі қоршаған ортада үнемі болып тұратын табиғи құбылыстар болып табылады. ҚКЭК-нің басты артықшылығы – сарқылмайтындығы, қоршаған ортаға зиянсыздығы және ресурстарының жер бетінде өте молдығы. 2010 жылы Қазақстанның ҚКЭК-не бүкіл энергия мөлшерінің 0,3%-ы ғана тиесілі болды.[1] Айта кететіні, бұл көрсеткіш тек шағын су электр станциялары есебінен жүзеге

асты. Қазақстанның жылына 1 трлн. кВт/сағ ҚКЭ алу мүмкіндігі бар. Салыстырмалы түрде алсақ Германияда елде өндірілетін электр энергиясының 17-20%-ы ҚКЭК-не тиесілі.

1-кесте. Қазақстанда қалпына келетін энергия көздерінің әлеуеті

Қалпына келетін энергия көздері	Олардың әлеуеті
Шағын өзендер	7,6 млрд кВт/сағ
Күн энергиясы	2,5 млрд кВт/сағ
Жел энергиясы	1820 млрд кВт/сағ
Геотермальды сулар	4,3 ГВт

Бүгінде Қазақстан «жасыл» экономиканы дамытудың бірегейлі алғышарттық мүмкіндігіне ие болып отыр. Бұл кең аумағы, қолайлы орналасуы, жеткілікті қаржы және табиғи ресурстары, нарықтағы «жасыл технологияға» деген тиімді және қолжетімді сұранысының болуымен байланысты.

БҰҰ статистикалық есебі бойынша әлемде 1,6 млрд адам электр энергиясына қол жеткізе алмай отыр, ал 2,4 млрд адам тамақ жасау және үйді жылытуға арналған шикізаттарға қол жеткізе алмауда.[2] БҰҰ Бас хатшысының «Тұрақты энергетика» инициативасы бойынша сұрақтарына жауапты өкілі Кандэ Юмкелла айтқандай: «Энергия - бұл қоғам үшін маңызды экономикалық және экологиялық проблемалардың жүрегінде орналасқан мәселе». Сондықтан «Астана ЭКСПО-2017» маманданған көрмесін өткізу, баламалы және қалпына келетін энергия түрлерін дамыту жоспарының болуы бұл мәселенің маңыздылығын арттыра түсуде.[7]

Күні кешеге дейін бірқатар себептерге байланысты, ең алдымен, дәстүрлі энергетикалық шикізаттың орасан зор қорына байланысты Қазақстанның энергетикалық саясатындағы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамыту мәселелеріне аз көңіл бөлінді. Соңғы жылдары жағдай елеулі өзгере бастады. Ең жақсы экология үшін күрес қажеттілігі, адамдар өмірінің сапасын арттырудың жаңа мүмкіндіктері, прогресшіл технологиялардың әлемдік дамуына қатысу, экономикалық дамудың энергия тиімділігін арттыруға талпыныс, халықаралық ынтымақтастық логикасы сынды себептер «жасыл» энергетиканы құруға, төменкөміртекті экономикаға беталыс бойынша ұлттық күшті жандандыруға ықпал етті. Дегенмен, қазіргі уақытта біздің республикада энергияның 42%-ы көмірден, 39%-ы газдан, 17%-ы мұнайдан алынады. Ал, ҚКЭК үлесі небәрі 0,3% мөлшерінде.[1]

Жер бетіне қуатты үш энергия ағыны бағытталған:

- күн сәулесі энергиясы, тәуліктік қуаты 174000 ТВт;
- жер астынан үстіне қарай бағытталған жылу энергиясы, тәуліктік қуаты 32ТВт;
- теңіз тасқыны энергиясы, тәуліктік қуатты 3 ТВт.

Күн - үлкен энергия қорына ие, жылына жер бетіне түсетін күн энергиясы  $7,5 \cdot 10^{17}$  кВт/сағ. Күн энергиясының маңызды артықшылықтарының бірі – қоршаған ортаға қауіпсіздігі және арнайы жеткізу құралдарының қажет еместігі. Басты кемшілігі – энергия алудың тұрақсыздығы. Күн жүйелері тек кешке және таңертең жұмыс жасай алады, демек станция тиімділігі бірнеше есеге төмендейді.

Қазіргі уақытта күн электр станцияларын қолданудың негізгі төрт бағытындағы кең ауқымды зерттеулер жүргізілуде:

- а) күн энергиясын тікелей фотоэлектрлік түрлендіру;
- б) фотоэлектрхимиялық және биологиялық түрлендіру;
- в) жоғары потенциалды жылу пайдаланатын ( $t > 2000$  С) күн электр станциялары және пештер;
- г) ғимараттарды, аз бірлік қуаттағы өнеркәсіптік және ауылшаруашылық объектілерін жылу және салқынмен қамтамасыз етуде төмен потенциалды жылуды ( $t < 100^\circ\text{C}$ ) тікелей қолдану.[3]

Батыс Еуропа және АҚШ елдерінде жартылай өткізгішті түрлендіргіштерді жасауға үлкен мән береді. Қуаты 0,3-1,1 МВт күн фотоэлектрлік станциялар (КФЭС) Сауд Арабиясы, Жапония және басқа да елдерде де жұмыс жасайды.[4] КФЭС нәтижелілігін одан әрі жоғарылатуға күн концентраторларын пайдалану арқылы қол жеткізілуі мүмкін. Республикада кристалды кремний, галлий арсенид және жартылай өткізгішті материалдардың қасиеттерін өзгертуге бағытталған негіздегі жартылай өткізгішті түрлендіргіштер қасиеттерін зерттеу және жасаумен айналысатын ҚР БҒМ ФТИ және ҚазҰУ ғылыми топтары бар, оның ішінде ионды имплантация негізіндегі аморфты кремнийде (ФТИ ҚР БҒМ) қолданылуда.

Қазақстанда кварц шикізатынан жоғары технологиялы өнім алуға дейінгі вертикальды интеграцияланған өндіріс – күн элементі жасалынады. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Францияға сапары барысында KazPK жобасы бойынша кремнийлі күн энергиясын жасау және дамыту келісіміне қол қойылған болатын. Ең бастысы, қоры 1,7 млн т Сарыкөл кварц кені ашылып, ол тиімді күн және жел әлеуеті болып табылды. Осы ресурстық база негізінде Үштөбе қаласында кварц сапалы өңделініп, Өскемен зауытында «күн» кремнийінің құйындысы шығарылды. Ол түрлі блок, пластикаларға кесіліп, соңында фотоэлектрлік ұяшықтар, яғни негізгі «күн модулі» компоненті алынады. Одан соң Өскеменнің күн ұяшығы Астана қаласының «Astana Solar» зауытына барады. Мұнда соңғы өнім – күн панельдері шығарылады. Бұл процесс 2015 жылдың соңында жүзеге асуы тиісті. Ал, күн панельдері күн электр стансысын салудың негізі болып табылады.

Күн электр стансыларын электр энергиясының тапшылығы орын алып отырған еліміздің оңтүстік аймақтарында салу мүмкіндігі бар. Соңғы кезде шағын күн электр стансылары Қазақстан аумағында бой көтере бастады. Жамбыл облысының Қордай ауданында қуаты 504 кВт алғашқы «Отар» күн электр стансысы пайдалануға берілді. Осындай станция осы облыстың Жуалы ауданында іске қосылды, қуаты 50 МВт. Алматы облысының Қапшағай қаласында да мұндай шағын күн станциясы салынды, қуаты 2 МВт. Еліміз аумағында басқа да күн электр станцияларын салу жобалары баршылық.

Осы заманғы шағын су электр энергетикасы электр энергиясын алуда едәуір экономикалық және экологиялық қауіпсіз тәсіл болып табылады. Шағын СЭС табиғи ландшафтыны, қоршаған ортаны және су саласын сақтауға мүмкіндік береді. Шағын су энергетикасы бойынша әлемде Қытай көшбасшы, оның аумағында 90 мың шағын СЭС жұмыс істейді.[1]

Қазақстанда шағын өзендердің мол су энергетикалық қоры бар. Шағын СЭС-ын таулы өзендерде салу тиімді және әлеуеті жоғары. Алайда мұндай СЭС-лары жеткілікті түрде пайдаланылмауда. Шағын СЭС-ынәсіресе энергия тапшылығы жоғары республиканың оңтүстік аймақтарында салу тиімді. Олардың артықшылығы – электр энергиясын өндірудің төменгі өзіндік құны және қоршаған ортаға жүктеменің едәуір аздығы. Елімізде осындай шағын су электр станцияларын салу және дамыту жоспары айқындалған. Сондықтан мұндай шағын СЭС-ын еліміздің оңтүстік аймақтарындағы Іле, Шарын, Шелек, Қаратал, Тентек, Қарғос, Текес, Талғар, Үлкен және Кіші Алматы өзендерінде салу қарастырылған.[1]

Шағын СЭС Қазақстанның ҚКЭК айтарлықтай дамушы бағыты болып табылады. Соңғы 2-3 жылда Алматы облысында 5 шағын су электр стансылары салынды. Соның ең бастысы – Шарын өзенінде 2011 жылы іске қосылған қуаты 300 мың МВт Мойнақ стансысы. Қуаты 1,5 МВт осындай станция Жамбыл облысының Шу ауданында жұмыс істеуде.

Қазақстанның ҚКЭК айтарлықтай перспективалы бағыты – жел электр энергетикасы болып табылады. Біздің еліміз дүние жүзінде жан басына шаққанда жел энергиясынан 1-орынды алады. 50 мың км<sup>2</sup> аумақта (республика аумағының 2%) желдің орташа жылдық жылдамдығы 7 м/с асады. Осы әлеуеттің өзі жылына 1 трлн кВт/сағ электр энергиясын алуға жеткілікті болып табылады. Солтүстік, Орталық, Батыс және Оңтүстік-батыс Қазақстан аймақтарындағы әйгілі Жоңғар қақпасы, Шелек дәлізі, Астана, Арқалық және Форт Шевченко аймақтарында желдің жылдық орташа жылдамдығы 7-9 м/с құрайды.[5] Бұл энергияның нағыз табиғи стансысы болып табылады. Қазақстанның кең байтақ жерін электр энергиясымен қамтамасыз етуде осы жолды тандайтын болсақ, энергияны кеңінен қолдана алар едік. Тіпті, АҚШ-тың бір жылда тұтынатын 13 732 кВт/сағ энергияны алуға мүмкіндігіміз бар. Жел қондырғыларының ішінде әлем бойынша 95%-ын көлденең жел қондырғысын пайдаланады. Желқондырғысы орташа айналысымен күніне 40 кВт/сағ энергия өндіреді. Бір адамға күнделікті энергияны қамтамасыз ету үшін (13 732/40=343) желқондырғысы керек. Әр диірменнің алатын орны 30м<sup>2</sup> деп алсақ, 343\*30=990м<sup>2</sup> аумақта өндірілетін электр энергиясы бір адамға жұмсалып отыр.[6]

Шетелдерде жел диірмендерін жел қатты болатын аймақ қыратты жерлерге қояды. Қыратты жердің көлемі шамалы болады. Сол себепті жел диірмендерін барынша жиі орнатады. Кейде жердің тарлығынан диірмен орнатылған жерлерді Ұлттық саябаққа айналдырып жібереді. Қазақстанда шөлейтті, халық сирек немесе мүлдем қоныстанбайтын жерлер көптеп кездеседі. Сондай жерлерге диірмендерді орнатып түрлі мақсатқа энергияны өндіріп отыруға болады. Мысалы, 1млн халықты электр энергиясына қамтамасыз етуге қанша аумақтағы жер жұмсалатынын есептейік:

$$990*1\text{млн}=990\text{млн км}^2=99000\text{ га}$$

Бұл Жезқазған мен Қарағанды облысының аумағымен пара-пар. Демек Орталық Қазақстанның 3 қаласын өздерінің алып жатқан кең байтақ даласы электр энергиясымен қамтамасыз ете алады. Электр энергиясын осы жолмен алудың бір артықшылығы альтернативті энергия көзіне айналып отыр.

Айта кетерлік жайт, қазіргі таңда Қазақстанда жергілікті ауқымды жобалар ғана іске асуда. Елімізде алғаш 2011 жылы Жамбыл облысында қуаты 1500 кВт Қордай жел стансысының I кезеңі салынған болатын. 2014 жылы желтоқсанда 9 жел агрегатының алғашқысы іске қосылып, станция қуатын 9 МВт-қа дейін арттырды. Сондай-ақ, Қордай ауданында қуаты 21 МВт екінші жел станциясының құрылысы аяқталу сатысында. Қазіргі уақытта ең ірі, қуаты 30 кВт жел қондырғысы «Долар» ЖШС-нің қатысуымен Атырау облысында іске қосылған. Солтүстік Қазақстан облысының «Зинченко+К» шаруашылығында 3 жел қондырғысы жұмыс істеуде.

Өнеркәсіптік тұрғысындағы қуат көздері тек үкімет жоспарында ғана болғандықтан әзірше жүзеге аса қоймады. Соның ішінде Алматы облысының Шелек дәлізіндегі қазақ-қытай жел электр станциясын салу жобасы, сонымен қатар жел әлеуеті негізінде Алматы, Ақмола, т.б. облыстарда жел электр стансыларын салу жобалары бар.

Биогазды қондырғылар қай жерде биомасса не органикалық қалдық болса, қалпына келетін энергия көздері негізіндегі басқа автономиялық құралдардан тәулік бойы жұмыс істей беретіндігімен ерекшеленеді. Энергия өндіруден басқа биогаз технологиясы – бұл тағы да органикалық қалдықты толық пайдалану тұрғысындағы экологиялық таза тәсіл. Қазақстанда энергия алудағы биомассалық тұрақты көз ауыл шаруашылық қалдықтары, техникалық тұрғыдағы өсімдік өнімдері, қатты тұрмыстық қалдықтардың органикалық фракциялары болып табылады.

Кезінде Солтүстік Қазақстан облысында «БиоХим» зауыты біраз уақыт жұмыс істегені белгілі. Мұндай кәсіпорын тек Қазақстанда ғана емес, Таяу шет елдердің шекаралас аймақтарында да бұрын-соңды болған емес. Әйтсе де, құны 88,6 миллион АҚШ долларын құраған зауыт қарызға батып жабылды. 2016 жылдан бастап бірнеше жылдан бері тоқтап тұрған «БиоХим» зауыты қалпына келтірілетін болады. Қалпына келтіру жұмысына 38,6 млн АҚШ доллары бөлініп отыр. Қалпына келтірілгеннен кейін зауыт энергетикалық өнімді және экологиялық таза өнімді шығару үшін пайдаланылатын биоэтанол шығаратын болады деп күтілуде.

2-кесте. Қазақстанда жұмыс істейтін қалпына келетін энергетикалық нысандар

Қалпына келетін энергетикалық нысандар	Жиынтық қуаттары, МВт
Қалпына келетін 44 энергетикалық нысан	227,52
Күн электр стансылары	55
Жел паркі	53
Шағын СЭС	119

Қазақстан Үкіметі 2030 жылға дейінгі электр энергетикасын дамытудың жаңа тұжырымдамасын қабылдағаны белгілі. Сол тұжырымдамаға сәйкес аталынған кезеңде жылдық электр энергиясын өндіру мөлшері 150 млрд кВт/сағ құрап, соның 16 млрд ҚКЭЖ-не тиесілі болады деп күтілуде.

Электр энергетикасына ҚКЭЖ тарту электр энергиясын өндіру құрылымын ұтымды етіп қана қоймай, дәстүрлі энергетика үлесін азайтуға, отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу және энергетиканың қоршаған ортаға кері әсерін азайтуға, атмосфераға зиянды заттар мен жылу газының шығу мөлшерін азайтуға әкеледі.

1. Е.А.Ахметов. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. Оқу құралы. Алматы, 2012. –527б.

2. БҰҰ-ның Статистика Агенттігі: Электрондық ақпарат көзі. – <http://www.un.org/ru/development/progareas/statistics.shtml>

3. М.В.Дакалов. Масштабы и тенденции использования возобновляемых источников энергии. «БУРЕНИЕ И НЕФТЬ» журналы. Москва, 2014. №10 (Қазан) саны.

4. Boyle, G. Renewable Energy: Power for a Sustainable Future. Oxford University Press in association with the Open University, 2004. 2nd ed.

5. В.Е. Губин. Нетрадиционные и возобновляемые источники энергии. Томск, 2011. –216б.

6. Global status report: Renewables - 2014. Paris, 2014. –216б.

7. Н.Ә.Назарбаев. Глобальная энергоэкологическая стратегия устойчивого развития в XXI веке. Москва, 2011.–193б.

### Резюме

#### Потенциал возобновляемых источников энергий в Казахстане

**Е.А.Ахметов** – к.п.н., профессор КазНПУ им.Абая; **А.А.Толеген** – студент 4 курса института Естествознания и географии, КазНПУ им.Абая.

До недавнего времени вопросам развития использования возобновляемых источников энергии уделялось сравнительно мало внимания. В последние годы ситуация стала кардинально меняться. Защита и охрана окружающей среды способствуют активизации усилий в мире по созданию зеленой энергетики, движению к низкоуглеродной экономике. В Стратегии «Казахстан - 2050» Президент страны предложил продолжить выбранный курс на модернизацию и инновационное развитие электроэнергетической отрасли и поставлена задача отхода от поставок сырья к сотрудничеству в области переработки энергетических ресурсов и обмену новейшими технологиями. Поэтому, в настоящей статье рассматриваются вопросы о потенциале возобновляемых источников энергии и их эффективности в электроэнергетической промышленности Казахстана с использованием современных мировых тенденций в области электроэнергетики и международного опыта использования нетрадиционных энергии. Рассчитаны достоверные прогнозы на среднесрочную перспективу с учетом инвестиционных проектов в рамках реализации государственной энергетической политики РК, а также обоснованы приоритеты формирования конкурентного рынка возобновляемых энергоресурсов в условиях экологической модернизации.

**Ключевые слова:** Возобновляемые источники энергии, потенциал возобновляемых энергетических ресурсов в Казахстане, солнечная энергия, малые гидроэлектростанций, ветряная энергетика, биогазовые установки.

### Summary

#### The potential of renewable energy in Kazakhstan

**E.A.Akhmetov** - Ph.D., professor of KazNPU by named Abay; **A.A.Tolegen** - 4th year student of the Institute of Natural Sciences and Geography of KazNPU by named Abay.

Until recently, the development of renewable energy sources has been given relatively little attention. In recent years, the situation began to change dramatically. The protection and preservation of the environment contribute to the intensification of efforts in the world to create green energy, move to a low carbon economy. In The Strategy "Kazakhstan - 2050" The President proposed to continue the chosen course of modernization and innovative development of the electricity industry and the task of waste from raw material supplies to cooperation in the field of processing of energy resources and the sharing of new technologies. Therefore, this article deals with the potential of renewable energy and efficiency in the electric power industry of Kazakhstan using the latest global trends in the field of electric power industry and international experience of using non-conventional energy. Designed reliable forecasts for the medium term, taking into account the investment projects in the framework of the national energy policy of Kazakhstan, as well as substantiated priorities formation of a competitive market of renewable energy resources in the conditions of ecological modernization.

**Keywords:** Renewable energy, potential of renewable energy resources in Kazakhstan, solar, small hydro, wind energy, biogas plants.

## ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 543.7 (075.8)

### «ЕРІГІШТІК КӨБЕЙТІНДІСІ» ТАҚЫРЫБЫ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Бекішев К.** - Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, [kurmanbekishev@gmail.com](mailto:kurmanbekishev@gmail.com)  
**Ізгілік А.** – химия және химиялық технология факультетінің магистранты, [amangul.9305@bk.ru](mailto:amangul.9305@bk.ru)  
ал – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Аннотация:** Мақалада жоғары оқу орындарының жалпы және бейорганикалық химия курсының «Электролит ерітінділеріндегі иондық тепе-теңдіктер» модулі аумағындағы «Ерігіштік көбейтіндісі» тақырыбын оқыту үрдісінде қолдануға арналған сандық есептерді шығару әдістемелерінің үлгілері және өз бетінше шығаруға арналған типтік есептердің жиынтығы, сонымен қатар есеп шығаруға мейлінше қажетті теориялық кіріспе келтірілген. Сонымен қатар өз бетінше есептер шығарғанда қолдану үшін практикада жиі кездесетін аз еритін электролиттердің 25°C кезіндегі ерігіштік көбейтінділерінің мәндері келтірілген. Шығару үлгілері келтірілген типтік есептер жиі кездесетін және күрделілігі әртүрлі есептердің негізгі типтерін толық қамтиды. Өз бетінше шығаруға арналған есептерді шығару арқылы студенттер осы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексере алады.

**Түйін сөздер:** иондық тепе-теңдіктер, қаныққан ерітінді, ерігіштік, ерігіштік көбейтіндісі, тұнба түзілуі және тұнба еруі.

Аз еритін күшті электролиттің қаныққан ерітіндісінде ерітіндідегі электролит иондары және электролит тұнбасы (қатты фаза) арасында тепе-теңдік орнайды, мысалы:



Электролит ерітіндісіндегі ионның күйі олардың активтілігімен анықталатын болғандықтан, соңғы процестің тепе-теңдік константасы келесі теңдеумен өрнектеледі:

$$K = \frac{\alpha_{\text{Ba}^{2+}} \alpha_{\text{SO}_4^{2-}}}{\alpha_{\text{BaSO}_4}}$$

Қатты күйдегі (фазадағы) барий сульфатының активтілігі (концентрациясы) тұрақты шама, сондықтан  $K \cdot \alpha_{\text{BaSO}_4}$  көбейтіндісі де берілген температурада тұрақты болады. Онда  $\text{Ba}^{2+}$  және  $\text{SO}_4^{2-}$  иондарының активтіліктерінің (концентрацияларының) көбейтіндісі де тұрақты шама болады [1]. Оны *ерігіштік көбейтіндісі* деп атайды және  $EK$  деп белгілейді:

$$\alpha_{\text{Ba}^{2+}} \alpha_{\text{SO}_4^{2-}} = EK_{\text{BaSO}_4}$$

*Қаныққан ерітіндідегі аз еритін электролит иондарының активтіліктерінің көбейтіндісі (ерігіштік көбейтіндісі) берілген температурада тұрақты шама [1].*

Егер электролит өте аз еритін болса, оның қаныққан ерітіндідегі иондық күші нөлге жақын, ал иондардың активтілік коэффициенттері  $f = 1$  деп санауға болады. Осындай жағдайларда  $EK$  өрнегі үшін иондардың активтіліктерінің көбейтіндісін олардың концентрацияларының көбейтіндісімен алмастыруға болады. Мысалы, барий сульфатының қаныққан ерітіндісінің иондық күші  $1 \cdot 10^{-5}$ , сондықтан  $\text{BaSO}_4$  ерігіштік көбейтіндісін келесі түрде жазуға болады:

$$EK_{\text{BaSO}_4} = [\text{Ba}^{2+}] [\text{SO}_4^{2-}]$$

Төменде келтірілген мысалдар мен есептерде (егер арнайы айтылмаса) иондардың активтілік коэффициенттерінің  $f = 1$  деп алынады, ал ерігіштік көбейтіндісі сәйкес иондардың концентрациялары арқылы өрнектеледі.

Егер электролит молекулалары диссоциациялану кезінде екі немесе бірнеше иондар түзетін болса, онда  $EK$  үшін жазылатын өрнекте бұл иондардың концентрациялары (активтіліктері) сәйкес дәрежеге шығарылуы тиіс, мысалы:

$$EK_{\text{CaF}_2} = [\text{Ca}^{2+}] [\text{F}^-]^2 \quad EK_{\text{Ca}_3(\text{PO}_4)_2} = [\text{Ca}^{2+}]^3 [\text{PO}_4^{3-}]^2$$

Электролит иондарының біреуінің концентрациясын арттырғанда оның қаныққан ерітіндісінде (мысалы, сол ион бар басқа электролитті енгізу арқылы) электролит иондарының концентрациясы көбейтіндісі ерігіштік көбейтіндісінен жоғары болады. Бұдан қатты фаза мен ерітінді арасындағы



тепе-теңдік тұнба тұзу жағына қарай жылжиды. Осылайша, аз еритін электролит иондары концентрацияларының көбейтіндісінің оның ерігіштік көбейтіндісінен жоғары болуы тұнба түзілу шартыболып табылады [3]. Тұнба тұзу нәтижесінде электролит құрамына кіретін басқа ионның концентрациясы да өзгереді. Электролит иондарының концентрациясының көбейтіндісі қайтадан ерігіштік көбейтіндісіне тең болатын жаңа тепе-теңдік орнайды.

Керісінше, электролиттің қаныққан ерітіндісінде иондарының біреуінің концентрациясын төмендетсек (мысалы, оны басқа бір ионмен байланыстырып), ионның концентрация көбейтіндісі ерігіштік көбейтіндісі мәнінен төмен болады, ерітінді қанықпаған болады, ал тұнба және сұйық фаза арасындағы тепе-теңдік тұнба еру жағына жылжиды. Демек, аз еритін электролиттің тұнбасының еруі оның иондарының концентрация көбейтіндісі ЕК мәнінен кем болған жағдайда жүзеге асады [2]. ЕК мәні бойынша аз еритін электролиттердің судағы және құрамында басқа электролиттер болатын ерітінділердегі ерігіштігін есептеуге болады. Кейбір электролиттер үшін ЕК мәндері қосымшадағы 1-кестеде берілген.

Кесте 1

**25<sup>0</sup>С кезіндегі сулы ерітіндідегі кейбір әлсіз электролиттердің ерігіштік көбейтіндісі**

Электролит	ЕК	Электролит	ЕК
AgBr	$6 \cdot 10^{-13}$	Cu(OH) <sub>2</sub>	$2,2 \cdot 10^{-20}$
AgCl	$1,8 \cdot 10^{-10}$	CuS	$6 \cdot 10^{-36}$
Ag <sub>2</sub> CrO <sub>4</sub>	$4 \cdot 10^{-12}$	Fe(OH) <sub>2</sub>	$1 \cdot 10^{-15}$
AgI	$1,1 \cdot 10^{-16}$	Fe(OH) <sub>3</sub>	$3,8 \cdot 10^{-38}$
Ag <sub>2</sub> S	$6 \cdot 10^{-50}$	FeS	$5 \cdot 10^{-18}$
Ag <sub>2</sub> SO <sub>4</sub>	$2 \cdot 10^{-5}$	HgS	$1,6 \cdot 10^{-52}$
BaCO <sub>3</sub>	$5 \cdot 10^{-9}$	MnS	$2,5 \cdot 10^{-10}$
BaCrO <sub>4</sub>	$1,6 \cdot 10^{-10}$	PbBr <sub>2</sub>	$9,1 \cdot 10^{-6}$
BaSO <sub>4</sub>	$1,1 \cdot 10^{-10}$	PbCl <sub>2</sub>	$2 \cdot 10^{-5}$
CaCO <sub>3</sub>	$5 \cdot 10^{-9}$	PbCrO <sub>4</sub>	$1,8 \cdot 10^{-14}$
CaC <sub>2</sub> O <sub>4</sub>	$2 \cdot 10^{-9}$	PbI <sub>2</sub>	$8,0 \cdot 10^{-9}$
CaF <sub>2</sub>	$4 \cdot 10^{-11}$	PbS	$1 \cdot 10^{-27}$
CaSO <sub>4</sub>	$1,3 \cdot 10^{-4}$	PbSO <sub>4</sub>	$1,6 \cdot 10^{-8}$
Ca <sub>3</sub> (PO <sub>4</sub> ) <sub>2</sub>	$1 \cdot 10^{-29}$	SrSO <sub>4</sub>	$3,2 \cdot 10^{-7}$
Cd(OH) <sub>2</sub>	$2 \cdot 10^{-14}$	Zn(OH) <sub>2</sub>	$1 \cdot 10^{-17}$
CdS	$7,9 \cdot 10^{-27}$	ZnS	$1,6 \cdot 10^{-24}$

### Типтік есептер шығару үлгілері

**1-мысал.** 18<sup>0</sup>С кезінде магний гидроксидінің Mg(OH)<sub>2</sub> ерігіштігі  $1,7 \cdot 10^{-4}$  моль/л. Осы температурадағы магний гидроксидінің ерігіштік көбейтіндісін табыңыздар.

*Шешуі.* Бір моль Mg(OH)<sub>2</sub> ерігенде ерітіндіге 1 моль Mg<sup>2+</sup> иондары және екі есе көп OH<sup>-</sup> иондары өтеді. Сонда, магний гидроксидінің қаныққан ерітіндісінде болады:

$$[Mg^{2+}] = 1,7 \cdot 10^{-4} \text{ моль/л; } [OH^-] = 3,4 \cdot 10^{-4} \text{ моль/л.}$$

Бұдан

$$EK_{(Mg(OH)_2)} = [Mg^{2+}][OH^-]^2 = 1,7 \cdot 10^{-4} (3,4 \cdot 10^{-4})^2 = 1,96 \cdot 10^{-11}$$

**2-мысал.** Қорғасын йодидінің 20<sup>0</sup>С кезінде ерігіштік көбейтіндісі  $8 \cdot 10^{-9}$ . Берілген температурада тұздың ерігіштігін (моль/л және г/л) есептеңіздер.

*Шешуі.* Ізделінген ерігіштікті s (моль/л) арқылы белгілейміз. Сонда PbI<sub>2</sub> қаныққан ерітіндісінде s моль/л Pb<sup>2+</sup> ионы және 2s моль/л I<sup>-</sup> ионы бар. Осыдан

$$EK_{PbI_2} = [Pb^{2+}][I^-]^2 = s(2s)^2 = 4s^3$$

және

$$s = \sqrt[3]{EK_{PbI_2} / 4} = \sqrt[3]{8 \cdot 10^{-9} / 4} = 1,3 \cdot 10^{-3} \text{ моль/л.}$$

$PbI_2$  мольдік массасы 461 г/моль болғандықтан, г/л түрінде өрнектелген  $PbI_2$  ерігіштігі  $1,3 \cdot 10^{-3} \cdot 461 = 0,6$  г/л құрайды.

**3-мысал.** Кальций оксалатының  $CaC_2O_4$  аммоний оксалатының  $(NH_4)_2C_2O_4$  0,1М ерітіндісіндегі ерігіштігі оның судағы ерігіштігіне қарағанда неше есе кіші? Аммоний оксалатының иондарға диссоциациялануын толық деп есептеңіздер.

*Шешуі.* Алдымен кальций оксалатының судағы ерігіштігін есептейміз. Қаныққан ерітіндідегі тұздың концентрациясын  $s$  (моль/л) арқылы белгілесек:

$$EK_{CaC_2O_4} = [Ca^{2+}][C_2O_4^{2-}] = s^2.$$

Кестеден  $EK_{CaC_2O_4}$  мәнін пайдалансақ:

$$s = \sqrt{EK_{CaC_2O_4}} = \sqrt{2 \cdot 10^{-9}} = 4,5 \cdot 10^{-5} \text{ моль/л.}$$

Енді сол тұздың 0,1М  $(NH_4)_2C_2O_4$  ерітіндісіндегі ерігіштігін табамыз: оны  $s'$  деп белгілейміз. Оның қаныққан ерітіндісіндегі  $Ca^{2+}$  иондарының концентрациясы  $s'$ , ал  $C_2O_4^{2-}$  иондарының концентрациясы  $(0,1 + s')$  құрайды.  $s' \ll 0,1$  болғандықтан,  $s'$  мәнін 0,1 мәнімен салыстырғанда ескермеуге және  $[C_2O_4^{2-}] = 0,1$  моль/л деп есептеуге болады.

$$EK_{CaC_2O_4} = 2 \cdot 10^{-9} = s' \cdot 0,1 \text{ және } s' = \frac{2 \cdot 10^{-9}}{0,1} = 2 \cdot 10^{-8} \text{ моль/л.}$$

Демек, аммоний оксалаты қатысында  $CaC_2O_4$  ерігіштігі  $4,5 \cdot 10^{-5} / (2 \cdot 10^{-8})$  есе, яғни шамамен 2200 есе азаяды.

**4-мысал.** 0,02 н кальций хлориді және натрий сульфаты ерітінділерінің тең көлемдері араластырылған. Кальций сульфатының тұнбасы түзіле ме?

*Шешуі.*  $Ca^{2+}$  және  $SO_4^{2-}$  иондарының концентрацияларының көбейтіндісін табамыз және оны кальций сульфатының ерігіштік көбейтіндісімен салыстырамыз.  $CaCl_2$  және  $Na_2SO_4$  ерітінділерінің бастапқы молярлық концентрациялары бірдей және 0,01 моль/л. Бастапқы ерітінділерді араластырғанда ерітіндінің жалпы көлемі екі есе артатындықтан,  $Ca^{2+}$  және  $SO_4^{2-}$  иондарының концентрациялары олардың бастапқы мәндерімен салыстырғанда екі есе кемиді. Сонда,

$$[Ca^{2+}] = [SO_4^{2-}] = 0,005 = 5 \cdot 10^{-3} \text{ моль/л.}$$

Иондардың концентрацияларының көбейтіндісін табамыз

$$[Ca^{2+}][SO_4^{2-}] = (5 \cdot 10^{-3})^2 = 2,5 \cdot 10^{-5}.$$

Кестеде келтірілген мәліметтер бойынша:  $EK_{CaSO_4} = 1,3 \cdot 10^{-4}$ . Иондар концентрацияларының көбейтіндісінің табылған мәндері бұл шамадан аз; демек ерітіндіде кальций сульфатына қарағанда қанықпаған, сондықтан тұнба түзілмейді.

Егер аз еритін электролиттің қаныққан ерітіндісінде басқа электролиттер болса, онда ерітіндінің иондық күшінің мәндері ескерерліктей үлкен шамада болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда ерігіштік көбейтіндісіне байланысты есептеулерде активтілік коэффициенттерін ескерген жөн.

**5-мысал.** Кальций оксалатының  $CaC_2O_4$  ерігіштік көбейтіндісі  $2 \cdot 10^{-9}$  тең. Осы тұздың 0,1 М аммоний оксалаты  $(NH_4)_2C_2O_4$  ерітіндісіндегі ерігіштігін табыңыздар.

*Шешуі.*  $CaC_2O_4$  ерігіштік көбейтіндісін оның иондарының активтілігі көбейтіндісі арқылы өрнектейміз:

$$EK_{CaC_2O_4} = \alpha_{Ca^{2+}} \alpha_{C_2O_4^{2-}} = [Ca^{2+}][C_2O_4^{2-}] f_{Ca^{2+}} f_{C_2O_4^{2-}}.$$

Тұздың ізделінді ерігіштігін  $s$  арқылы белгілеп,  $[Ca^{2+}] = s$  моль/л, ал  $[C_2O_4^{2-}] = 0,1$  моль/л екендігін табамыз. Осылайша,

$$2 \cdot 10^{-9} = 0,1 s f_{Ca^{2+}} f_{C_2O_4^{2-}}; s = 2 \cdot 10^{-8} / f_{Ca^{2+}} f_{C_2O_4^{2-}}.$$

Активтілік коэффициенттерінің мәндерін табу үшін 0,1 М  $(NH_4)_2C_2O_4$  ерітіндісінің иондық күшін есептеу керек:

$$I = 0,5 (0,2 \cdot 1^2 + 0,1 \cdot 2^2) = 0,3.$$

Қосымшадағы мәліметтер бойынша иондық күшке сай екі зарядты иондардың активтілік коэффициенттері 0,42. Сонда:

$$s = 2 \cdot 10^{-8} / (0,42 \cdot 0,42) = 1,1 \cdot 10^{-7} \text{ моль/л.}$$

Алынған мәндерді жуықтау есептеулер (активтілік коэффициентін ескермей) нәтижелерімен салыстыра отырып, (3-мысалды қараңыздар) активтілік коэффициенттерін ескермеу маңызды қателікке әкелгенін көреміз.

**6-мысал.** ЕК ( $\text{PbSO}_4$ ) =  $2,2 \cdot 10^{-8}$ . Қорғасын сульфатының қаныққан ерітіндісіндегі  $\text{Pb}^{2+}$  және  $\text{SO}_4^{2-}$  иондарының молярлық және массалық концентрациямен келтірілген концентрациясы және олардың ерігіштігі неге тең [4]?

*Шешуі.* Бинарлы электролиттің ерігіштігі олардың әрбір иондарының молярлық концентрациясына тең:  $S = [\text{Pb}^{2+}] = [\text{SO}_4^{2-}] = \sqrt{2,2 \cdot 10^{-8}} = 1,5 \cdot 10^{-4} \text{ моль/л}$ ,  $M = 303 \text{ г/моль}$ . Массалық концентрациямен келтірілген тұздың ерігіштігі  $S_M = 1,5 \cdot 10^{-4} \text{ моль/л} \cdot 303 \text{ г/моль} = 0,0455 \text{ г/л}$ .

**7-мысал.** Құрамында 0,1 моль/л  $\text{NaCl}$  бар  $\text{AgCl}$  қаныққан ерітіндісіндегі  $\text{Ag}^+$  иондарының концентрациясын есептеңіздер.

*Шешуі.* Бұл жағдайда  $\text{Cl}^-$  иондарының концентрациясы  $\text{Ag}^+$  ионының концентрациясына тең емес. Ол ерітіндіде  $\text{NaCl}$  болғандықтан көп есе үлкен және  $\text{NaCl}$  мен  $\text{AgCl}$  диссоциациясының нәтижесінде алынған  $\text{Cl}^-$  иондарының концентрациясының қосындысына тең. Сондықтан  $\text{NaCl}$  иондарға толығымен диссоциацияланады, олардан алынатын иондардың концентрациясын  $\text{NaCl}$  концентрациясына тең деп алуға болады, яғни 0,1 моль/л. Күміс хлоридінен алынған хлор иондарының концентрациясы аз болғандықтан, оны ескермей  $\text{Cl}^-$  иондарының жалпы концентрациясын 0,1 моль/л деп алсақ:

$$\begin{aligned} \text{ЕК} &= 0,1 \cdot C_{\text{Ag}^+} \\ \text{Күміс хлоридінің ерігіштік көбейтіндісі } 1,2 \cdot 10^{-10} &\text{ тең болғандықтан} \\ 0,1 \cdot C_{\text{Ag}^+} &= 1,2 \cdot 10^{-9} \text{ моль/л.} \end{aligned}$$

Бұдан

$$C = \frac{1,2 \cdot 10^{-9}}{0,1} = 1,2 \cdot 10^{-9} \text{ моль/л.}$$

Осы ерітіндідегі  $\text{Ag}^+$  иондарының концентрациясы бірдей иондары жоқ  $\text{AgCl}$  қаныққан ерітіндісіндегі концентрациясымен салыстырғанда, бұл ерітіндідегі  $\text{Ag}^+$  иондарының концентрациясы басқа ерітіндіге қарағанда шамамен 10 есе аз екенін көреміз.

**8-мысал.** Барий хроматының ерігіштік көбейтіндісі  $2,3 \cdot 10^{-10}$ .  $\text{BaCrO}_4$  молярлық ерігіштігін және 500 мл суда неше грамм  $\text{BaCrO}_4$  еруі мүмкіндігін есептеңіздер.

*Шешуі.*  $\text{BaCrO}_4$  екі ионға диссоциацияланады, оның ерітіндідегі концентрациясы иондарының әрбірінің концентрациясына тең. Есептеу арқылы келесіні табамыз:

$$C_{\text{BaCrO}_4} = C_{\text{Ba}^{2+}} = C_{\text{CrO}_4^{2-}} = \sqrt{2,3 \cdot 10^{-10}} = 1,5 \cdot 10^{-5} \text{ моль/л}$$

500 мл суға еруге қабілетті мөлшерін молярлық ерігіштік бойынша табамыз, бұдан концентрациясы аз ерітіндінің көлемін судың көлеміне тең десек:

$$\begin{aligned} m_{\text{BaCrO}_4} &= C_{\text{BaCrO}_4} \cdot \mu_{\text{BaCrO}_4} \cdot V = 1,5 \cdot 10^{-5} \text{ моль/л} \cdot 253 \text{ г/моль} \cdot 0,500 \text{ л} \\ &= 1,93 \cdot 10^{-3} \text{ г} = 1,93 \text{ мг.} \end{aligned}$$

**9-мысал.** Таза судағы барий хроматының ерігіштігі  $8,4 \cdot 10^{-5}$ .  $\text{BaCO}_3$  ерігіштік көбейтіндісін есептеңіздер.

*Шешуі.*

$$C_{\text{Ba}^{2+}} = C_{\text{CO}_3^{2-}} = C_{\text{BaCO}_3}$$

онда

$$\text{ЕК}_{\text{BaCO}_3} = C_{\text{BaCO}_3}^2 = (8,4 \cdot 10^{-5})^2 = 7,06 \cdot 10^{-9}$$

**10-мысал.** ЕК бойынша анықтамалық мәліметтерді қолдана отырып,  $\text{Ba}_3(\text{AsO}_4)_2$  молярлық (моль/л) және массалық (г/л) ерігіштігін анықтаңыздар.

*Шешуі.* Анықтама бойынша барий арсенатының  $\text{ЕК}(\text{Ba}_3(\text{AsO}_4)_2) = 7,8 \cdot 10^{-51}$ .

Молярлық ерігіштікті анықтаймыз. Барий арсенатының ерігіштігі

$$s = (EK/108)^{1/5} = (7,8 \cdot 10^{-51}/108)^{1/5} = 3,73 \cdot 10^{-11} \text{ моль/л.}$$

Массалық ерігіштікті анықтаймыз.  $p = s \cdot M = 3,73 \cdot 10^{-11} \cdot 689,8 = 2,57 \cdot 10^{-8} \text{ г/л.}$

**11-мысал.** 0,05 н  $Pb(NO_3)_2$  ерітіндісін бірдей көлемде: а) 0,05н  $KCl$  ерітіндісімен; б) 0,5н  $KCl$  ерітіндісімен араластырған кезде қорғасын хлориді  $PbCl_2$  тұнбасы түзілу мүмкіндігін болжаңыздар.

*Шешуі.* Егер концентрация көбейтіндісі аз еритін тұздың ерігіштік көбейтіндісі мәнінен жоғары болған жағдайда тұнба түзіледі.

а) Анықтама бойынша  $PbCl_2$  ЕК мәнін анықтаймыз:  $EK(PbCl_2) = 1,6 \cdot 10^{-5}$ .

Құйып алынған ерітіндінің молярлық концентрациясын анықтаймыз:  $C_M = C_H \cdot f$ . Сонымен қатар құйып алғаннан кейінгі концентрацияның әр түрлі көлемі екі есе кемитінін ескереміз.

$$C_M(Pb(NO_3)_2) = (0,05 \cdot 1/2)/2 = 0,0125 \text{ М.}$$


$$C_M(KCl) = (0,05 \cdot 1)/2 = 0,025 \text{ М.}$$

$$EK(PbCl_2) = [Pb^{2+}][Cl^-]^2 = 0,0125 \cdot 0,025^2 = 7,8 \cdot 10^{-6} < EK, \text{ тұнба түзілмейді.}$$

$$\text{б) } EK(PbCl_2) = [Pb^{2+}][Cl^-]^2 = 0,0125 \cdot 0,25^2 = 7,8 \cdot 10^{-4} > EK, \text{ тұнба түзіледі.}$$

**12-мысал.** Күміс фосфатының ( $Ag_3PO_4$ )  $20^\circ C$  кезіндегі судағы ерігіштігі  $6,15 \cdot 10^3 \text{ г/л}$ . Ерігіштік көбейтіндісін анықтаңыздар.

*Шешуі.* Күміс фосфатының молярлық массасы 418,58 г/моль. Сәйкесінше ерітіндінің молярлық ерігіштігі  $6,15 \cdot 10^3 / 418,58 = 1,6 \cdot 10^{-5} \text{ моль/л}$ .  $Ag_3PO_4$  диссоциациялану кезінде:



Сәйкесінше ерітіндідегі иондардың концентрациялары:

$$[PO_4^{3-}] = 1,6 \cdot 10^{-5} \text{ моль/л;}$$

$$[Ag^+] = 3 \cdot 1,6 \cdot 10^{-5} \text{ моль/л.}$$

Күміс фосфатының ерігіштік көбейтіндісі:

$$EK(Ag_3PO_4) = [Ag^+]^3 \cdot [PO_4^{3-}] = (4,8 \cdot 10^{-5})^3 \cdot 1,6 \cdot 10^{-5} = 1,77 \cdot 10^{-18}.$$

### Өз бетімен шығаруға арналған есептер.

1. Күміс бромидінің ( $AgBr$ ) ерігіштік көбейтіндісі  $4,0 \cdot 10^{-13}$ .  $AgBr$  қаныққан ерітіндісіндегі  $Ag^+$  иондарының концентрациясын есептеңіздер.

2. Кальций карбонатының ( $CaCO_3$ ) ерігіштік көбейтіндісі  $4,8 \cdot 10^9$ .  $CaCO_3$  тұнбасында болатын  $0,01 \text{ М } Na_2CO_3$  ерітіндісіндегі  $Ca^{2+}$  ионының концентрациясын есептеңіздер.

3.  $PbI_2$  қаныққан ерітіндісінде иодид иондарының концентрациясы  $1,3 \cdot 10^{-3} \text{ моль/л}$ . Осы ерітіндідегі  $Pb^{2+}$  иондарының концентрациясын табыңыздар.

4. Көлемі 250 мл  $PbCl_2$  қаныққан ерітіндісінде  $4 \cdot 10^{-3} \text{ моль/л}$  мөлшерде  $Pb^{2+}$  иондары бар. Осы ерітіндідегі  $Cl^-$  иондарының концентрациясы және  $PbCl_2$  ерігіштігі нешеге тең?

5. Егер сол температурада тұздың  $EK = 6,15 \cdot 10^{-12}$  болса, онда  $Ag_2CO_3$  қаныққан ерітіндісіндегі әрбір ионның концентрациясы нешеге тең?

6. Көлемі 10 л  $Mg_3(PO_4)_2$  қаныққан ерітіндісінде тұздың массасы 3г. Оның ерігіштігін есептеңіздер және осы ерітіндідегі әрбір ионның молярлық концентрациясын табыңыздар.

7. Күміс карбонатының ( $Ag_2CO_3$ ) ерігіштік көбейтіндісі  $6,15 \cdot 10^{-12}$ . Судағы  $Ag_2CO_3$  ерігіштігін есептеңіздер.

8. Магний гидроксидінің  $Mg(OH)_2$  ерігіштік көбейтіндісі  $3,4 \cdot 10^{-11}$ . Магний гидроксидінің таза судағы және  $0,001 \text{ М } KOH$  ерітіндісіндегі ерігіштігін табыңыздар.

9.  $BaCO_3$  ерігіштігі  $8,4 \cdot 10^{-5} \text{ моль/л}$ . Барий карбонатының ерігіштік көбейтіндісін есептеңіздер.

10. Көлемі 500 мл  $PbF_2$  қаныққан ерітіндісінде 245 мг еріген зат бар.  $PbF_2$  ерігіштік көбейтіндісін есептеңіздер.

11. Қорғасын бромидінің  $25^\circ C$  кезіндегі ерігіштігі  $1,32 \cdot 10^{-2} \text{ моль/л}$ . Осы тұздың ерігіштік көбейтіндісін есептеңіздер.

12.  $18^\circ C$  кезінде 500мл суда 0,0166 г  $Ag_2CrO_4$  ериді. Бұл тұздың ерігіштік көбейтіндісі нешеге тең?

13. Массасы 1,16 г  $PbI_2$  еруі үшін 2 л су қажет. Тұздың ерігіштік көбейтіндісін табыңыздар.

14. Температурасы  $100^\circ C$  кезінде  $EK (AgCl) = 1,4 \cdot 10^{-4}$ . Қайнаған судағы  $AgCl$  ерігіштігін табыңыздар.

15. Температурасы  $25^\circ C$  кезінде  $EK (Pb_3(PO_4)_2) = 1,5 \cdot 10^{-32}$ . Осы тұздың ерігіштігі (г/л) және осы температурадағы қаныққан ерітіндідегі әрбір ионның молярлық концентрациясы қандай?

16. Бөлме температурасында  $PbI_2$  және  $Ca_3(PO_4)_2$  ерігіштігі сәйкесінше  $6,5 \cdot 10^{-4}$  моль/л және  $1,7 \cdot 10^{-3}$  г/л. Осы тұздардың ЕК нешеге тең?

17. Көлемі 1 мл кальций сульфаты қаныққан ерітіндісінде массасы 0,408 мг тұз бар. ЕК ( $CaSO_4$ ) табыңыздар.

18. Концентрациясы 0,1 моль/л  $Pb(NO_3)_2$  ерітіндісінен хромат-ионының  $CrO_4^{2-}$  қандай концентрациясында  $PbCrO_4$  тұнбасының түзілуі басталады?

19. Қаныққан ерітінділердің қайсысында  $ZnS$  немесе  $CdS$  сульфид-иондарының концентрациясы жоғары және неше есеге?

20. Қорғасын карбонатының ерігіштік көбейтіндісі  $1,5 \cdot 10^{-13}$ . 1л  $PbCO_3$  қаныққан ерітіндісіндегі  $Pb^{2+}$  иондарының массасын миллиграмм өлшемімен есептеңіздер.

21.  $SrF_2$  ерігіштік көбейтіндісі  $3,4 \cdot 10^{-9}$  тең. Тұнбаны 600 мл сумен шайғанда ерітіндіге өтетін  $Sr^{2+}$  ионының массасын миллиграмм өлшемімен есептеңіздер.

22.  $MnS$  ерігіштік көбейтіндісі  $1,1 \cdot 10^{-15}$ , 0,1н 100 мл  $MnSO_4$  ерітіндісіне 0,2н 50 мл  $(NH_4)_2S$  ерітіндісін қосқанда тұнбаға түспеген  $Mn^{2+}$  ионының массасын миллиграмм өлшемімен есептеңіздер.

23. Егер бірінші ерітіндінің көлемі 100 мл, ал екінші ерітіндінің көлемі 50 мл болса, концентрациясы 0,5 моль/л  $NaCl$  және концентрациясы 0,1 моль/л  $AgNO_3$  ерітінділерін араластырғанда  $AgCl$  қандай массада бөлінеді?

24. Концентрациясы 0,2 моль/л көлемі 100 мл  $H_2SO_4$  ерітіндісін эквивалентінің молярлық концентрациясы 0,2 моль/л  $BaCl_2$  ерітіндісіне осындай көлемде қосса  $BaSO_4$  тұнбасы түзіле ме? Қосылған күкірт қышқылы эквиваленттік мөлшерде ме немесе артық па?

25. Көлемі 125 мл  $PbSO_4$  қаныққан ерітіндісіне көлемі 5л 0,5%-тік  $H_2SO_4$  ерітіндісі қосылған. Бұдан  $Pb^{2+}$  ионының концентрациясы және ерігіштігі қалай өзгереді?

26.  $BaSO_4$  тұнуы үшін 0,99 г  $BaCl_2 \cdot 2H_2O$  кристаллогидраты суда ерітілді. Ол үшін эквивалентінің молярлық концентрациясы 0,12 моль/л болатын  $H_2SO_4$  ерітіндісінің қандай көлемі қажет?

27. Барий сульфаты тұнбасын концентрленген сода ерітіндісімен қайнатқан кезде ерігіштігі жоғары карбонат  $BaCO_3$  түзіледі. Алмасу реакциясы жүру үшін  $CO_3^{2-}$  иондарының концентрациясы  $SO_4^{2-}$  иондарының концентрациясынан неше есеге жоғары болу керек?

28. Массалары 0,5 г  $PbCl_2$  және  $BaSO_4$  көлемі 100 мл сумен шайылған. Егер шайылған суды қаныққан ерітіндінің тұнбасында деп есептесек, шығын қандай массалық үлеспен есептеледі?

29. Таза судағы және концентрациясы 0,1 моль/л сода ерітіндісіндегі  $CaCO_3$  ерігіштігін (г/л) есептеп салыстырыңыздар

30.  $CaC_2O_4$  тұнбасы көлемі 250 мл 1%-тік  $(NH_4)_2C_2O_4$  ерітіндісімен шайылды. Тұнбадан оны шаю сұйықтығымен еріткенде тұнбада тепе-теңдік жүйені түзеді деп есептесек, онда  $Ca^{2+}$  ионының қандай массасы жоғалады? Тұз ерітіндісін сумен алмастырғанда бұл шығын неше есеге артады?

### Жауаптары:

1.  $0,63 \cdot 10^{-6}$  моль/л. 2.  $4,8 \cdot 10^{-7}$  моль/л. 3.  $0,65 \cdot 10^{-3}$  моль/л. 4.  $3,2 \cdot 10^{-2}$ ;  $1,6 \cdot 10^{-2}$  моль/л. 5.  $2,30 \cdot 10^{-4}$  және  $1,15 \cdot 10^{-4}$  моль/л. 6.  $1,14 \cdot 10^{-3}$ ,  $3,42 \cdot 10^{-3}$  және  $2,28 \cdot 10^{-3}$  моль/л. 7.  $1,154 \cdot 10^{-4}$  моль/л. 8.  $3,4 \cdot 10^{-5}$  моль/л. 9.  $7,05 \cdot 10^{-9}$  моль/л. 10.  $3,2 \cdot 10^{-8}$  моль/л. 11.  $9,2 \cdot 10^{-6}$ . 12.  $4 \cdot 10^{-12}$ . 13.  $8 \cdot 10^{-9}$ . 14.  $1,2 \cdot 10^{-2}$  моль/л. 15.  $1,37 \cdot 10^{-4}$  г/л;  $5,08 \cdot 10^{-7}$  және  $3,39 \cdot 10^{-7}$  моль/л. 16.  $1,1 \cdot 10^{-9}$  және  $2,0 \cdot 10^{-29}$  моль/л. 17.  $9,0 \cdot 10^{-6}$ . 18.  $1,8 \cdot 10^{-13}$  моль/л. 19.  $ZnS$  ерітіндісінде, 200 есе. 20. 0,08 мг. 21. 50 мг. 22.  $2,7 \cdot 10^{-4}$ . 23. 0,7175. 24.  $H_2SO_4$  ерітіндісінің 50 мл артық мөлшерінде. 25. 16 есе азаяды. 26. 67,7 мл. 27. 50 есе. 28.  $PbCl_2$  толығымен ериді;  $BaSO_4$   $2,33 \cdot 10^{-4}$  г. 29.  $7 \cdot 10^{-3}$  және  $4,8 \cdot 10^{-6}$  г/л. 30.  $0,22 \cdot 10^{-6}$  г.

1. Глинка Н.Л. Задачи и упражнения по общей химии. – М.: Юрайт, 2014. – 236 с.

2. Любимова Н.Б. Вопросы и задачи по общей и неорганической химии. – М.: Высшая школа, 1990. – 351 с.

3. Батлер Дж. Ионные равновесия. - Л.: Химия, 1973. – 448 с.

4. Ардашникова Е.И., Мазо Г.Н., Тамм М.Е. Сборник задач по неорганической химии. – М.: Академия, 2008. – 208 с.

5. Гольбрайх З.Е., Маслов Е.И. Сборник задач и упражнений по химии. – М.: Высшая школа, 1998. – 384 с.

### Аннотация

#### Методика решения задач по теме «Произведение растворимости»

**Бекишев К.** - профессор, д.п.н, **Ізгілік А.** – магистрант факультета химии и химический технологии, Казахский национальный университет имени аль – Фараби

В статье кратко обсуждаются теоретические вопросы и методы решения типовых расчетных задач, а также приведена подборка задач для самостоятельной работы по теме «Произведение растворимости» учебного модуля «Ионные равновесия», широко применяемые в учебном процессе курса общей и неорганической химии для высших учебных заведений. Приведены также значения произведений растворимости при 25<sup>0</sup>С некоторых часто встречающихся на практике малорастворимых электролитов необходимых для использования при самостоятельном решении задач. Типовые задачи с образцами решений полностью охватывает основные типы задач по сложности. Решая задачи для самостоятельной работы студенты сами могут проверить степень освоения данной темы..

**Ключевые слова:** ионные равновесия, насыщенный раствор, растворимость, произведение растворимости, образование осадка и растворение осадка.

### Summary

#### Methods of solving tasks on the theme of «Solubility product»

**Bekishev K.** – doctor of pedagogical Sciences, professor, **Izgilik A.** – master of the faculty of chemical and chemical technology, Al-Farabi Kazakh national university

The article is provide theoretical questions and methods of solutions type of tasks. As well as select of tasks for self-work on theme “Solubility products” in learning module “Ionic equilibrium” which are used in learning process of course General and Inorganic Chemistry for High Education. Also given are the values of solubility products at 25<sup>0</sup>С certain common practice of slightly soluble electrolytes required for use in self-work tasks. Typical problems with sample solutions fully covers the main types of tasks complexity. Solving tasks for self - work of the students themselves can check the degree of mastery of the subject.

**Key words:** Ionic equilibrium, saturated solution, solubility, solubility product, the formation of the precipitated and dissolving the precipitated.

ӘОЖ 502/504

### «ЖАЛПЫ ЖӘНЕ БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ» КУРСЫН БИОЛОГИЯ МАМАНДЫҚТАРЫ ҮШІН ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ

**Түгелбаева Л.М.**- доцент, х.ғ.к., [tugelbaeva-leila@mail.ru](mailto:tugelbaeva-leila@mail.ru),

**Ашкеева Р.К.** - доцент, х.ғ.к., [redrover2011@mail.ru](mailto:redrover2011@mail.ru),

**Бердибекова А.С.**- химия магистранты, [aika\\_rauan@mail.ru](mailto:aika_rauan@mail.ru)  
ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

**Аннотация.** Бұл мақалада соңғы уақытта өзекті болып отырған биология және биотехнология факультетінің студенттеріне арналған «Жалпы және бейорганикалық химия» курсы экологияландырудың мәселесі қарастырылған. Бұл жұмыста азот топшасын биология мамандығының студенттері үшін экологияландыру жайлы мәліметтер келтірілген. Азот оксидінің қоршаған ортаға әсері туралы деректер берілген, сонымен қатар атмосферада негізгі улы лаптауышы болып табылатындығы зерттелген. Сонымен қатар бұл мақалада азот қышқылы мен нитраттар, нитриттерді де экологияландырып түсіндірілген және азот қышқылы туралы экологияландырып мәліметтер берілген. Мысалы айтар болсақ, азот топшасындағы көрсетілген элементтердің биологиялық жүйедегі маңызы нақты қарастырылған, бұл топшаға негізгі азоттың қосылыстары кіреді және олар биосфераның маңызды биогенді элементтері болып табылады. Төменде көрсетілген мысалдарда антропогенді және табиғи жолдармен қоршаған ортаны азот қосылыстарымен (оксидтері, аммиактар, қышқылдары, тұздары және т.б.) ластануын және олардың табиғатқа тигізетін кері әсері (озон қабатының бұзылуы, топырақтың, судың қышқылдануы, нитриттер мен нитраттардың азық-түлікке түсуі және олардың тірі организмге әсері) туралы мәліметтер келтірілген. Азот оксидінен тұратын, атмосфераны шығын газдардан тазалайтын персульфатты әдіс те қарастырылған. Берілген мәліметтер бойынша студенттердің білімдерін тексеру үшін және мәліметтерді бекіту мақсатында тақырыпқа арналған сұрақтар берілген.

**Түйін сөздер:** экология, экологиялық білім, пәндерді экологияландыру, азот, азот тыңайтқыштары, аммиак, азот оксиді, азот қышқылы, азотты қышқыл, персульфатты әдіс, нитриттер мен нитраттар, азот, пероксиацетилнитрат, ауаны тазарту, биогенді элемент, биологиялық жүйе, биосфера, шығын газдар.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау мәселесі ғылыми деңгейден саяси деңгейге көтерілуде. Оның маңызды аспектілерінің бірі адамдардың экологиялық ойлау қабілетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа экологиялық іс-әрекет пен экологиялық сананы қалыптастыру мақсатында экологиялық білім берудің орны ерекше. Экологиялық білім беру және оның белсенді, әрі экологиялық іс-әрекетке айналуының жаңа жолдарын ойластыру өте маңызды істердің бірі болып табылады. Егеменді еліміздің болашағы дарынды, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күні жоғары оқу орындарының алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді мамандар тәрбиелеп шығару[1].

«Жалпы және бейорганикалық химия» курсына оқытуда, студенттердің тек ғылымның негізін ғана біліп қоймай, ғылыми таным әдістерін, қазіргі заманғы өндірістің, техниканың, адамға тұрмыстық қызмет көрсетудің практикалық тәсілдері мен икемділіктерін игере білуі және экологиялық білімдерін жетілдіруі керек [2].

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және мәдени жаңару жағдайында ЖОО-да «Жалпы және бейорганикалық химия» курсынан берік химиялық және экологиялық білімдерін қалыптастыру, олардың ойлау қабілеттерін дамыту жалпы білім берудің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Жаңа химиялық, экологиялық, өндірістік-техникалық ақпараттардың үнемі ұлғайып отырған көлемі студенттердің көптеген теориялар мен заңдарды, түсініктерді меңгеруін қажет етеді. Биология мамандығындағы студенттердің химиялық білім деңгейін көтерудің мүмкін жолдарының бірі «Жалпы және бейорганикалық химия» курсына экологияландыру болып табылады[5]. Сонымен қатар, биология мамандықтары үшін химиялық білімді меңгеруге экологиялық компоненттердің әсерін зерттеу, химиялық және экологиялық білімдерді бүтіндей біртұтас жүйе ретінде қарастыру мәселесі маңызды да, өзекті.

Өкінішке орай, ЖОО-да биология мамандығына химиялық білімдер жүйесін терең меңгеруге «Жалпы және бейорганикалық химия» курсы мазмұнының экологиялық компоненттерінің әсерін зерттеудің жеткіліксіздігі, химиялық және экологиялық білімдердің жүйесін өзара байланысты қарастырудың қажеттілігі мен бұл мәселенің әдістемелік әдебиеттерде жеткіліксіз талдануы болып отыр [3].

ЖОО-да студенттерге экологиялық білім мен тәрбие беру күрделі педагогикалық үдеріс, сондықтан оқу үдерісі кезінде белгілі бір пәннің бағдарламасы сол талаптарды ескере отырып, қарастыру арқылы жүзеге асырылады [4]. Сол себепті, ЖОО-да «Жалпы және бейорганикалық химия» курсына экологиялық білім берудің теориялық негіздерін саралап, білім берудің әдістемелік аспектілерін айқындау қажет. Химиялық білімдерді меңгеруге көмектесетін экологиялық мазмұнның әсерін нақты көрсететін «Жалпы және бейорганикалық химия» курсының тақырыптарын таңдау және таңдалған тақырыптар бойынша химияны оқуға ынталандыруды және химиялық білімдерді меңгеруді күшейтуге экологиялық компоненттердің әсерін зерттеу мақсатында педагогикалық зерттеу жүргізіліп, төменде көрсетілген тақырыптарға экологиялық мәселелерді кіріктіре отырып түсіндіру көзделді.

«Жалпы және бейорганикалық химия» курсына оқыту барысында биосфераға адамзаттың өте күшті химиялық әсер етуінің нәтижесінде пайда болған экологиялық мәселелерге ерекше көңіл аудару қажет. Химиялық элементтер мен олардың қосылыстарын қарастырғанда және олардың табиғаттағы орнын сипаттағанда, студенттер ортаның абиотикалық факторлары ретінде топырақ, ауа, судың химиялық құрамы туралы біледі, яғни «Азот топшасын» экологияландырып сипаттау арқылы бұл элементтің барлық тірі ағзаға қажетті екендігін, адам ағзасындағы мөлшері 3 % жуық болатындығын біледі. Ол биологиялық жүйелердің құрылымын жасайтын және олардың жұмысын реттейтін ақуыз және нуклеин қышқылдарының, сонымен қатар гемоглобин, хлорофилл және витаминдердің құрамына кіреді. Азоттың көп бөлігі атмосферада бос күйінде болады (азот – ауаның негізгі құраушысы: 75,6 % масса бойынша, 78,09 % көлем бойынша). Құрлықтың биомассасының 10 млрд. т жуық азот, ал гидросферада 300 млн. т.

Сонымен қатар, көптеген ағзалар атмосферадағы молекулалық азотты сіңіре алмайды. Оның себебі азот молекуласының ерекше беріктігінде. Табиғатты химиялық байланыстарды үзуді бактериялар (анығырақ айтатын болсақ, олардың құрамындағы ферменттер) жүзеге асырады. Бір ферменттер молекулалық азотты аммиакка айналдырады, келесі бірі оны тотығу дәрежесі +1 ден +5 ке дейін болатын қосылыстарға дейін тотықтырады. Үшіншілерінің қатысуымен байланысқан азоттың барлығы дерлік молекулалық күйде атмосфераға қайтады, және аз бөлігі ғана байланысқан

күйде топырақта және тірі ғзаларда қалады. Бұл айналулар азоттың табиғаттағы айналымын негізін құрайды.

Азоттың қандай қасиеттері оның биогенді екенін анықтады? Ең алдымен салыстырмалы атомдық массасының (14,0067) аз, атом радиусының кіші болуы, сутек және көміртекпен берік ковалентті полності байланыс түзу қабілетінің болуында. Мысалы, көміртекпен азот көпір – C – N – C – тәрізді берік байланыс немесе еселі байланыс  $N \equiv C$  – түзеді. Еселі байланыс түзуі биогендік қасиеттерінің бірі болып табылады.

Адамның денсаулығына қоршаған табиғи орта жағдайларының әсері зор. Адамға дем алатын ауаның күнделікті пайдаланатын ауыз судың, тағамның таза болуының маңызы ерекше. Адамның мұқият ойланбай жасаған кейбір іс әрекеттері денсаулығына зиянды. Мысалы, аммиактың қоршаған ортаға түсетін негізгі көзі – азоттаушы комбинаттар, аммоний тұздары және азот қышқылын өндіретін кәсіпорындар, коксохимиялық зауыттар және мал фермалары болып табылады. Физиологиялық әсері бойынша аммиак зиянсыз емес. Көп көлемде ол ағаш өсімдіктердің фотосинтезін төмендетеді, қарақұмық, орамжапырақ, күнбағыс және қызанақтарды зақымдайды; балықтардың қанының гемоглобин түзілу қабілетін төмендетеді, оттекті байланыстырады және кейбір балықтардың эмбриональді дамуын тежейді. Аммиактан тазартылмаған қалдық суларды кәсіпорындардың тастауы салдарынан балықтар уланып, көп жағдайда олардың өлуіне алып келеді.

Сонымен бірге, аммиак артық мөлшерде жануарлардың өкпесінің қабынуына және олардың өліміне алып келуі мүмкін. Газтәрізді аммиак жануарларға терісі арқылы еніп, бауыр ферменттерінің жұмысын төмендетеді, дене салмағының өсуіне кедергі жасайды. Сонымен қатар адам да аммиакқа сезімтал болады. Онымен улану жоғарғы тыныс жолдарының тітіркенуі, бас ауруы, көздің ашытуы секілді белгілермен сипатталады. Аммиак ерітіндісі көзге тиген жағдайда оның қабынуына алып келеді, және  $NH_4^+$  ионы көз пердесі арқылы енуі мүмкін. Яғни, адам ағзасына аммиактың әкелетін зардаптарын біле отыра, студенттер бұл білімді болашақ маман ретінде олардың алдын алу жолдарын қарастыра отырып, пайдалану мүмкіндіктері болады.

Келесі зерттеулер азоттың атмосферада кездесетін қосылыстары – азот оксидтерінің алыну жолдары мен химиялық қасиеттерін экологиялық тұрғыда қарастыру болады. Азот (II) және (I) оксиді табиғи жолмен найзағай зарядынан, вулкан атқылауынан, топырақтағы бактериялар жұмысының салдарынан түзіледі. Бұл оксидтердің табиғи түрде жылдық жаһандық түзілуі 1100 млн. тоннаға жуық, бұл антропогендік көздер арқылы түзілген азот оксидтеріне қарағанда әлдеқайда көп.

Азот оксидтерінің қоршаған ортаға түсуінің көздері – қазба отындарының жануы, азот және күкірт қышқылдарының өндірісі, сүрлемдіктің бактериялық ыдырауы. Атмосфераға жыл сайын 50 млн. тонна азот оксидтері отынның жану өнімдерімен бірге және 25 млн. тонна химиялық өндірістің қалдықтарымен тасталады.

Автокөліктердің қаладағы қозғалысының қарқындылығының өсуімен азот (II) оксидінің концентрациясы айтарлықтай ұлғаюда. Күннің шығуы азот (II) оксидінің фотохимиялық тотығуының салдарынан азот (IV) оксидінің жиналуымен жүреді. Азот оксидтері атмосферада жағымсыз жағдайларды туғызатын улы ластаушы болып табылады. Күрделі фотохимиялық реакция тізбектерінде азот оксидтерімен бірге автокөліктердің шығынды газдарының құрамындағы көмірсутектер де қатысады. Бұл кезде атмосферада, ыңғайсыз метеорологиялық жағдайда фотохимиялық күйікті туғызатын пероксидтердің жиналуы жүреді.


Бұл процестің мәнін келесі схема арқылы түсіндіруге болады:

Азот оксиді + көмірсулар → пероксиацетилнитрат (ПАН) + озон

Бұл екі затта – ПАН және озон – жасаурататын әсерге ие, адамның тыныс алу жолдарын тітіркендіреді. Сонымен қатар олар өсімдіктер үшін аса улы: озон жапырақтардың тыныс алуын күшейтеді, нәтижесінде олар қурап өледі, ал ПАН фотосинтездің кейбір реакцияларына кедергі жасайды және ол өсімдіктердің қоректік заттарды синтездеуінің төмендетіп өлуіне алып келеді.


Азот оксидтері минералды тыңайтқыш өндірістерінің жұмысшыларының ауыз қуысын зақымдайды: сонымен қатар тіс эмальдерінің химиялық некрозы, ондағы кальцидің азаюы және бейорганикалық фосфор, пародонтоз анықталған.

Шығынды газдарды азот оксидінен тазарту үшін табиғи газбен жоғары температурада каталитикалық тотықсыздандыру және төмен температурада аммиакпен тотықсыздандыру арқылы тазалайды.





Тазалау дәрежесі айтарлықтай жоғары, оксидтердің мөлшері 0,005 % дейін кемиді. Бірақ, сонымен қатар бағалы химиялық заттар қайтымсыз жойылады, серік газдардағы азот оксидтерінің орнына басқа зиянды компоненттер (көміртек (II) оксиді, аммиак) бөлінеді. Шығын газдарды тазалаудың тиімді әдістерінің бірі – персульфатты әдіс қолданылған. Бұл әдістің мәні аммиакпен қанықтырылған аммоний персульфатының ерітіндісінің азот оксидін сіңіруіне негізделген:



Алынған аммонийдің сульфатнитраты күрделі тыңайтқыш ретінде қолданылуы мүмкін.

Келесі мәселе, «азот қышқылының» қоршаған ортаға әсерін экологияландырып қарастырамыз. Қоршаған ортаға азот қышқылы тоқыма, полиграфия, машина жасау өндірістерінің қалдық сулары арқылы түседі.

Азот қышқылының буы азот (IV) оксидіне қарағанда улылығы 25 % артық. Азот қышқылының ауада тұман түрінде болуы адамдардың тыныс жолдарының тітіркенуіне, тіс эмалінің, көз пердешесінің зақымдалуына алып келеді; неврологиялық бұзылу болуы мүмкін, асқазан-ішек жұмысының бұзылуы, улы гепатитке әкеледі.

Адамдардың шаруашылық қызметі қазіргі кезде биосфераны ластаушылардың негізгі көзі болып отыр. Табиғи ортаға күн сайын, сағат сайын өнеркәсіптің газ тәріздес, сұйық және қатты қалдықтары түсіп отырады. Осы қалдықтардағы әр түрлі химиялық заттар ауаға, суға және топыраққа түсіп, бір трофикалық тізбектен екіншісіне өте отырып, соңынан адам организміне келіп түседі. Мәселен, нитриттер мен нитраттар көп мөлшерде топырақта, суда, тағамдық өнімдерде жинақталуы мүмкін. Бұл жағдайға құрамында азоты бар тыңайтқыштарды қолдану, мал өсіру кешендерінің қалдықтары, канализациялық ағын сулар және т.б. себеп бола алады. Нитриттердің көп мөлшері химико-фармацевтикалық, тоқыма өндірістерінің қалдық суларының құрамында болады.

Нитриттердің адам және жылықанды жануарлардың ағзасындағы артық мөлшері тамырлардың кеңейуіне, қанда метгемоглобиннің түзілуіне және эритроциттердің мембраналарын зақымдалуына алып келеді. Асқазан ішек жолында нитриттер мен аминдерден нитрозаминнің эндогенді түзілуі мүмкін.

Нитриттермен уланған кезде адамда қатты бас ауруы, құлақтағы шу, бас айналу, жүрек айну, құсу, артериалды қысымның төмендеуі, тыныс алудың бұзылуы секілді белгілері байқалады.

Ауыл шаруашылығына химияны қолданудың бір көрінісі, мысалы, нитраттар тыңайтқыш ретінде қолданылады. Натрий және калий нитраттары азық-түлік өнеркәсібінде консервант ретінде қолданылады. Өсімдіктер азотты нитрат және аммоний түрінде байланысқан күйде қабылдайды. Нитраттар азоттың тотыққан түрі болып табылады және олар өсімдіктермен  $\text{NH}_2^-$  (осы күйде азот аминқышқылдармен ақуыздарды құрамына кіреді)дейін тотықсыздануы керек. Нитраттардың тотықсыздану процесінің негізгі бөлігі жапырақта жүреді, тек аз мөлшерде ғана тамыр жүйесінде жүреді.

Топырақ азотты нитратты сорбцияламайды, сондықтан оны жер асты сулары шайып кетеді. Ол газтәрізді күйге оңай тотықсызданады ( $\text{NH}_3, \text{N}_2, \text{N}_2\text{O}$ ), сондықтан өсімдіктерге қолжетімсіз болады. Осы себепті өсімдіктердің азоттық қорекке қажеттілігі жоғары.

Өсімдіктер топырақтағы азотты 25-83 % жуығын сіңіреді. Бірақ тыңайтқыштарды үнемі артық мөлшерде қолданады, нәтижесінде беттік ағын сулардағы азоттың мөлшері 40 тпн 5500 мг/л дейін болады, яғни топырақты азотпен артық қанықтыру нитраттар және аммиакпен топырақты ғана емес су тоғандарын да ластайды.

Жер асты суларының ластану деңгейі топырақтың өзін өзі тазалау қабілетіне де тәуелді, ол онда минералдық және органикалық коллоидтардың болуына байланысты.

Нитраттардың қауіптілігі олардың ортадағы мөлшерімен ғана емес, олардың нитриттерге дейін тотықсыздануға жағдай болуына да байланысты болады (ылғалдың артық немесе кем болуы, күн радиациясының қарқындылығы және т.б.). Адамдардың құрамында нитраттың көп мөлшері бар тағамдармен ауыр тағамдық уланулары жиі кездеседі, көбіне қауынмен улану кездеседі. Ауылшаруашылығындағы малдардың нитраттардың артық мөлшері бар жемді жегеннен жаппай қырылған жағдайларда кездескен. Күйісті малдар нитраттарға сезімтал келеді, себебі оларда метгемоглобиннің түзілуі басқа жануарларға қарағанда қарқынды.

Адам ағзасына түсетін 90 мг нитраттардың 70 % көкөністермен, 20 % сумен, 6 % етпен және консервіленген тағамдармен келеді. Жылыжайда өсірілген көкөністерде ашық жерде өсірілген көкөністерге қарағанда нитраттың мөлшері көп болады. Нитраттың жоғары концентрациясы салат,

шпинат, ақжелкен, балдыркөк, қызылша, орамжапырақ, аскөкке тән. Көкөністерді сақтау кезінде, әсіресе бөлме температурасында, нитраттардың нитритке айналуы жүруі мүмкін.

Асқазан ішек жолдарында нитраттардың бір бөлігі өзгеріссіз сіңіріледі, ал қалған бөлігі онда микроорганизмдердің болуы, рН мәні және т.б., әлдеқайда улы нитриттерге, аммиак және гидроксилламинге, сонымен қатар жоғары канцерогенді және мутагенді заттарға дейін тотықсыздануы мүмкін.

Дегенмен нитратты тыңайтқыштарды қолдану топырақтың өнімділігін арттырудың маңызды әдістерінің бірі болып табылады. Егін өнімділігінің артуының 50% әдетте тыңайтқыштардың әсерінен болады, ал 25% дәннің сұрыпына, 25% өсіру технологиясына байланысты. Тәжірибелер нәтижесі бойынша 1 кг тыңайтқыш әсерінен дұрыс қолданған жағдайда бидай 6-8 кг, жүгері 8-10 кг, қант қызылшасы 30-40 кг, 28-30 кг картоп өнімділігінің артуына алып келеді. Минералды тыңайтқыштардың әсерінен өсімдіктерде адам және жануардың маңызды тағамдық бөлігіне жататын ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер жинақталады.

Бүкіл әлемде тыңайтқыштарды өндірудің көлемінің өсуіне байланысты, бұл топырақтың өнімділігіне, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін бе деген сұрақ туындауы мүмкін. Минералды тыңайтқыштармен жұмыс істеу кезінде (өндіру, тасымалдау, сақтау және қолдану) ғылыми негізделген заңдылықтар мен әдістерге сүйене отырып жұмыс жасамау, табиғи айналымның бұзылуына, өнімнің сапасының нашарлауына алып келеді.

Азотты тыңайтқыштардың артық мөлшерін енгізу барысында нақты факторлармен (топырақтың және ауаның ылғалдылығының аздығы, жоғары температура, фосфорға, калий, молибден және т.б. элементтердің тапшылығы,) бірге өсімдіктерде нитраттардың жиналуына алып келуі мүмкін. Көкөністердегі нитраттардың артық мөлшерде болуы олардың сапасының төмендеуіне, дәмінің өзгеруіне алып келеді. Мысалы картоп түйіндерінде олардағы крахмалдың мөлшері азаяды, ауруға бейім болады, мұндай түйіндер нашар сақталады.

Қоршаған ортаның нитраттардың әсерінен ластануын азайту үшін оны дұрыс қолдану, сақтау, мөлшерлеу, жоғары концентрлі тыңайтқыштарды қолдану маңызды болып табылады. Ең алдымен бұл топырақта тез өзгеріске ұшырайтын тыңайтқыштарға қатысты. Тақырып бойынша берілген мәліметтерді бекіту мақсатында студенттерге төмендегідей тапсырмалар беріледі:

1. Азот молекуласының электрондық формуласын жазыңыз. Химиялық байланыстың түрін көрсетіңіз. Молекулалық азотты неліктен өсімдік және жануар ағзалары сіңіре алмайтындығын түсіндіріңіз?

2. Топырақта түзілетін аммиактың одан оңай шайылып кететіндігін қалай түсіндіруге болады? Сәйкес реакция теңдеулерін келтіріңіз.

3. Қосылыстардағы азоттың тотығу дәрежесін анықтаңыз  $N_2O$ ,  $NO$ ,  $N_2O_3$ ,  $NO_2$ . Не үшін бұл заттарды қоршаған ортаны ластаушы ретінде қарастырады? Олардың көздері қандай? Аталған қосылыстардың тірі ағзаларға ең қауіптісі қайсысы?

4. Фотохимиялық смок дегеніміз не? Ол қандай жағдайда түзіледі? Адамға қандай зиян тигізуі мүмкін?

5. Құрамында азот оксидтері бар өнеркәсіптік газдарды тазалау негізіндегі реакция теңдеулерін жазыңыз.

6. Азот қышқылын өндіретін зауыттарға жақын аймақтағы топырақпен судың қышқылданғанын қалай анықтауға болады? Осы үдерісті көрсететін реакция теңдеуін келтіріңіз.

7. Қалдық сулардағы азот қышқылының шекті рауалы концентрациясы 30-35 мг/л. Осындай ерітіндідегі азот қышқылының массалық үлесін анықтаңыз.

8. Өсімдіктер азотты қандай ион күйінде сіңіреді? Осы иондар бар заттардың диссоциация теңдеуін жазыңыз.

9. Келесі заттарды тыңайтқыш ретінде қолданғанда топырақтың қышқылдығы қалай өзгереді? а) аммоний сульфаты; б) кальций нитраты; в) аммоний нитраты; Жауапты негіздеңіз.

10. Орташа өнімділікте бір маусымда 1 г жерге 75 кг азотқа дейін қолданылады. Өсімдік қорегіне қажетті 20 % жуық азот топырақта табиғи жолмен қайтарылатын ескеретін болсақ, онда аммоний нитратының қандай мөлшері мұндай шығынды толықтыра алады.

11. Адам ағзасына нитраттардың келу жолдарын көрсетіңіз. Олардың ағзадағы жиналуының салдары қандай?

12. Азот тыңайтқыштарын артық мөлшерде қолданудың экологиялық салдарын суреттейтін схема жасаңыз.

Қорыта келгенде, қазіргі кезеңде студенттердің «Жалпы және бейорганикалық химия» курсына оқытуда білім берудің жоғарғы деңгейіне қол жеткізу үшін химиялық білім беруді дамытуда айқындалған жалпы әлемдік тенденциялардың бірі - бұл химиялық білім берудің мазмұнын экологияландыру болып табылады. Тақырыпты түсіндіруде басқа жаратылыстану ғылымдарымен байланыстыру қоршаған ортаны қорғау үшін болашақ биология мамандықтарының студенттерін дайындауда зор септігін тигізеді деген ойдамыз.

1. Әлімқұлова Э.Ж. Химияны пән аралық байланыс арқылы оқытуда студенттердің экологиялық білімін қалыптастыру әдістемесі. Пед.ғыл.канд. автореф. –Алматы, 2003.

2. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы студентті дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 жыл.

3. Байбурова О.Р. Разработка модульных программ на основе проблемно-ориентированного обучения // Сб.: Инновации и современные технологии в системе образования: материалы международной научно-практической конференции 20-21 февраля 2011 года. – Пенза – Ереван – Щадринск: Научно-издательский центр «Социосфера», 2011. – 317 с.

4. Қазақстан Республикасында 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздікті сақтау туралы тұжырымдамасы. – Астана, 2004.

5. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі. – Алматы: Юрист, 2007. – 85 б.

#### Аннотация

**Экологизация курса «Общей и неорганической химии» для биологических специальностей.**

**Тугелбаева Л.М.**-доцент, к.х.н., [tugelbaeva-leila@mail.ru](mailto:tugelbaeva-leila@mail.ru)

**Ашкеева Р.К.** - доцент, к.х.н., [redrover2011@mail.ru](mailto:redrover2011@mail.ru)

**Бердибекова А.С.**-магистрант химии, [aika\\_rauan@mail.ru](mailto:aika_rauan@mail.ru)

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби

В статье в последнее время рассматриваются актуальные вопросы экологизации курса «Общей и неорганической химии» для студентов факультета биологии и биотехнологии. Для студентов биологических специальностей в работе приведены сведения об экологизации группы азота. Приведены данные влияния оксидов азота на окружающую среду, а также их влияния в атмосфере как основного токсического загрязнителя. А так же объясняется экологизация азотной кислоты, нитратов и нитритов и данный экологизированные сведения попадания азотной кислоты в окружающую среду. На примере подгруппы азота подробно рассмотрены значения в биологических системах элементов, входящих в эту подгруппу, основные соединения азота, как важнейшего биогенного элемента биосферы. Приведены основные природные и антропогенные источники загрязнения окружающей среды соединениями азота (оксиды, аммиак, кислоты, их соли и др.), их влияние на нее и негативные последствия, вызываемые этими соединениями (разрушение озонового слоя, закисление почв, водоемов, избыточное поступление нитратов и нитритов в продукты питания, влияние на живой организм). Рассмотрен персульфатный метод очистки атмосферы от выхлопных газов, содержащих оксиды азота. Для проверки полученных знаний студентами и их закрепления по каждой теме приводятся вопросы экологического содержания.

**Ключевые слова:** экология, экологическое знание, экологизация курса, азот, азотные удобрения, аммиак, оксиды азота, азотная кислота, азотистая кислота, персульфатный метод, нитриты и нитраты, озон, пероксиацетилнитрат, очистка атмосферы, биогенный элемент, биологическая система, биосфера, выхлопные газы.

#### Summary

**Ecological diversion of the course «General and inorganic chemistry» for biological specialties.**

**Tugelbaeva LM** Candidate of chemical science, associate professor of Kazakh National University after al-

Farabi, [tugelbaeva-leila@mail.ru](mailto:tugelbaeva-leila@mail.ru) **Ashkeeva RK** Candidate of chemical science, associate professor of

Kazakh National University after al- Farabi, [redrover2011@mail.ru](mailto:redrover2011@mail.ru) **Berdibekova AS** Chemistry graduate

student of Kazakh National University after al- Farabi, [aika\\_rauan@mail.ru](mailto:aika_rauan@mail.ru)

The paper recently discussed topical issues of greening the course "General and Inorganic Chemistry" for students of the Faculty of Biology and Biotechnology. For students of biological specialties in the work provides information about greening group nitrogen. The data of the effect of nitrogen oxides on the

environment, as well as their influence as a major toxic pollutant. We investigated the greening of nitric acid, nitrates and nitrites. Dunns ecologized contact details of nitric acid into the environment. For example Pnictogen detail the importance in biological systems, the elements included in this subgroup, the basic nitrogen compounds, as an essential nutrient element of the biosphere. The main natural and anthropogenic sources of pollution with nitrogen compounds (oxides, ammonia, acids, salts and others.), Their influence on her, and the negative effects caused by these compounds (ozone depletion, acidification of soils, water bodies, excessive intake of nitrates and nitrites in food, the impact on the living organism). Considered persulfate method of cleaning the atmosphere from exhaust gases containing nitrogen oxides. To test the knowledge gained by students and their fastening on each theme are issues of environmental content.

**Keywords:** ecology, environmental knowledge, the greening of course, nitrogen, nitrogen fertilizers, ammonia, nitrogen oxides, nitric acid, nitrous acid, persulfate method, nitrites and nitrates, ozone, peroksiatsetilnitrat, clean air, nutrients, biological system, the biosphere, the exhaust gases.

ӘОЖ 541.128; 541.13

### ХИМИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ЭНЕРГЕТИКАСЫ КУРСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕСЕПТЕУЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Далабаева Н.С. - доцент м.а., х.ғ.к., [nursain@mail.ru](mailto:nursain@mail.ru),  
Колбай А.А.- химия магистрі, [kolbai.arailym@mail.ru](mailto:kolbai.arailym@mail.ru),  
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Аннотация.** Мақалада заттың молярлы және жану жылуын, ішкі энергия өзгерісін, бейтараптану реакциясының жылу өзгерісін, ерітіндінің температурасының артуын, металдардың молярлы массасын табудың, заттардың жылу сыйымдылығын, соңғы температураны табуы, энергияның бөлінуін анықтайтын есептердің шығарылу жолдары қарастырылған. Сондай – ақ, есептеуге қажетті химиялық теңдеулер мен формулалар келтірілген. Әрбір келтірілген химиялық формулалардың параметрлеріне талдау жүргізілген. Есептің шешімін табу үшін әрқайсысына әртүрлі формулалар қолданылып, мысалдармен көрсетілген. Талдау жүргізілгеннен кейін есептің шешу жолы қарастырылған. Химиялық үдерістердің энергетикасы курсы бойынша күрделі есептерді шығару барысында студенттердің бойында ақпараттық, проблеманың шешімін табу және қарым - қатынас күзiреттiлiктердiң қалыптасатындығы болжанған.

**Түйін сөздер:**калориметр, ішкі энергия; бейтараптану жылуы; жану жылуы; жылу сыйымдылық; температура, химиялық реакцияның жылу эффектісі.

Білім беру үдерісін жақсартудың мақсатының бірі – «Қазақстан-2050» стратегиясына сәйкес қолжетімді және сапалы білім беруді дамыту, құзыретті, функциялық сауатты тұлға қалыптастыру болып табылады.

Сапалы білім беруді дамытудың бірден бір жолы теориялық білім мен практиканы ұштастыру болып табылса, функциялық сауатты тұлға қалыптастыру үшін білім алушының біліміне ғана емес оның білігі, дағдысы және күзiреттiлiгiне назар аударылады. Химияда білік пен дағды эксперименттік есептерді шешуде және тәжірибе жүргізу барысында қалыптасады. Есептер химияның мазмұнына сәйкес құрастырылатын болғандықтан, студентке мазмұндағы әрбір ұғымдар мен терминдердің мағынасын жетік игеру басты міндет болып табылады. Осыған сәйкес химиялық үдерістердің энергетикасы элективті курсы көптеген химиялық үдерістердің жылу бөле немесе сіңіре жүретіндігін зерттейтін болғандықтан қажетті есептеулер жүйесіне аса назар аудару керек. Бұл мақалада энергетика үдерісіне қажетті бірнеше есептердің шығару жолдары қарастырылып түсіндірілген. Бұл есептеулерді шешу барында білім алушылар теорияны терең түсінгендігін дәлелдеуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар теорияны түсініп қана қоймай оларды практикада қолдана алады.

#### Ішкі энергия өзгерісін анықтауға арналған есептің шығарылу жолы

**Мысалы,**

1 атм қысымда, 25°C температурада 2 моль СО жанғанда 2 моль СО<sub>2</sub> түзілудің ішкі энергия өзгерісін (ΔE) анықтандар, ΔH<sub>x.p.</sub> = - 566 кДж.

**Берілгені:**

P = 1 атм

t = 25°C = 298 K

$$n(\text{CO}) = 2 \text{ моль}$$

$$n(\text{CO}_2) = 2 \text{ моль}$$

$$\Delta H_{\text{х.р}} = - 566 \text{ кДж.}$$

Т/к:  $\Delta E$  – ?

Есептің шешімін табу үшін алдымен талдау жүргіземіз, яғни есептеуге керекті химиялық реакция теңдеулері мен формулаларды қарастырамыз:

**Талдау:**

$$2\text{CO} + \text{O}_2 = 2\text{CO}_2$$

$$\Delta E = \Delta H_{\text{х.р}} - \Delta n \cdot R \cdot T$$

$$\Delta n = n_{\text{баст.зат}} - n_{\text{өнім}}$$

$$T = t + 273 \text{ К}$$

**Формуладағы:**

$\Delta n$  – бастапқы зат пен өнімнің зат мөлшері;  
 $R$  – универсал газ, 8,3145 Дж (моль·К);  
 $T$  – температура 273 К.

Талдау жүргізіліп болғаннан кейін есептің шешу жолын қарастырамыз:

**Шешуі:**

$$\Delta n = 3 - 2 = 1$$

$$T = 25^\circ\text{C} + 273 \text{ К} = 298 \text{ К}$$

$$\Delta E = - 566 \text{ кДж} - 8,3145 \text{ моль} \cdot \text{К} \cdot 298 \text{ К} = - 566 \text{ кДж} - 2477,7 \text{ моль} = - 3043,7 \text{ кДж/моль}$$

**Сонымен жауабы:**  $\Delta E = - 3043 \text{ кДж/моль}$

### Жану және молярлы жану жылуын табуға арналған есептердің шығарылу жолдары

**Мысалы,**

Массасы 1,435  $\text{C}_{10}\text{H}_8$  нафталинді тұрақты көлемдегі калориметрде жандырғанда сәйкесінше судың температурасы  $20,17^\circ\text{C}$ -дан  $25,84^\circ\text{C}$  дейін жоғарылайды. Егер калориметрдің жылу сыйымдылығы  $10,17 \text{ кДж/}^\circ\text{C}$  болса, нафталиннің жану жылуын және молярлы жану жылуын анықтаңыз.

**Берілгені:**

$$m(\text{C}_{10}\text{H}_8) = 1,435 \text{ г}$$

$$T_6 = 20,17^\circ\text{C}$$

$$T_c = 25,84^\circ\text{C}$$

$$C_{\text{кал.}} = 10,17 \text{ кДж/}^\circ\text{C}$$

Т/к:  $q_{\text{х.р}}$  – ?  
 $\Delta H$  – ?

Есептің шешімін табу үшін алдымен талдау жүргіземіз, яғни есептеуге керекті реакция теңдеулері мен формулаларды қарастырамыз:

**Талдау:**

$$\text{C}_{10}\text{H}_8 + 12\text{O}_2 = 10\text{CO}_2 + 4\text{H}_2\text{O}$$

$$n = m/M$$

$$-q_{\text{х.р}} = q_{\text{кал.}} = C_{\text{кал.}} \Delta t$$

$$\Delta T = T_c - T_6$$

$$\Delta H = q_{\text{х.р}}/n$$

**Формуладағы:**

$C_{\text{кал.}}$  – калориметрдің жылу сыйымдылығы;  
 $T_c - T_6$  – бастапқы және соңғы температура;  
 $n$  – заттың мөлшері.

Талдау жүргізіліп болғаннан кейін есептің шешу жолын қарастырамыз:

**Шешуі:**

$$n = 1,435 \text{ г} / 128 \text{ г/моль} = 0,01 \text{ моль}$$

$$-q_{\text{х.р}} = 10,17 \text{ кДж/}^\circ\text{C} (25,84^\circ\text{C} - 20,17^\circ\text{C}) = - 57,66 \text{ кДж}$$

$$\Delta H = - 57,66 \text{ кДж} / 0,01 \text{ моль} = - 5766,39 \text{ кДж/моль}$$

**Сонымен жауабы:**  $\Delta H = - 5766,39 \text{ кДж/моль}$   
 $q_{\text{х.р}} = - 57,66 \text{ кДж}$

Массасы 1,922 метанолды ( $\text{CH}_3\text{OH}$ ) тұрақты көлемдегі бомбалық калориметрде жандырады. Сәйкесінше судың температурасы  $4,20^\circ\text{C}$  температураға өседі. Егер калориметрдің жылу сыйымдылығы  $10,4 \text{ кДж/}^\circ\text{C}$  болса, метанолдың молярлы жылуын есептеңіз.

**Берілгені:**

$$m(\text{CH}_3\text{OH}) = 1,922 \text{ г}$$


$$\Delta T = 4,20^\circ\text{C}$$

$$C_{\text{кал.}} = 10,4 \text{ кДж/}^\circ\text{C}$$

Т/к:  $\Delta H$  – ?

Есептің шешімін табу үшін алдымен талдау жүргіземіз, яғни есептеуге керекті реакция теңдеулері мен формулаларды қарастырамыз:

**Талдау:**



$$n = m/M$$

$$-q_{x.p} = C \cdot \Delta T$$

$$-q_{x.p} = q_{\text{кал.}} = C_{\text{кал.}} \Delta T$$

$$\Delta H = q_{x.p}/n$$

Талдау жүргізіліп болғаннан кейін есептің шешу жолын қарастырамыз:

**Шешуі:**

$$n = 1,922 \text{ г} / 32 \text{ г/моль} = 0,06 \text{ моль}$$

$$-q_{x.p} = 10,4 \text{ кДж/}^\circ\text{C} \cdot 4,20^\circ\text{C} = -43,68 \text{ кДж}$$

$$\Delta H = -43,68 \text{ кДж} / 0,06 \text{ моль} = -728 \text{ кДж/моль}$$

**Сонымен жауабы:**  $\Delta H = -728 \text{ кДж/моль}$

**Формуладағы:**

$C_{\text{кал.}}$  – калориметрдің жылу сыйымдылығы;

$\Delta T$  – бастапқы және соңғы температура;

$n$  – заттың мөлшері.

### Бейтараптану реакцияның жылу өзгерісін есептеуге арналған еептердің шығарылу жолдары

**Мысалы,**

Көлемі  $1,00 \cdot 10^2$  мл концентрациясы  $0,500\text{M}$   $\text{HCl}$  ерітіндісін көлемі  $1,00 \cdot 10^2$  мл концентрациясы  $0,500\text{M}$   $\text{NaOH}$  ерітіндісімен тұрақты қысымды калориметрде араластырады. Екі ерітіндінің бастапқы температуралары бірдей  $22,50^\circ\text{C}$  және екі ерітінді араласқаннан кейінгі ерітіндінің соңғы температурасы  $25,86^\circ\text{C}$  тең. Бейтараптану реакцияның жылу өзгерісін есептеңіз, реакция теңдеуін жазыңыз. Ерітіндінің жылу сыйымдылығы  $4,18 \text{ Дж/г} \cdot ^\circ\text{C}$ .

**Берілгені:**

$$V(\text{HCl}) = 1,00 \cdot 10^2 \text{ мл} = 0,1 \text{ л}$$

$$C(\text{HCl}) = 0,500\text{M}$$

$$V(\text{NaOH}) = 1,00 \cdot 10^2 \text{ мл} = 0,1 \text{ л}$$

$$C(\text{NaOH}) = 0,500 \text{ M}$$

$$T_6 = 22,50^\circ\text{C}$$


$$T_c = 25,86^\circ\text{C}$$

$$C = 4,18 \text{ Дж/г} \cdot ^\circ\text{C}$$

Т/к:  $\Delta H$  – ?

Есептің шешімін табу үшін алдымен талдау жүргіземіз, яғни есептеуге керекті реакция теңдеулері мен формулаларды қарастырамыз:

**Талдау:**



$$\Delta T = T_c - T_6$$

$$V_{\text{ж}} = 200 \text{ мл}$$

$$m_{\text{ж}} = V_{\text{ж}} \cdot 1 \text{ г/мл}$$

$$n(\text{NaOH}) = V \cdot C$$

$$-q_{x.p} = q_{\text{ер-і}} + q_{\text{кал.}}$$

$$-q_{x.p} = m_{\text{ж}} \cdot C \cdot \Delta T$$

$$\Delta H = q_{x.p}/n$$

$$M = [\text{моль/л}]$$

Талдау жүргізіліп болғаннан кейін есептің шешу жолын қарастырамыз:

**Шешуі:**

$$\Delta T = 25,86^\circ\text{C} - 22,50^\circ\text{C} = 3,36^\circ\text{C}$$

$$m_{\text{ж}} = 200 \text{ мл} \cdot 1 \text{ г/мл} = 200 \text{ г}$$

$$n(\text{NaOH}) = 0,1000 \text{ л} \cdot 0,5000 \text{ моль/л} = 0,05 \text{ моль}$$

$$-q_{x.p} = 200 \text{ г} \cdot 4,18 \text{ Дж/г} \cdot ^\circ\text{C} \cdot 3,36^\circ\text{C} = -2808,96 \text{ Дж}$$

$$\Delta H = -2808,96 \text{ Дж} / 0,05 \text{ моль} = -56179,2 \text{ Дж/моль} = -56,18 \text{ кДж/моль}$$

**Сонымен жауабы:**  $\Delta H = -56,18 \text{ кДж/моль}$

**Формуладағы:**

$C_{\text{кал.}}$  – калориметрдің жылу сыйымдылығы;

$C_{\text{ер-і}}$  – ерітіндінің жылу сыйымдылығы;

$\Delta T = T_c - T_6$  – бастапқы және соңғы температура;

$V_{\text{ж}}$  – жалпы көлем;

$m_{\text{ж}}$  – жалпы масса.

Массасы 35,6г этанолды (C<sub>2</sub>H<sub>5</sub>OH) жылу сыйымдылығы 23,3кДж/°С бомбалық калориметрде жандырады. Егер температура 35°С – дан 76°С-ға өссе, ΔH<sub>х.р</sub> шамасы қандай болатынын есептеңіз. Этанолдың молекулалық массасы 46,07 г/моль

**Берілгені:**

$$m(\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}) = 35,6 \text{ г}$$

$$T_6 = 35^\circ\text{C}$$

$$T_c = 76^\circ\text{C}$$


$$C = 23,3\text{кДж}/^\circ\text{C}$$

$$M_r(\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}) = 46,07 \text{ г/моль}$$

$$T/\text{к}: \Delta H_{\text{х.р}} - ?$$

Есептің шешімін табу үшін алдымен талдау жүргіземіз, яғни есептеуге керекті реакция теңдеулері мен формулаларды қарастырамыз:

**Талдау:**



$$-q_{\text{х.р}} = q_{\text{кал}} = C_{\text{кал}} \cdot \Delta T$$

$$\Delta T = T_c - T_6$$

$$n = m/M$$

$$\Delta H = q_{\text{кал}}/n$$

Талдау жүргізіліп болғаннан кейін есептің шешу жолын қарастырамыз:

**Шешуі:**

$$\Delta T = 76^\circ\text{C} - 35^\circ\text{C} = 41^\circ\text{C}$$

$$n = 35,6/46,07 = 0,77 \text{ моль}$$

$$-q_{\text{кал}} = 23,3\text{кДж}/^\circ\text{C} \cdot 41^\circ\text{C} = -955,3 \text{ кДж}$$

$$\Delta H = -955,3 \text{ кДж}/0,77 \text{ моль} = 1240,6 \text{ кДж/моль}$$

$$\text{Сонымен жауабы: } \Delta H = -1240,6 \text{ кДж/моль}$$

**Формуладағы:**

C<sub>кал.</sub> – калориметрдің жылу сыйымдылығы;

ΔT = T<sub>c</sub> – T<sub>6</sub> – бастапқы және соңғы температура;

n – зат мөлшері.

Төменде келтірілген мәліметтерді қолдана отырып, ΔH<sub>х.р</sub> анықтаңыз. Химиялық реакция теңдеуін жазыңыз, теңестіріңіз. Нәтижені талқылаңыз. Δ<sub>f</sub>H<sub>Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub>(s)</sub> = -824кДж/моль, Δ<sub>f</sub>H<sub>Fe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>(s)</sub> = -1118кДж/моль, Δ<sub>f</sub>H<sub>CO(g)</sub> = -111кДж/моль, Δ<sub>f</sub>H<sub>CO<sub>2</sub>(g)</sub> = -394кДж/моль

**Берілгені:**

$$\Delta_f H_{\text{Fe}_2\text{O}_3(\text{s})} = -824\text{кДж/моль}$$

$$\Delta_f H_{\text{Fe}_2\text{O}_4(\text{s})} = -1118\text{кДж/моль}$$


$$\Delta_f H_{\text{CO}(\text{g})} = -111\text{кДж/моль}$$

$$\Delta_f H_{\text{CO}_2(\text{g})} = -394\text{кДж/моль}$$

$$T/\text{к}: \Delta H_{\text{х.р}} - ?$$

Есептің шешімін табу үшін алдымен талдау жүргіземіз, яғни есептеуге керекті реакция теңдеулері мен формулаларды қарастырамыз:

**Талдау:**



$$\Delta H_{\text{х.р}} = 2\Delta_f H_{\text{өнім}} - \Delta_f H_{\text{б.з}}$$

**Формуладағы:**

2Δ<sub>f</sub>H<sub>б.з</sub> – бастапқы заттың түзілу жылуы;

Δ<sub>f</sub>H<sub>өнім</sub> – өнімнің түзілу жылуы.

Талдау жүргізіліп болғаннан кейін есептің шешу жолын қарастырамыз:

**Шешуі:**

$$\Delta H_{\text{х.р}} = (2 \cdot (-1118) - 394) - (3 \cdot (-824) - 111) = -2630 + 2583 = -47 \text{ кДж/моль}$$

$$\text{Сонымен жауабы: } \Delta H_{\text{х.р}} = -47 \text{ кДж/моль}$$

**Ерітіндінің температурасының артуын анықтауға арналған есептің шығарылу жолы**

**Мысалы,**

Тығыздығы 1,10 г/мл, жылу сыйымдылығы 4,10Дж/г°С, көлемі 25 мл NaOH ерітінді 1674 Дж жылу сіңіреді. Ерітіндінің температурасы қаншаға өскенін есептеңіз.

**Берілгені:**

$$\rho = 1,10 \text{ г/мл}$$

$$C = 4,10\text{Дж}/\text{г}^\circ\text{C}$$

$$V(\text{NaOH}) = 25 \text{ мл}$$

$$q = 1674 \text{ Дж}$$

---

$$T/\text{К}: \Delta T - ?$$

Есептің шешімін табу үшін алдымен талдау жүргіземіз, яғни есептеуге керекті реакция теңдеулері мен формулаларды қарастырамыз:

**Талдау:**

$$q = m \cdot C \cdot \Delta t$$

$$\Delta T = q/m \cdot C$$

$$m = \rho \cdot V$$

**Формуладағы:**

$m$  – NaOH – массасы.

Талдау жүргізіліп болғаннан кейін есептің шешу жолын қарастырамыз:

**Шешуі:**

$$m = 1,10 \text{ г/мл} \cdot 25 \text{ мл} = 27,5 \text{ г}$$

Экологиялық геоморфологияның тарихы терең. Кейбір ескі кітаптар мен мәліметтерде қоныстанған жердің жер бедері адамдардың денсаулығына әсері жайлы деректер келтірілген, сондықтан олар ең алдымен қоныстанатын жердің бедеріне аса қатты назар аударған. Сол кездегі патшалықтар таулармен қоршалған жазықта орналасқанын, таудан ағып келетін сумен бүкіл елді қамтамасыз етілгендігі жайлы, жер мен ауаның жұмсақтығы қатерлі аурулардың басылуына себеп болғандығы жазылған. Гиппократ елді мекендердің іргесін қалар алдында адамдардың желдің бағытын және күннің шығуын, қандай суды қолданатынын, яғни: батпақты, қатты немесе жұмсақ, таудан ағып келетін және жер астынан шығатын не тұзды, пайдалануға жармайтын,



сонымен қатар жердің қандай екендігіне тақыр, сусыздығына, немесе нулы, суармалылығына мән беретіндігін жазған.

Ғылымның экология және антропология бағыты географиялық ортаның адамға, экономикаға, техникаға, саяси құрылымға және адам психикасына әсерін зерттейді. XIX-XX ғасырлардың тоғысында адамның, техниканың, экономиканың табиғатқа әсерін зерттеу қарқынды дамыды. Адам және жер бедері бір-біріне жан-жақты әсер етеді. Ежелден-ақ жер бедері адамның шаруашылық әрекетін анықтайды және оған қоныстану сипаты мен миграция тәуелді. Қазіргі таңда техникалық ілгерілеуге қарамай жер бедері адамға және оның шаруашылық әрекетіне әсер етуде. Жер бедері мен бедерқұрылымында экологияның ролі зор. Мысалы ластанған заттардың таралуы мен миграциясы жер бедерімен тығыз байланысты. Қауіпті және жағымсыз геоморфологиялық үдерістер үлкен мәнге ие. Олардан кейбірі адамдарға және олардың шаруашылық әрекетіндегі нысандарға зиянын тигізеді. Қазіргі экологиялық геоморфологиялық жағдай қысқа мерзімде өзінің дамуының белгілі сатыларынан өтті. Оның даму тарихынан екі кезеңді анық көруге болады: 1) бірінші кезең-білім салаларының қалыптасуы. Бұл кезеңде геоморфологтар сирек кездесетін мәселелерге баса назар аудару қажеттігін сезінді. 2) екінші кезең-арнайы экологиялық геоморфологиялық зерттеулерді және жаңа әдістерді жаппай дамыту.

Жер бедерінің қалыптасу мен даму еркшелігін экологиялық тұрғыдан бағалау мен болжам жасау экологиялық геоморфологияның басты міндеті. Бұдан «экологиялық әдіс» түсінігінің мазмұнын айқындау қажет. Экологиялық әдіс адамның қоршаған ортасын, жер бедерінің заттық құрамын, құрылымын және оның әрекетінің осы ортаға әсерін талдау және бағалау болып табылады. Жүйелік талдау әдісі бойынша экологиялық геоморфологияның зерттеу нысаны болып әр түрлі деңгейдегі күрделі динамикалық бірлестіктегі экологиялық-геоморфологиялық жүйелер табылады. Жердің беткі қабатындағы әртүрлі табиғи-антропогендік өзгерістер белгілі бір литоморфты кеңістікте дамиды. Экологиялық-геоморфологияның зерттеу нысаны ретінде экологиялық-геоморфологиялық жүйелерді бөлудің бірнеше әдістері бар: 1) Бассейндік әдіс ластанған заттардың миграциясы тұтас бассейндік құрылымдарға бағынғандықтан Ю.Г. Симонов өзен жүйесінің шегінде эрозиялық-денудациялық жүйені ұсынады. 2) Геотопологиялық әдіс, яғни А.Н. Ласточкинның бұл әдісі, табиғи-территориялық жүйенің беткі қабатының литогендік негізінің жағдайын көрсетеді. 3) Морфокұрылымдық әдіс-құрылымдық-морфологиялық жүйелер экзогендік және антропогендік фактормен бірге морфокұрылымның белсенді жүруінің нәтижесінде экзогендік және эндогендік үдерістердің өзара қарама-қайшы сублимацияланған көрінісі. В.И. Кружалин күрделі экологиялық мәселелердің шешімі жер бедерінің экологиялық ролін «адам-шаруашылық-табиғат» күрделі жүйесі айналасында бағалаудан тұрады деп есептейді [4]. Экологиялық-геоморфологиялық жүйелерді анықтауда жер бедері мен адам арасындағы байланыс, жер бедерімен шаруашылық арасындағы және жер бедері мен табиғи территориялық компоненттер арасындағы байланыстар қарастырылады. Экологиялық-геоморфологиялық жүйені бөлу принципі, ең алдымен, бедер түзілуінің геологиялық-геоморфологиялық және климаттық факторларына, сонымен қатар нақты бір аймақтың шаруашылықты игеру сипатына байланысты. Экологиялық-геоморфологиялық жағдай-табиғи және антропогендік факторлардың өзара әрекеттілік нәтижесі. Экологиялық-геоморфологиялық жүйелер бір-бірімен әр түрлі құрамдары бойынша өлшемі, күрделілігі (жер бедерінің элементі-жер бедерінің пішіні-жер бедер пішіндерінің кешені) дамуы (нақты нәтижеге әкелетін жер бедер түзуші механизм), динамикасы (эволюция жылдамдығы) бойынша ерекшеленеді.

Экологиялық-геоморфологиялық зерттеуде аумақтық этноәлеуметтік жүйе қызметі мен құрылымдық ерекшелігіне жер бедерінің әсері ерекше орын алады. Егер этноәлеуметтік жүйенің қызметі мен құрылымына жер бедерінің жанама әсерін қарастырсақ, онда әрине халықтың демографиялық және медициналық географиясының көрсеткіштерін көруге болады. Экологиялық тұрғыдан мұнда бірінші кезекте халықтың денсаулық деңгейіне назар аударған жөн. Адамның ауруына өзі өмір сүретін аумақтың ландшафттық ерекшелігі де әсер етеді. Бұдан адамның денсаулық жағдайы мен жер бедері арасында жанама байланыс бар деп тұжырымдауға болады. Бұл байланысты экологиялық-геоморфологиялық жүйе зерттейді [5].

Алматы облысы тау алды аймақтары биіктік деңгейі бойынша *орташатаулы аймақ*, яғни теңіз деңгейінен 1100-1600 метр биік, бұл аймаққа Іле, Еңбекшіқазақ, Талғар және Ұйғыр аудандары жатады. *Төмен таулы аймақтарға* биіктігі теңіз деңгейінен 850-1200 метр, яғни Қарасай ауданы, Іле, Талғар аудандарының кейбір бөліктері және биіктігі теңіз деңгейінен 750-900 метр биіктегі аймақтарға Іле Алатауының тау алды аймақтары жатады.

Тау алды аймақтарда экологиялық ластанудың дәрежесі төмен. Дегенмен, ауа алабының негізгі техногендік ластаушы көзі ретінде Алматы қаласы экологияға және іргелес аудандардың шаруашылық көлемінің нашарлауына едәуір әсер етеді. Ластанған аудандарға жылу электр кешендері орналасқан Қарасай және Іле аудандары болып отыр. Бұл аудандар жалпы шығындылардың 70% құрайды.

*Ауданның негізгі экологиялық мәселелері:*

- Лас ауа мен ағынды суларды тазалаудың жеткіліксіз деңгейде болуы;
- Суландыру жүйесінің қанағаттанарлықсыз жағдайы су ресурстарын жөнсіз пайдалануға алып келді;
- Қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттардың жоқтығына байланысты тұрмыстық қалдық заттарды тастау мәселесі;

Қорыта келе адам қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жасалған шаруашылық іс-әрекеті нәтижесінде қоршаған ортаға зиян келтіріп, нәтижесінде экологиялық мәселелер туындауда. Адам мен оның табиғи өмір сүру ортасы өзара көптеген күрделі құбылыстармен байланысты және бір-біріне белсенді әсер етеді. Адамдардың қарқынды және одан әрі өсіп келе жатқан қызметі қоршаған ортада әр түрлі, жиі жағымсыз өзгерістерге әкеледі, бұл адамзат қоғамында жиі халықтың денсаулығының бұзылуынан көрінетін өзгерістерге септігін тигізеді. Сонымен, адамның шаруашылық іс-әрекетінің дамуы бедердің белгілі бір түрін құруға, бедер құрушы үдерістердің өзгеруіне, айналадағы ортаға үдемелі, көбіне бүлдірушілік сипатта әсер етуде. Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ топырақты, су көздерін, ауаны ластау арқылы жүзеге асуда. Бұл табиғат жағдайының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толмас зардаптар қалдыруда[4].

1. Боранқұлова Д., Сүлейменова Ж. Жербедері – біртұтас табиғи жаралым және оның қасиеттері / География және табиғат. - 2015. -№4. 9-11 б.

2. Coates D.R. Perspectives of environmental geomorphologie // Z. Geomorphologie. 1990. P. 83–117.

3. Евсеев Н.С., Осинцева Н.В. Экологическая геоморфология : учебное пособие. – Томск: Томский государственный университет, 2013. – 184 с.

4. Бексеитова Р.Т., Жумагулова А.М. Экологиялық-геоморфологиялық ортаның антропогендік құрушы факторы //ҚазҰУ хабаршысы. География сериясы.-2012. №2 (35). 8-10 б

5. Кружалин В.И. Экологическая геоморфология суши / Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора географических наук. - Москва, 2000. - 39 с.

## Резюме

**Эколого-геоморфологических систем предгорий Алматинской области**  
**Ж.Ж. Сулейменова**- магистрант 2 курса КазНПУ им.Абая, janna\_\_sul@mail.ru,

В статье представлены эколого-геоморфологическая система предгорий Алматинской области. Экологическая геоморфология – это направление, изучающее взаимосвязи и результаты взаимодействий геоморфологических систем любого ранга с системой экологии человека. Человек и рельеф земной поверхности оказывают всестороннее воздействие друг на друга. Рельеф может по-разному влиять на экологическое состояние территории, улучшая или ухудшая, или оставаясь нейтральным. В настоящее время, несмотря на технический прогресс, рельеф продолжает оказывать различное воздействие на человека и его деятельность. От рельефа и геологического строения территории зависят особенности прокладки и строительства различных инженерных сооружений, добыча полезных ископаемых. Рельеф и рельефообразующие процессы прямо определяют экологические обстановки, рельеф может влиять на них опосредованно, изменяя свойства природной окружающей среды, или прямо оказывая влияние на хозяйство или человека. Велика экологическая роль современного рельефа и рельефообразующих процессов. С рельефом связано распределение и миграция загрязняющих веществ. Большое значение имеют опасные и неблагоприятные геоморфологические процессы. Некоторые из которых причиняет существенный вред человеку и объектам его хозяйственной деятельности. Экологическая геоморфология- новое направление прикладной геоморфологии, изучающее рельеф, его происхождение, возраст и эволюцию, процессы рельефообразования, их роль и функции в сложной системе «природа – хозяйство – население», анализирующее его прямые и обратные связи с остальными компонентами территориальных систем с

целью оптимизации условий жизнедеятельности человека. Исследует все местообитания человека, синтезирует теоретические, практические знания и выводы о рельефе и естественно-исторические знания о взаимодействии рельефа и общества.

Состояния окружающей природной среды в Алматинской области показал, что в результате взаимодействия природных и хозяйственных объектов сформированы определенные эколого-хозяйственные системы. Уровень и характер этого взаимодействия определяет различную степень деградации природной среды и ее ресурсов, проявляется в качественном, количественном состоянии различных экосистем региона.

**Ключевые слова:** рельеф, экологическая геоморфология, экологические проблемы, эколого-геоморфологическая система, метод экологических, эколого-морфологических исследований

### Summary

#### Environmental systems geomorphological foothills Almaty region

**Zh.Zh. Suleimenova-** The Republic of Kazakhstan, Almaty, master's student of KazNPU named after Abai, janna\_sul@mail.ru

The paper presents the ecological and geomorphological state of the foothills of the Almaty region. Environmental geomorphology - this is the direction to study the relationship and the results of interactions geomorphological systems of any rank with the system of human ecology. People and landforms have a full impact on each other. Since ancient times, relief is determined by various human activities, from it depended on the nature of the settlements, migrations. At the present time, in spite of technological progress, relief continues to have different effects on man and his activities. From the topography and geological structure of the dependent features pads and construction of various civil engineering, mining. Great ecological role of modern relief and relief-forming processes. The relief distribution and migration of contaminants. The relief may have different impact on the ecological state of the territory, improve or worsen, or remain neutral. Of great importance are dangerous and unfavorable geomorphological processes. Some of which cause significant harm to humans and the objects of its economic activity. Explore all the habitat man synthesizes theoretical and practical knowledge and findings about the relief and natural-historical knowledge about the interaction of topography and society. State of the environment in the Almaty region has shown that the interaction of natural and economic objects formed certain ecological and economic systems. The level and nature of this interaction determines the different degrees of degradation of the natural environment and its resources, manifested in qualitative, quantitative status of the various ecosystems in the region.

**Keywords:** relief, environmental geomorphology, ecological problems, ecological and geomorphological system, the method of environmental, ecological and morphological studies

## ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН

ӘОЖ:57+37(574)

### БИОЛОГИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Бакирова К.Ш.** - Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.д., профессор,  
**Орынқұл А.Д.** – Биология I курс магистрі  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

**Аннотация.** Ұсынылып отырған мақалада биологиялық тапсырмалар арқылы пәндік құзыреттерді қалыптастыру қарастырылады. Сондай-ақ, «құзырет», «құзыреттілік», «пәндік құзырет» ұғымдарына талдау жасалыны. Пәндік құзыреттер білім беру салаларының мәні мен орнын анықтайтын мақсат болып табылады және күтілетін нәтижелерді анықтауда бағдар береді.

Биология пәніндегі тапсырмалар арқылы пәндік құзыреттерді қалыптастыру білім мазмұны арқылы жүзеге асу керек. Мысалы: мәтінге сүйену: ақпаратты табып, одан білім алу; мәтінді хабарлау кезінде кіріктіре білу және жаңаша түсіндіріп беру (интерпретациялау). Мәтіннен тыс білімге сүйену: мәтін мазмұны мен формасын түсіну және бағалау.

Соның ішінде биологияны оқытудағы оқу түрлерін бөліп қарастырамыз: танысу – негізгі ақпараттарды таба білуге немесе мәтінен негізгі мазмұнды бөліп алуға бағытталады; оқып білу – мәтін мазмұнын жаңаша түсіндіру мақсатында толық нақты ақпаратты таба білу; іздену – қажетті фактіге байланысты нақты ақпараттарды таба білу; рефлексивті (терең оқу) – оқыған мазмұнды талдау, өзінің немесе басқа адамның интеллектуальдық әрекеттері мен эмоционалдық жағдайларын ұғына білу. Сондай-ақ, биологияны оқытудағы оқу түрлеріне жеке-жеке тоқталдық.

Оқудың танысу түріне: жәй ғана қарап шығу емес, ретімен қарау; параграфта жазылған ой туралы жалпы ұғым береді; бірінші және соңғы бөлімді немесе бөлімді толық және іріктеп жеке сөйлемдерді, анықтамаларды, қорытындыларды, параграф соңындағы тапсырмалар мен сұрақтарды оқиды; түсінікті емес сөздердің маңызын биологиялық сөздіктер бойынша нақтылайды; жаңа материалды қабылдауға психологиялық тұрғыдан дайындық жасайды. Оқудың оқып білу түріне: оқу ақпараттарын логикалық тұрғыдан өңдеуге, түсінуге, қабылдауға бағытталған; оқушыларда тілдік білім мен логикалық іскерлікті дамыту қажет: мәтіннің жанама бөліктерін және олардың арасындағы логикалық байланыстарды қабылдау; сөздерді, сөйлемдерді, бөлімдерді түсіну; - оқу мәтіндерін түсіну үшін тәсілдер қолданылады; мәтінге сұрақ қоя білу, логикалық графикалық сызбанұсқалар құру, жоспар құру, тезистер жазу.

**Түйінді сөздер:** құзырет, құзыреттілік, пәндік құзырет, іскерлік, дағды, биологиялық тапсырмалар

Әлемдік білім беру тәжірибесіндегі білім мазмұнын жаңарту үдерісіне назар аударатын болсақ, соңғы оншақты жыл көлемінде алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде дерлік түйінді құзырларды игертуге бетбұрыс жасалғандығы байқалады әрі бұнда әлемнің ғылыми бейнесін түсінуге, рухани байлықты молайтуға, әлеуметтік белсенділікті арттыруға бағдарлану көзделеді.

Құзырлылық тәсілдің шығуына себепші болған проблема бүгінгі таңдағы білім беру мазмұнының «қазіргі заманғы экономика мен өркениеттің сұранысына» сәйкес болмауынан туындап отыр дейді И.Д.Фруммин.

Олай болса, құзырлылық тәсіл – бұл жаппай мектептер мен еңбек нарығының қажеттіліктерін сәйкестікке келтіруге талаптанып жасалған қадам іспеттес. Құзырлылық тәсіл жалпы білім беру мақсаты мен мазмұнын анықтауда мүлдем жаңа нәрсе емес. Біліктерді, іс-әрекет тәсілдерін және, әсіресе, әрекеттің жалпылама тәсілдерін меңгертуге бағдарлану М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Краевский, Г.П.Щедровицкий, В.В.Давыдов сияқты педагогтар мен психологтардың және олардың ізбасарларының еңбектерінде жетекші рольге ие болды.

Эльконин-Давыдовтардың дамыта оқытудың теориясы мен практикасы, шын мәнінде, құзырлылық тәсілдің алғашқы қадамы болды. Соған жақын идеялар Скаткин-Лернер-Краевский дидактикалық мектебінде жасалды, онда білім мазмұнына дербес компоненттер ретінде шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен эмоционалдық қатынастар тәжірибесі енгізілді. Басқаша айтқанда, олар білім және білікпен қатар, білім берудің өзіндік нәтижесі ретіндегі тәжірибе идеясын ұсынды.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары бүгінгі педагогика ғылымында зерттеу деңгейінде ғана мәлім. Сондықтан осы күнге дейін бұл ұғымдардың нақты, соңғы анықтамасы қалыптаспаған. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігінің негізгі дәлелі ретінде танылады.

Шетел сөздерінің сөздігінде «құзыретті» ұғымы құзыреттіліктерге ие – белгілі бір ұйымның, адамның өкілеттігі аясы немесе бір адамның жүргізуі тиіс сұрақтар мен істер аясы деп түсіндіріледі. Competent (франц.) – құзыретті, өкілетті, competents (лат.) – сәйкесті, қабілетті, competence (ағылш.) – қабілет (құзыреттілік) [1].

«Құзыреттілік» ұғымы еңбек әлемінде және өнеркәсіп мекемелерінде пайда болды. «Түйінді құзыреттілік» термині алғаш рет 1992 жылы Еуропа Кеңесінің «Еуропадағы орта білім» жобасында пайда болды. Бұл жобаның міндеті – Еуропа одағының құрамындағы елдерде білім берудің мақсаты мен мазмұнын, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау механизмдерін талдау болды.

Халықаралық еңбек ұйымы жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу және басқарма кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінен өтетін мамандардың біліктілік талаптарының қатарына «түйінді құзыреттіліктер» ұғымын енгізген. Кәсіптік мектепте мамандарды даярлауда түйінді құзыреттіліктер 1990 жылдардан бастап айтылуда.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымының мәнін ашу үшін философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасалды.

Құзыретті философиялық тұрғыдан түсіндіру адамның танымы мен практикасына байланысты жаңалықтар мен жаңа енгізулерге жол ашады, сонымен қатар әрбір сыныпта педагогикалық ситуацияға қойылатын білімділік талаптарын анықтауға мүмкіндік береді [2].

Құзырет (латын сөзі competens – сәйкесті, қабілетті) – орындалатын жұмыстың мәнін, қойылған мақсатқа жетудің тәсілдері мен құралдарын терең және түп-түбіріне дейін білу, сонымен қатар сол жұмысқа сәйкес келетін іскерліктер мен дағдылардың болуы [3].

Жалпымәдениеттілік құзырет – өз бетімен білім алуға, оның барысында пайда болатын танымдық проблемаларды өз бетімен шешуге, өзінің позициясын белгілеуге жеткілікті білімділік деңгейі [4].

Құзырет – нақты пәндік салада нақты әрекетті тиімді орындау үшін қажет болатын спецификалық қабілет және оның қатарына арнайы білімдер, ойлау тәсілдері, өз іс-әрекетіне деген жауапкершілікті түсіну де енеді [5].

Құзырет – өзінің бойындағы белгілі бір білімі мен дағдысы арқылы шешім қабылдауға қатысуға немесе өз бетімен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін лауазым иесінің жеке мүмкіншіліктері, оның біліктілігі (білімі мен тәжірибесі).

«Құзырет» ұғымын автор тұлғаның жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауда өнімді әрекет жасауға және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін күйге жетуімен байланыстырады. Осылайша, «құзырет» - бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет білімге де, дағдыға да жатпайды.

Құзырет – бұл іс-әрекетті, іскерлікті тудыратын нәрсе. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады.

Құзыретті меңгеру оқушының белсенділігіне тәуелді. Жұмыс жасауды үйрену үшін жұмыс жасау керек, қарым-қатынасқа түсуді үйрену үшін қарым-қатынас жөніндегі ғылыми баяндамаларды тыңдаудың пайдасы жоқ. Ағылшын не орыс тілінде сөйлемейінше, оларды меңгеру мүмкін емес. Тек практика жүзінде ғана компьютерде жұмыс жасауды үйренуге болады. Құзыреттің көрінуіне белгілі бір жағдайлардың әсері зор. Құзыретке ие болу дегеніміз сол жағдаятқа өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу.

Соған байланысты, ресей ғалымдарының соның ішінде, А.В.Хуторской, С.Е.Шишов, В.А.Кальней, И.А.Зимняя, Иванов Д.А, О.Е.Лебедев, П.П.Борисовтардың халықаралық зерттеулерінде білім берудегі компетенттілік тәсілдерге әртүрлі анықтама беріп, оның мәселелеріне, ұғымдары мен құралдарына және білім сапасын көтерудегі маңызына тоқталған ауқымды зерттеулері бар. Ал, Қазақстандық ғалымдардың ішінде Ш.Т.Таубаева, М.Ж.Жадрина, К.Ө.Қонақова, Н.Лактионова, Д.М.Қазақбаева, Ш.Ш.Кәрібаева, Қ.Ә.Жұмағұловалар осы аталған ұғымдарға талдау жасай келе төмендегі анықтамаларды ұсынады: «Құзырет дегеніміз оқудың және өздігінен білім арудың нәтижесінде қалыптасатын және тұлғаның өзіндік әлеуетін анықтауына, өзін дара көрсете алуына мүмкіндік беретін, тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген білім, білік пен іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы». Қазіргі таңда оқу үрдісінде оқушыларды өз бетінше ізденуге, өз ойын толық, сауатты түрде жеткізе білуге, сондай-ақ сын тұрғысынан ойлай білуге үйрену

мақсатында биологиялық тапсырмалардың алатын орны ерекше. Ол үшін біз пәндік құзырет ұғымын ашып алуымыз керек [6].

Пәндік құзыреттер білім беру салаларының мәні мен орнын анықтайтын мақсат болып табылады және күтілетін нәтижелерді анықтауда бағдар береді.

Биология пәніндегі тапсырмалар арқылы пәндік құзыреттерді қалыптастыру білім мазмұны арқылы жүзеге асу керек. Мысалы:

1. Мәтінге сүйену: ақпаратты табып, одан білім алу; мәтінді хабарлау кезінде кіріктіре білу және жаңаша түсіндіріп беру (интерпретациялау).

2. Мәтіннен тыс білімге сүйену: мәтін мазмұны мен формасын түсіну және бағалау.

Биологияны оқытудағы оқу түрлерін бөліп қарастырамыз.

– *танысу* – негізгі ақпараттарды таба білуге немесе мәтіннен негізгі мазмұнды бөліп алуға бағытталады;

– оқып білу – мәтін мазмұнын жаңаша түсіндіру мақсатында толық нақты ақпаратты таба білу;

– *іздену* – қажетті фактіге байланысты нақты ақпараттарды таба білу;

– *рефлексивті (терең оқу)* – оқыған мазмұнды талдау, өзінің немесе басқа адамның интеллектуальдық әрекеттері мен эмоционалдық жағдайларын ұғына білу.

Биологияны оқытудағы оқу түрлеріне жеке-жеке тоқталамыз:

Оқудың танысу түріне:

- жәй ғана қарап шығу емес, ретімен қарау;

- параграфта жазылған ой туралы жалпы ұғым береді;

- бірінші және соңғы бөлімді немесе бөлімді толық және іріктеп жеке сөйлемдерді, анықтамаларды, қорытындыларды, параграф соңындағы тапсырмалар мен сұрақтарды оқиды;

- түсінікті емес сөздердің маңызын биологиялық сөздіктер бойынша нақтылайды;

- жаңа материалды қабылдауға психологиялық тұрғыдан дайындық жасайды.

Оқудың оқып білу түріне:

- оқу ақпараттарын логикалық тұрғыдан өңдеуге, түсінуге, қабылдауға бағытталған;

- оқушылардатілдік білім мен логикалық іскерлікті дамытуға қажет:

- мәтіннің жанама бөліктерін және олардың арасындағы логикалық байланыстарды қабылдау; сөздерді, сөйлемдерді, бөлімдерді түсіну;

- оқу мәтіндерін түсіну үшін тәсілдер қолданылады; мәтінге сұрақ қоя білу, логикалық графикалық сызба нұсқалар құру, жоспар құру, тезистер жазу.

Оқудың іздену түріне:

- жылдам оқу;

- оқу құрылымын бағалауға көмектеседі (бөлім, тарау, параграф);

- мазмұнның жаңалығы және күрделілігі туралы жалпы ұғым береді;

- оқушыларға таныс мәліметтерді еске түсіруге көмектеседі, жаңа материалды қабылдауды жеңілдетеді;

- оқулықтың құрылымы туралы жалпы ұғымдар оқушыларға тез бағдарлануға көмектеседі.

Мұқаба беті бойынша іздену:

- оқулықтың бірінші беті;

- оқулықтың міндетті элементі;

- автордың ата-жөні, оқулықтың атауы, баспа, шыққан орны мен жылы;

- кітапханалардан, дүкендерден, Интернет жүйлерінен еңбектерді жылдам табуға көмектеседі.

Ізденуге бағдарлаушы алғы сөз:

- титул бетінің, қарсы бетіне орналасқан;

- өте маңызды биологиялық терминдер курсивпен бөлініп көрсетілген;

- терминдерді оқулық соңында орналасқан алфавиттік пәндік көрсеткіштердің көмегімен табуға болады;

- оқулықтарға зертханалық жұмыстар қосылған.

- қызығушылық танытатындар үшін зерттеушілік жұмыстары;

- жобалау іс-әрекеттері;

- практикалық жұмыстар енгізілген.

*Сұрақтар және өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар:*

- өсімдік және жануарлар әлемі туралы білімді меңгеру, білімін өмірде пайдалану;

- оқулықтан және қосымша әдебиеттерден ақпараттарды табу, интернет-ресурстарды пайдалану;  
- ақпараттарды талдай білу, салыстыру, жалпылау біліктерін дамыту, білімдерін стандарты емес жағдаяттарда пайдалану[7].

Біз, жоғарыда биологияны оқытуда кездесетін оқу түрлеріне талдау жасай отырып, біз білімалушылардың оқулықпен жұмыс істей білуіне көп көңіл бөлу керек деген қорытындыға келдік. Оны ғалым, К.К.Сент-Илердің «...оқулықпен жұмыс істей білуге үлкен көңіл бөлінуі керек, өйткені оқулық материалын оқу басқа мәтіні жеңіл кітапты оқудан елеулі ерекшеленеді. Оқулықты оқи білу балаға бірден оңай соқпайды»-деп жазған ойынан да байқауға болады.

1.Хуторской А. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования. //Народное образование, 2003, №2. – С. 58-64

2. Шишов С.Е., Кальней В.А. Школа: мониторинг качества образования. – М.: Педагогическое общество России, 20007. – С. 73-94

3. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования. //Высшее образование сегодня, 2003, №5. – С. 34-42.

4. П.П.Борисов. Компетентностно-деятельностный подход и модернизация содержания общего образования. //Стандарты и мониторинг в образовании 2003, №1 – С. 58-61.

5.Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Дидактическая характеристика инновационного обучения и перспективы развития образования /Теоретические основы развития школьного образования в Казахстане. – Алматы, 1999. – 215 с.

6. Warner, Beth S. Childrens psychosocial competence and the relationship of peer sociometric status to social, emotional, and academic competence in the home and school. — Dissertation Abstracts International, vol. 56 no.6 - 1995.-P.18-23.

7.Қазақбаева Д.М., Карбаева Ш.Ш. Жұмағұлова Қ.Ә. және т.б. «Жаратылыстану» білім саласы бойынша күтілетін нәтижелер ретіндегі түйінді компетенциялар //География және табиғат, 2005, № 4. – Б. 36-41

## Резюме

### Формирование компетенции по предмету, посредством заданий по биологии

Бакирова К.Ш. - д.п.н., профессор КазНПУ им.Абая

Орынкул А.Д –магистр I курса

Казахский национальный педагогический университет им.Абая, г.Алматы, Казахстан

В статье рассматривается формирование компетенции по предмету, посредством заданий по биологии. Анализированы понятия: «компетенция», «компетентность» и «компетенция по предмету». Также раскрыты характеристики различных видов чтения, которые используются при обучении предмета биология. Знакомительное – направлено на извлечение основной информации или выделение основного содержания текста; изучающее – предполагает извлечение полной и точной информации с последующей интерпретацией содержания текста. Поисковое (просмотровое) – направлено на нахождение конкретной информации, нужного факта. Рефлексивное (вдумчивое) – размышление о содержании прочитанного, осмысление своих и чужих интеллектуальных действий, эмоционального состояния. Знакомительное чтение: более подробное, чем просмотровое; дает общее представление о смысле написанного в параграфе; читают первый и последний абзацы, выборочно отдельные предложения или абзацы целиком, определения, выводы, вопросы и задания в конце параграфа. Значение непонятных слов уточняют в биологическом словаре, что позволяет психологически настроиться на восприятие нового материала. Изучение чтения направлено на восприятие, понимание и логическую переработку учебной информации. У учащихся необходимо развивать языковые знания и логические умения; умение воспринимать смысл частей текста и логические связи между ними; навык понимания слов; предложений; абзацев. Для осмысления учебного текста используют приемы: постановка вопросов к тексту, составление логических графических схем, составление плана, написание тезиса.

**Ключевые слова:** компетенция, компетентность, предметная компетенция, умение, навык, биологические задачи

### The formation of subject competence through biological task

Bakirova K.SH- Ph.D., professor KazNPU Abay

Orynkul A.D –magistr I course

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

The article deals with the formation of subject competence through biological task. Analyze the concept of "competence", "competence" and "substantive competence". Analyze the concept of "competence", "competence" and "substantive competence" Types of reading for teaching introductory biology - is aimed at extracting the basic information or the selection of the main content of the text; who is studying - involves the extraction of complete and

accurate information to the subsequent interpretation of the content of the text; search (the viewing) - aimed at finding specific information desired fact; reflexive (thoughtful) - thinking about the content of reading, comprehension and another's intellectual action, emotional state; Introductory reading: more detailed than the viewing; gives an idea of the meaning of written in the paragraph; read the first and last paragraphs, selectively separate sentences or paragraphs as a whole, determine the findings, questions and exercises at the end of the paragraph; value of incomprehensible words clarify the biological dictionary; mental attitude allows the perception of new. Learn reading is directed to the perception, understanding and logical processing of educational information; need to develop students' language skills and logical skills: the perception of semantic parts of the text, and logical connections between them; understanding of words, sentences, paragraphs; to reflect on the educational text used techniques: asking questions to the text, drawing logical flowchart of a plan, writing a thesis.

**Keywords:** competence, competence, subject specific competences, skills, biological problems

ӘОЖ 378.016:54:004

## ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Нурмаханова Д.Е. - магистрант, [dinanur\\_92@mail.ru](mailto:dinanur_92@mail.ru),

Бекназарова А.Б. – докторант, [ak\\_zhan88@mail.ru](mailto:ak_zhan88@mail.ru),

Мейірова Г.И. - х.э.д. профессор, [meirova\\_g@mail.ru](mailto:meirova_g@mail.ru)

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық Университеті

**Аннотация.** Мақалада қашықтан білім беруде химияны оқыту үрдісін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері қарастырылды. Қашықтан оқыту дәстүрлі оқыту үрдісімен салыстырғанда пәннің оқу-әдістемелік кешені де өзгеше болады. Қашықтан оқытуда оқу-әдістемелік кешен - Желілік оқу – әдістемелік ақпараттық кешен деп аталады. Желілік оқу – әдістемелік ақпараттық кешен ақпараттық қоғамда білім алуға арналған дидактикалық, бағдарламалық технологиялық және техникалық интерактивті кешенді ұсынады. Осы желілік оқу-әдістемелік кешеннің ерекшеліктері мен құрамы қарастырылды. Мақалада оқытушы мен білім алушылар арасындағы өзара әрекет, семинар (вебинар) сабағын желіде синхронды ұйымдастыруды қарастырылып, вебинар сабағының дәстүрлі семинар сабақтарынан айырмашылықтары көрсетіліп, вебинарларды өткізу кезеңдері, вебинар сабақтарын өткізуде қолданылатын оқу құралдары, қажетті бағдарламалар келтірілді. Вебинарлар өткізу құралдарының негізгі айырмашылықтары, вебинар сабағын өткізу үшін қолданылатын тақташалар (аландар) қарастырылды. [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru) бағдарламалық тақташасының негізгі мүмкіндіктері, мәтіндік форуммен жұмыс жасау жолдары көрсетілді. Сабақтың оқу материалдарын дайындап және қатысушыларға жіберу жолдары қарастырылды. Сабақ жоспарында интербелсенді әдіс-тәсілдер қолданылды. Мақалада қашықтан оқытудың Қазақстан Республикасында даму деңгейі қарастырылды. Бірінші кезекте интерактивті оқыту түрі вебинар (семинар) жүргізу әдістемесі зерттелді. «Қаныққан көмірсутектер» тақырыбына [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru) бағдарламалық тақташасында өткізу сценарии жасалды.

**Түйін сөздер:** қашықтан оқыту, желілік оқу – әдістемелік ақпараттық кешен, вебинар, мәтіндік форум, синхронды оқыту, асинхронды оқыту, бағдарламалық аландар.

Қазақстанда қашықтықтан оқыту, бүгінде, 40-тан астам оқу орындарында экспериментті түрде жүргізілуде. Республикада қашықтықтан оқыту бойынша алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының тәжірибесі белгілі. Қашықтықтан оқытудың шетелдік және отандық тәжірибесі көрсеткендей бүгінде аккредитацияланған қашықтықтан оқыту сапа жағынан дәстүрлі оқытудан кем түспейтіні белгілі болып отыр [1,2].

*Қашықтан білім беру* – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай, кешкі және сырттай оқытудың элементтері үйлестірілген ерекше, жетілген түрі. Қашықтан оқыту білім беру үрдісінің тиімді технологияларының бірі болғандықтан білім беру жүйесінің алдында тұрған өзекті мәселені – тұрғындарға сапалы және қолжетімді білім беруді шешу мүмкіндігін туғызады. Қазіргі кезде қашықтан оқытудың екі негізгі тәсілі қолданылады: *синхронды оқыту және асинхронды оқыту*.

Кез-келген қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар қолжетімді болғанның өзінде дәстүрлі оқыту технологиясы мен заманауи желілік технологияны рационалды анықтау маңызды болып табылады.

Виртуалды білім ордасын, арнайы оқытушылардан басқа яғни құраушылармен тьюторлардың көмегі арқылы сапалы білім ресурстарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Курстың ақпараттық негізін ЖОӘАК құрайды.



Желілік оқу – әдістемелік ақпараттық кешен ақпараттық қоғамда білім алуға арналған дидактикалық, бағдарламалы технологиялық және техникалық интерактивті кешенді ұсынады.

ЖОӘАК-тың құрамына мыналар кіреді:

- ✓ Автор жайлы мәліметтер;
- ✓ Курстың жұмыс бағдарламасы;
- ✓ Өзіндік жұмыс курсы бойынша басқа тақырыптарды меңгеруге арналған әдістемелік нұсқау;
- ✓ Тест сұрақтарының базасы
- ✓ Қосымша оқулық ресурстарымен қамтылған электронды кітапхана.

Желілік оқу – әдістемелік ақпараттық кешен, қағаз оқу-әдістемелік кешенге қарағанда өзінің ерекшеліктері бар:

- ✓ Электронды құжаттың түсінігіне барлық бөліктері ең жақсы дәрежеде сай келуі керек және қағаз басылымдарынан жай ғана көшіру келмейді;
- ✓ Тексттік мазмұнның маңызды бөлігі мультимедиялық орын алмасады;
- ✓ Логикалық блоктар арасындағы байланыс гиперсылқаның көмегімен ұйымдастырылады;
- ✓ Тест сұрақтарын құрау барысында көптүрлі электронды тесттің барлық формалары ескеріледі.
- ✓ Кейс түрінде компакт дискіге негізгі мазмұнын жазу мүмкіндігі болу керек.[3].

Қашықтан білім берудің педагогикалық практикада танымал оқыту түрлері қалыптасқан. Олардың ішіндегі ең кең тарағандары: дәрістер, семинарлар, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар және т.б. Біз оқытушы мен білім алушылар арасындағы өзара әрекет, семинар(вебинар) сабағын желіде синхронды ұйымдастыруды қарастырдық. Қашықтықтан оқытудың семинарлары оқу сабақтарының белсенді түрі болып саналады. Семинарлар асинхронды және синхронды режимде де өте береді.

Асинхронды режимде электрондық талқылаулар қолданылады. Асинхронды семинарлардың құндылығы қатысушылардың өзіне ыңғайлы уақытта тілдесуі. Әрбір қатысушы талқыланып жатқан тақырыпты әр кезде біліп алып, қатысуына болады. Оқытушы материалдың меңгерілгенін пікірталас қатысушыларының белсенділігінен біле алады.

Ал синхронды режимде оқытушыға пікірталасты бақылауға оңай түседі. Бірақ синхронды режимде барлық қатысушылардың тілдесуін белгілі бір уақытта өткізілуін талап етеді. Қашықтан оқытуда синхронды семинарларды теледидарлық бейнеконференциялар мен компьютерлік форумдар арқылы өткізуге болады. Педагогикалық аспектке семинарларды бейне конференциялар арқылы өткізу дәстүрліден айырмашылығы жоқ, өйткені қатысушылар бір-бірін компьютер экранының мониторианан немесе теледидардан көре алады. Бейнеконференциялар тәжірибеге сүйенсек, бейімделуге мәжбүрлейді, өйткені қатысушылардың қимылдарынан қатып қалатын кездері болады. Синхронды семинарлардың ымыралы нұсқалы мәтіндік форум болып табылады. Бұл жағынан ол талқылаудың максималды дәрежеде интерактивті болып өтуін қадағалайды, ал екінші жағынан минималды мөлшерде ресурс жұмсауға ықпал етеді. Егер талқылау кезінде графикалық материалдар кең қолданылса, немесе басқа да ақпаратпен алмасқан жағдайда графикалық форумды қорланған жөн. Бұл форум өз бетімен тек тілдесу құралы ғана емес, бірлесу жұмыс құралы ретінде де белгілі [4,5].

Бұл мақалада, біз, қашықтан оқытудың интерактивті түрлерінің бірі вебсеминар сабағын ұйымдастырудың әдістерін қарастырдық. Вебинар – бұл ғаламтор арқылы онлайн түрде өткізілетін семинар. Жүргізуші өзінің компьютерінің алдында, ал қатысушылар дүние жүзінің кез-келген жерінде, үйлерінде немесе өздеріне ыңғайлы жерде компьютерлерінің алдында отырады. Вебинарға қатысу үшін сізге арнайы бағдарламаның қажеті жоқ. Вебинардың басталуына бір күн қалған кезде сіздің электрондық поштаңызға вебинар өткізілетін сайттың сілтемесі жіберіледі.

Әдетте, көптеген қатысушылар, бір рет қатысқаннан кейін, онлайн түрде өткізілетін семинарлардың жаңа мүмкіншіліктерін бағалап, қажет болған жағдайда қатысуға тырысады.

Вебинар немесе веб-семинар – бұл Интернет желісінде өткізілетін on-line сабақ. Қатысушылар сабаққа компьютер алдында білім отырады. Вебинарлар онлайн-презентациялар (Power Point), селл-митингтер, тренингтер, сайттарды синхронды түрде қарауға, видеофайлдар мен суреттерді қарауға, құжаттар мен қосымшаларды (Word, Excel және т.б.) бірлесе қарастыруға мүмкіндік береді. Вебинарға бір адамнан жүз адамға дейін қатыса алады. Вебинарды жүргізуші спикер деп аталады. Сонымен бірге вебинарға қатысушыға құлаққап немесе колонка, Adobe Flash Player бағдарламасы орнатылып, Интернет желісіне қосылған компьютер қажет. Егер қатысушы аудио немесе видеоконференцияларға қатысқысы келген жағдайда микрофон мен веб-камера қажет [6,7].

*Вебинар сабақтарын өткізуде қолданылатын оқу құралдары:*

- ✓ оқулықтар, анықтамалықтар және баспа негізіндегі дидактикалық мәліметтер;
- ✓ дыбыстық құралдар;
- ✓ дыбыстық-бейне құралдары;
- ✓ электрондық оқу құралдары;
- ✓ оқуға арналған компьютерлік бағдарламалар

*Вебинар өткізу кезеңдері:*

- ✓ вебинарға дайындық кезеңі;
- ✓ вебинарды өткізу кезеңі,
- ✓ қорытынды жасау

*I кезең. Вебинарға дайындық кезеңі*

*Хабарландыру.* Вебинар өткізбес бұрын хабарландыру жасалады. Білім алушыларға сабақтың өткізілетін уақыты, өткізілу ұзақтығы, тақырыбы, мақсаты, міндеттері, жүргізушілердің аты-жөні хабарланады.

*Вебинарға тіркелу.* 1 апта бұрын аудиторияға шақыру жіберіледі, сонымен қатар бір күн, бір сағат бұрын ескерту жасалуы қажет.

*Сынақ вебинарын жүргізу.* Веб-камералар, дыбыстық құралдар, презентацияларды көрсету мүмкіндігі, жұмыс кеңістігі жұмысын тексеру үшін сынақ вебинары жүргізіледі. Сынақ вебинары техникалық «ақаулардың» болу мүмкіндігін және трансляция параметрлерін алдын ала икемдеуге мүмкіндік береді.

*Жұмыс кеңістігін ұйымдастыру.* Жұмыс кеңістігі алдын ала дайындалады, яғни веб-камералардың түсіру аймағы таңдалып, жұмыс аймағының жүргізушіге жайлы жабдықталуы қарастырылады.

*Презентация дайындау.* Вебинардың сапалы өткізілуі берілетін материал мен жүргізушінің ықпалына (харизма) байланысты. Слайдтар 20 беттен аспау керек.

*Вебинар ұзақтығы.* Вебинардың ең тиімді өткізілуі ұзақтығы- 50 минут. Соңғы 15 минуты қатысушылардың сұрақ-жауаптарына.

*Оқу материалдарын дайындау және қатысушыларға жіберу.* Қатысушылардың электрондық пошталарына пәннің желілік оқу-әдістемелік ақпараттық кешені жұмыс оқу бағдарламасы, сабақтың тақырыбы, сабақта пайдаланылатын материалдар, тапсырмалар жіберіледі.

## **2 кезең. Вебинарды өткізу**

*Алғашқы 5 минут.* Алғашқы 5-7 ұйымдастыру кезеңі.

*Көмекшінің болуы.* Вебинар кезінде білім алушылар мәтіндік форумда сұрақтар қояды. Мәтіндік форум ашық (қатысушылардың барлығына көрінеді) немесе жабық (тек дүргізушіге) типте болады. Кез келген жағдайда вебинар өткізу үшін көмекші қажет. көмекші техникалық мәселелерді не қатысушылардың сұрақтарын реттеп отырады.

*Қатысушылардың белсенділігі.* Қатысушылардың сабаққа қызғушылығын және назарын арттырудың тиімді тәсілі сабаққа белсенді қатысуы. Білім алушылардың сабаққа ынтасын арттыру үшін сұрақтар қойып, олардың талқылауын қадағалап отыру қажет. Сұрақтар күрделі емес, оңай болады.

*Визуальды сүйемелдеу.* «Тірі» кездесулермен салыстырғанда вебинар жүргізушісінің веб-камералар арқылы вербалсыз қарым-қатынас жасауда туындайтын қиындықтарға байланысты білім алушыларға ықпал етуге мүмкіндігі аз. Тек экранда дауыс немесе презентацияларды визуальды көрсете алады. Сондықтан дәстүрліге қарағанда вебинар презентацияларында көрнекілік ақпараттар көп қолданылады. Дауыс ырғағын қадағалап отырған жөн.

*Сұрақ-жауап.* Мәтіндік форумда қойылатын сұрақтарға жауап беріледі.

**III кезең. Қорытынды жасау.** Бұл кезеңде вебинардың өткізілуін бағанып, қатысушылармен кері байланыс жасалады. Сұрақ-жауап бөлімінде жауапсыз қалған сұрақтар қарастырылады. Қажет болған жағдайда қатысушылардан вебинар тиімділігін анықтау үшін өткізілген сабақты бағалау әдістері қолданылады. Бұл қатемен жұмыс жасауға, сабақтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Вебинарлар өткізу құралдарының негізгі артықшылықтары. Күндізгі оқу түріндегі сияқты, мұғалім презентация дайындап (**PowerPoint, Keynote, Mac-та жасалады**) қатысушыларға жібереді. Вебинар кезінде мультимедиялық тақта орнына флипчарт қолданылады. Қатысушылар ортақ чатқа жазады. Мұғалімге сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдіруге болады. бұдан басқа вебинарлар **видео**

(PPV) и аудиожазбаларды (VoIP) сол уақытта трансляцауға мүмкіндік береді. Вебинар кезінде мұғалім теориясын түсіндіріп жатқанда арым—қатынас жасау қолайлы болуы бөлме (вебинар өткізетін программаны солай атайды) үшін қатысушылар өзара ақпарат алмасып, сол ақпаратты талдай алады.

Электронды алаң (**Whiteboard**) мұғалім мен қатысушыларға ақпаратты жазып алуға да мүмкіндік береді.

Барлық қатысушылар бұл қосымшаны схемалар сызуға, кестелерді толтыру, коммерциялық мәтіндерді жазуға интеллект-карталар сызуға қолдана алады.



### Вебинарлар өткізуге арналған бағдарламалық алаңдар (тақташалар)

- [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru);
- [www.trial.virtualroom.ru](http://www.trial.virtualroom.ru);
- [www.expertsystem.ru](http://www.expertsystem.ru),
- [www.fastwebinar.ru](http://www.fastwebinar.ru).

Вебсеминар сабағын өткізу кезеңдерін талдай келе, біз, Желілік технология бойынша семинар сабағын өткізу тәртібі жобасын жасадық. Мысалы, [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru) бағдарламалық тақтасында сабақ өткізу үшін алдымен сайтқа тіркелу қажет. Тіркеуді аяқтаған соң баптаулар бөліміне кіріп мәліметтерді толтырылады. Икемдеулер аяқталған соң, вебинар құрылады. Ол үшін вебинар өткізілетін күнін, уақыты мен тақырыбын жазады, сабаққа жалпы сипаттама жасалады. Содан соң, «қатысушыларды қосу» бөліміне кіріп, қатысушыларды қосады, яғни қатысушылардың аты-жөні мен электронды почталары жазылады. Төмендегі 1-суретте себинарға қатысатын студенттердің тізімі көрселген.

Вебинар өткізілу күні мен уақытын білім алушыларға хабарлау қажет. Ол үшін қатысушыларға вебинар сілтемесі электрондық почтаға жіберіледі. Қатысушылар сол сілтемені басып вебинар сипаттамасын, тақырыбын көре алады, вебинар басталар уақытында да сол сілтеме арқылы вебинар тақташасына кіреді. Мысалы, 2-суретте студенттердің электронды жәшіктеріне жіберілген сілтеме төменде көрсетілген.

Вебинар әрқашан *интерактивті* түрде жүргізіледі, оқытушы қатысушыларға сұрақтар қояды, олардың сұрақтары мен түсіндірмелерін оқиды, студенттермен кері байланыс жасайды. Келісілген уақытта вебинар басталады – сіз модератордың даусын естисіз, егер бейне трансляция болса өзін немесе презентацияны көресіз.



Сурет 1 – webinar бағдарламалық тақташасында өткізілетін сабаққа қатысушылар тізімі

Сурет 2 – webinar бағдарламалық тақташасында өткізілетін сабаққа кіру

Вебинар сабақтарын өткізудің екінші кезеңі – вебинарды өткізу кезеңі. Мысалы, төменде вебинар сабағының «Қаныққан көмірсутектер (Алкандар)» тақырыбына сабақ жоспары келтірілген.

**Пән:** Алифатты қосылыстардың органикалық химиясы

**Тақырып:** Қаныққан көмірсутектер (Алкандар)

**Топ:** «5В011200-Химия» мамандығының білімгерлері

**Мақсаты:**

**білімділік** – білімгерлердің қаныққан көмірсутектер туралы білімдерін жүйелеу;

**дамытушылық** – білімді өздігімен игеріп, оның негізінде тапсырмалар беру арқылы қаныққан көмірсутектер туралы білімдерін тереңдету, дамыту;

**тәрбиелілік** – теориялық мәселелерді тереңінен қарастырып, оларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру.

**Жабдықталуы:** дәріс материалдары, презентация, компьютер, Интернет.

**Әдіс-тәсілдер:** интербелсенді әдістер

**Сарамандық сабақтың ұзақтығы:** 50 минут

**Сарамандық сабақтың барысы**

**I. «Проблеманы айқындау кезеңі»**

Бұл кезеңде **Жигсо** әдісі қолданылады (15 минут).

Студенттер кіші топтарға бөлінеді және әр топқа тапсырмалар беріледі.

**II. «Проблеманы шешу» кезеңі**

**Студенттерге тапсырма.** Әр білімгерге алдын ала жеке-жеке сабақтың тапсырмалары беріледі.

Білімгерлердің тапсырмалары осы кезеңде тексеріледі, жауаптар толықтырылады. (20 минут). Тапсырмалар саны 10.

**III. «Проблеманың шешімін қолдану» кезеңі**

**Бағалау.** Білімгерлер сабақта қалай жұмыс жасағандығын білу және олардың алған білімдерін анықтау мақсатында «Шығу парағын» толтырады. мұнда олар үш сұраққа жазбаша жауап беруі қажет.

*Шығу парағы*

1. Не білдім?
2. Менде қандай сұрақтар пайда болды?
3. Пікірім қандай?

**Қорытындылау/кері байланыс (5мин)**

Студенттерге келесідей сұрақтар қойылып, оларға ауызша жауап беріледі:

1. Бүгінгі сабақта қандай мәселелерді қарастырдық?
2. Не үйрендік?
3. Сабақ сізге ұнады ма? Сабақтың ұтымды жерлері қандай болды?

Соңғы 10 – 15 жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Қазақстандағы қашықтан оқыту үрдісін зерттеп, сараптап, әдебиеттерге шолу жасай келе, химияны қашықтан оқытудың әдістемелік оқу материалдары тапшы екені анықтадық. Қашықтан оқыту үрдісінде химияны қашықтан оқыту - уақытты үнемдейтін, әрі экономикалық жағынан да тиімді оқытудың тиімді түрі болып табылады.

Вебинардың артықшылықтарының бірі- өткізілген тақырыпты кейін қатысушылар қайта қарап, өткізілген тақырыпты еске түсіреді. Вебинар арнайы бағдарламалар көмегімен таспаға жазылады, мысалы, біз FastStone Capture бағдарламасын пайдаланамыз деп жоспарлап отырмыз.

Қорыта келгенде, студенттерге сарамандық сабақты желілік технология бойынша вебинар түрінде өткізудің тиімділігі анықталды. Зерттелген тақырыпқа вебсеминар сабағының өткізу жоспары және ұйымдастыру жолдары [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru) бағдарламалық тақташада жүргізу әдістемесі жасалды. [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru) тақташасында желілік семинар тіркелу мен студенттерге тапсырмалар беру кезеңдері іс-жүзінде сыналды.

1. *Ибрагимов И.М. Информационные технологии и средства дистанционного обучения, М: Академия, 2007, 336с.*

2. Тавгень И.А. Дистанционное обучение: опыт, проблемы, перспективы Под редакцией Ю.В.Позняка - Мн.: БГУ, 2003. – 227 с.
3. Мутанов Г.М., Шакаримова А.Б., Криулько Н.С., Хегай О.М.. Дистанционное обучение. - Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2006, 107б.
4. Саметова Ф.Т., Өскенбаев А.А. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру шарттары. Алматы: Инновациялық технологиялар институты 2014 ж., 85б.
5. Анализ состояния дистанционного обучения в Республике Казахстан, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, .Караганда 2011, 278с.
6. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В. Теория и практика дистанционного обучения – М: Академия 2004, 416с.
7. Кенже А., Нурмаханова Д., Некоторые проблемы организации дистанционного обучения химии// Международный студенческий научный вестник № 5, 2015, 330-331б.

### Резюме

#### Методические основы организации дистанционного обучения при изучении химии

Нурмаханова Д.Е. – магистрант

Бекназарова А.Б.- докторант

Мейирова Г. – д.х.н., профессор

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

В статье были рассмотрены методические основы организации дистанционного обучения по химии. Дистанционное обучение отличается от традиционной системы образования по различным пунктам. Одной из них является отличительная особенность учебно-методических комплексов. В случае удаленного обучения – это сетевое обучение-методический информационный комплекс. Эта система предоставляет дидактический, технический интерактивный комплекс для получения знаний в информационном обществе. Были изучены особенности и составные элементы системы сетевое обучение-методический информационный комплекс. В статье отражены интерактивный процесс взаимодействия студента с преподавателем и со средствами обучения, а именно синхронная организация семинара в сети. Также приведены стадии организации вебинаров, учебные инструменты и программы для их создания. С целью выявления основных различий между обычным семинаром и вебинара были рассмотрены площадки для проведения виртуальных семинаров. Описаны основные возможности программного продукта [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru), как работа с текстовым форумом, подготовка и способы рассылки учебных материалов участникам вебинара. При этом применяется интерактивная форма проведения семинара. Проанализированы актуальные вопросы внедрения дистанционной формы обучения в учебный процесс в Казахстане. И в связи с этим изучена технология организации удаленного обучения вебинара-виртуального семинара. Предложен сценарий проведения по теме «Насыщенные углеводороды» с помощью площадки [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru)

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, вебинар, чат, сетевой учебно-методический комплекс, площадка, дистанционное обучение.

### Summary

#### Methodical bases of distance learning organizing of the chemistry

Nurmahanova D.E. – master course student

Beknazarova A.B. – Ph.D student

Meiirova G. – professor

Kazakh National pedagogical university named after Abai

The article considers methodical basics of the organization of distance learning of the chemistry. Distance learning differs from a traditional education system on various points. One of them is distinctive feature of educational and methodical complexes. In case of distance learning it is as a network learning -methodical information complex. This system provides a didactic, technical interactive complex for getting education in information society. Features and components of system network learning - methodical information complex were studied. The interactive processes of interaction of the student with the teacher and with tutorials, a synchronous organization of a seminar in a network are reflected in article. Stages of the organization of webinars, educational tools and programs for their creation are also given. For the purpose of detection of the

main distinctions between an ordinary seminar and a webinar were considered platforms for holding virtual seminars. The main opportunities of software product [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru) as work with a text forum, preparation and ways of mailing of training materials to participants of a webinar were described. Thus the interactive form of seminar is applied. The article considers the topical issues of introduction of distance learning in Kazakhstan. And in this regard the technology of the organization of distance learning webinar - a virtual seminar is studied. The scenario of carrying out on the subject "Saturated Hydrocarbons" by platform [www.webinar.ru](http://www.webinar.ru) is offered.

**Keywords:** distance learning, webinar, chat, network training complex, playground, distance learning.

ӘӨЖ 373.1.013:37.033/.035

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – МҰҒАЛІМДЕРДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ

**Бекенова Н.А.** - доцент, б.ғ.к., [bekanova-nazym@mail.ru](mailto:bekanova-nazym@mail.ru)  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**Аннотация:** Бұл мақалада педагогикалық проблеманың бірі – мектеп оқышуларында салауатты өмір салтын қалыптастыру жан-жақты сөз болады. Алдымен, өмір сүру салтына анықтама бере отырып оның мақсатымен міндетіне тоқталады. Салауаттану – адамның денсаулығын сақтау, мен оны нығайту екендігі баяндалады. Әрбір жеке тұлғаның қалыптасқан өмір тіршілігі (еңбек ету, тұрмыс құру, бос уақытында демалу) мен қоғам деңгейінің даму көрсеткіші екендігі атап өтіледі. Соңғы жылдары Қазақстан мектептерінде «Салауаттану» пәніне оқу программасына еніп, соның нәтижесінде алға қойған мақсаттар өз жемісін беретіндігі көрсетіледі. Мәселен, шылым шегу 11-14 жастағы балалар арасында 6%, 15-17 жастағы балалар арасында 10% төмендегені, зиянды ішек ауруларының азайғаны байқалғаны. Оқушыларда салауатты өмір салтымен байланысты білім, білік, дағды, денсаулықты сақтауға мүмкіндік беретін технологияларда аталып өтіледі. Сондай-ақ мақалада жас ұрпақтарда салауатты өмір салтын қалыптастыруда ата-аналар мен мұғалімдердің рөлі айқын баяндалады. Мақаланың соңында парасаты, білімді, тәрбиелі ұрпақтарды қалыптастырудың үш мақсат (ғаламдық, дидактикалық, әдістемелік) аталып өтеді.

**Түйін сөздер:** оқушылар, салауаттану, өмір салты, денсаулық сақтау, аурулар, педагогика, білімді, тәрбиелі, психогигиена.


Қазақта «Деннің саулығы – бастың амандығы» деген ұғым бар. Олай болса, салауатты өмір салты және оны тәрбиелеу мәселесі, көптеген ғасырлар бойы күн тәртібіне қойылып келе жатқан әлеуметтік маңызы күрделі педагогикалық проблемалардың бірі. Өйткені жаңа ХХІ-ғасырдың адамы – дені сау, рухы күшті, жан дүниесі таза адам болуы шарт. Сондықтан оқушылардың салауатты өмір сүруін қалыптастыру – мемлекеттің қамқорлығы. Дені сау адам – қоғамның маңызды құндылығы.

Ел Президентінің «Қазақстан – 2050» Жолдауындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірінде – «Қазақстан азаматтарымыздың денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты» тармағында «азаматтарының өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаны таза ұстауға тәрбиелеу үшін» салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттігі көрсетілген. «Сапалы қоғам – саналы азаматтармен және білімді де тәрбиелі жастармен мықты» деп айтап көрсеткен елбасымыз Н.Ә.Назарбаев.

Өмір сүру салты дегеніміз - әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалай еңбек етіп, қалай тұрмыс құрып, бос уақытында демалатыны, қысқасы, олардың қалыптасқан өмір тіршілігі, яғни, адамның өмір сүру салты қандай болса, өзі де сондай, өмір сүру салты тұлға мен қоғам деңгейінің прогресті даму көрсеткішінің бірі.

«Салауатты» сөзінің негізгі мағынасы – парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы деген ұғымды білдіреді.

Жеке тұлғалық салауаттану – төменгі негізгі аспектілер (сурет 1) бойынша адамның гигиеналық білімдері мен денсаулығын нығайту жөніндегі дағдылар кешенін қамтиды.



Сурет 1 Жеке тұлғалық салауаттану

Қоғам дамуының барлық кезеңдеріндегі адамның аурумен күресуі емдеу амалдарын ізденумен, халықтық және ғылыми медицинаның дамуымен сипатталады. Қазіргі клиникалық медицина негізінен аурулардың себептерін айқындауға және емдеу амалдарына көбірек көңіл бөлуде. Егер медицина тек ауруларды емдеу жолдарымен ғана айналысса, салауаттанудың негізгі мақсаты – денсаулықты сақтау мен нығайту – салауаттанудың алдын алу, яғни ауруды болдырмайтын дене күйін қалыптастыру.

Сондықтан салауаттанудың негізгі міндеті – денсаулықты зерттеу, әртүрлі ауытқуларды, мүшелердің қызметі бұзылғанын ерте анықтап, салауатты өмір сүруді қалыптастыру арқылы дер кезінде аурудың алдын алу. Сонымен, салауаттану – адамның денсаулығын сақтау мен оны нығайту туралы ғылым.

Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширектіру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухынды шыңдау – бәрі де денсаулыққы қызмет етеді десек қателеспейміз. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік – экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына зор әсерін тигізуде.

Соңғы кезде көптеген ғалым – педагоктар бұл проблемаға үлкен мән беріп жас ұрпақтарда сапалы білім, тәрбие қалыптастыруда үлкен еңбек етіп келеді. Бұл еңбектер біраз педагоктар еңбектерінде көрсетілген [2,3,4,5,6,7].

Қазақстан Республикасы Білім, және Ғылым министрлігінің 1998 жылғы желтоқсанның 24-сіндегі республикалық жалпы білім беретін мектептерге “Салауаттану – денсаулықты сақтау” оқу бағдарламасын енгізу туралы №572 бұйрығы жарық көрді.

Осы бұйрықтың нәтижесінде “Салауаттану” пәні мектептердің оқу жоспарларының вариативті бөлімінен орын алды. Мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мектептердің 85 пайызда салауаттану сабақтарын жүргізеді, ал орта және жоғары оқу орындарының 55-64 пайызында салауаттану сабақтары өтіледі.

1998 – 2001 жылы жүргізілген ұлттық зерттеулер бойынша, осы салауаттану сабақтарын өткізу нәтижесінде шылым шегу 11 – 14 жастағы балалар арасында 6 пайызға, 15 – 17 жастар арасында 10,0 пайызға, 18 – 19 жас арасында – 6 пайызға төмендеген. Сонымен бірге балалар арасында ішектің жұқпалы ауруларының, суық тию ауруларының азаюы байқалады. Сондай-ақ оқушылардың зиянды заттарға әуестігінің төмендегені, рухани денсаулығының жоғарылауы байқалады. Сондықтан, салауаттану білімі өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптатырудың дағдылары мен түрткіні тудыруға көмектеседі, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, әр баланың өз денсаулығын қорғауға және кикілжіңді болдырмауға үйретеді.

Сондықтан да басты міндеттердің бірі – мектептерде балалардың ауырмауға, денсаулықтарын күтуге, салауатты өмір салтын ұстауға, гигиеналық дағды, жан мен тән саулығы жан-жақты даму, қабілетін көтеру, ата-ана мен баланың бірін-бірі тануға үйрету, үлкендерді сыйлау – осы міндеттерді атқару үшін мектептерде валеология пәні (« Салауаттану») енгізілді. Бұл ғылымның негізгі міндеті – салауатты өмір салтын қалыптастырудың мәнін ашу мен оны қалыптастырудың заңдылықтарын



зерттеу. Соған сәйкес, денсаулықты қалыптастыру, сақтау және нығайту жолдарын нұсқау арқылы жас ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеу педагогикалық салауаттанудың міндетіне жүктеледі.

Балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыру әр мұғалімнің міндеті болуы қажет. Көптеген мектептерде салауаттануға арналған кабинеттер ашылып, онда көрнекілік құралдары, денсаулық жөніндегі әдебиеттер, техникалық құралдар жинақталған. Бұндай сынып кабинеттерінің болуы оқушылардың білімін арттырады.

“Салауатты өмір сүру салтына” 3 идея негіз бола алады: дене үйлесімділігі, жан тазалығы, ақыл-ойдың айқындылығы. Бұл үшеуі тәрбие жұмысының мақсатын анықтау мен оны ұйымдастырудың негізгі қазығы, дінге және баланың өзін-өзі тәрбиелеуінің жетекші бағыты болуы тиіс. Ол үшін мұғалімнің өзі осы идеяның маңызды жетекшісіне айналуы тиіс. Ол өзінің педагогикалық әрекетін “АҚИҚАТ, ЖАҚСЫЛЫҚ, ӘДЕМІЛІК” заңына байланысты атқаруы және соған сай өзі де өмір сүре білуі тиіс. Сонда ғана ол ақиқат дүниеге айнала алады.

Оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу үлгісіндегі негізгі компоненттеріне мыналар жатады: оқушылардың салауатты өмір салтына тәрбиелеудің әлеуметтік, қоғамдық маңыздылығын түсунуі; қажеттілігін сезінуі, оған деген дұрыс көзқарас, салауатты өмір салтының мазмұнын, оны меңгеру жолдарын білу, өзінің денсаулығы туралы терең теориялық-педагогикалық білімдерді және жағымсыз қылықтардан сақтандыратын факторларды меңгеру, бос уақытын тиімді пайдалана білу. Сондай-ақ тазалық пен дұрыс тамақтануға да аса көңіл бөлінуі керек.

Зерттеу проблемалары бойынша, теориялық жағдайды зерделеу сабақтағы және сабақтан тыс жұмыстағы денсаулық сақтау технологияларын анықтауға мүмкіндік берді. Осындай технологиялардың екі түрін бөліп көрсетуге болады:

- оқушыларда салауатты өмір салтымен байланысты білім, білік, дағды, қарым-қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін технологиялар;
- денсаулық сақтау білім беру ортасын қалыптастыру технологиялары.

Бұл технологияларды кешенді түрде қолдану оқушыларда салауатты өмір салтының тиімді қалыптасуына мүмкіндік береді.


Жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде білім негіздерін бере отырып, сыныптан тыс жұмыстар мен педагогикалық практика кезінде жүргізілген іс-шараларды негізге ала отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруда жүргізілген жұмыстардан кейін оқушы-жастардың білім және тәрбиелік деңгейін анықтау нәтижелі болғанын бідің зерттеулер байқатты. Сауалнамалар нәтижесі анықтау эксперименті барысындағы және бақылау тобындағы көрсеткіштермен салыстырғанда оқушылардың жалпы салауаттылық жөнінде білім деңгейлерінің, салауатты тәрбиелеуде білім, біліктілігінің анағұрлым артқандығын көрсетті.

Қазіргі кезде тәрбиенің ерекшелігі – адамшылық, азаматтық қасиеттердің сынға түсуі, еліміздегі әлеуметтік болмысымыздың жаңаруы үшін өте қажет. Ал, осы қажеттілікті жасайтын – Адам. Адам-адам болғалы жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, өтірік пен шындық, талант пен жағымсыздық жарыса өмір сүріп келеді. Адамның құндылығы – ең сирек кездесетін жаратылысы арқылы анықталады, яғни жалпы алғанда өлшемсіз өмір. Ал, өмір – кезкелген рақаттың аса қымбат бағасы. Олай болса, өмірдің босқа өтпеуі үшін – адамның саналы, салауатты түрде өмір сүруі қажет. Өмірде ерте жетілу керек, бірақ сол жетілуде көп нәрсеге мән беруге тиіс, өйткені бүкіл ақыл-ой болмысының негізі балалық шақта қаланады. Мәселен, Л. Толстой шығармашылық мұрасы бірнеше томнан тұрады, оны ол бірнеше рет көшіріп жазған, мақсаты – оларды мәңгілік құндылық ету. М. Әуезов мұрасы да томдарынан тұрады. Осындай адамдардың өмір баянына үңілсең түпкі жетістіктерінің кілті – күнделікті өмірде қажымай еңбек етіп, саналы өмір сүре білгенінде деп бағалауымыз керек. Сондықтан, өмірді мәнді өткізу де ең маңызды бастау – құндылық болса, оның рухани-адамгершілік негізі – салауаттылық.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін басты үш мақсатты жеке бөліп көрсетуге болады:

- а) ғаламдық – өскелең ұрпақтың дене және психикалық денсаулығын қамтамасыз ету;
- ә) дидактикалық – денсаулық сақтау саласында балаларға жарақаттанудың алдын алуда мектеп оқушыларын қажет білімдермен қаруландыруға мүмкіндік беретін білік, дағдылар мен әдеттерді меңгерту арқылы денсаулығын, еңбекке қабілетін және ұзақ өмір сүруін сақтауына ықпал ету;
- б) әдістемелік – оқушыларды адам өмір сүру процесінің физиологиялық негіздері, жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау, соматикалық аурулардың, психикалық ауытқулардың, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу білімдерімен, сол сияқты ағзаға психотроптық заттардың зиянды әрекеті туралы білімдермен қаруландыру.





Сурет 2. Салауатты өмір салты туралы ұғымдардың пәнаралық байланыс арқылы қалыптасуы

Тәрбие беру – жеке тұлғаның дамуына мақсатты түрде әсер ететін қоғамдағы мінез-құлық тәсілі, сенім, көзқара, сапалы қасиеттер нәтижесі және үрдісі болып табылады. Тағы бір айтатын мәселе – оқушыларді салауаттық мәдениетті қалыптастыруда пәнаралық байланыстар да зор роль атқарады. Пәнаралық байланыс арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған білім беру мынадай қызмет атқарады:

- әдістемелік қызмет – салауатты өмір сүру туралы материалдарды меңгеру үшін әдіс – тәсілдерді іздестіруге, тақырыптың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы маңызын ашуға көмектеседі

- таным қызметі – оқушылардың салауатты өмір салты мен адам денсаулығы арасындағы байланыс жайында ғылыми көзқарасын қалыптастыру.

- білім беру қызметі – пәнаралық байланыс арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру барысында оқушылардың ой-сананын, іскерлік дағдыларын дамыту.

Оның басты мақсатының бірі - әрбір пәнде жеке қаралатын тақырыптың ғылыми мазмұны мен салауатты өмір сүру туралы материалдың мазмұнын кіріктіре отырып қарау. Бұл алдын ала дайындалған бағдарлама негізінде салауаттылық білім мен ғылыми көзқарасы қалыптасқан оқушы дайындау міндетін шешуге көмектеседі (Сурет 2).

Сонымен, салауатты өмір салты туралы білім мен тәрбиені меңгерген оқушы салауаттылықтың маңызды элементтерін түсініп, ондағы түрлі шиеленіскен өзекті мәселелердің алдын-алуға дайын, өз денсаулығының қамқоршысы болуға дайын болады. Яғни, парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы ұрпақтарды тәрбиелеудегі алға қойған мақсаттарымыз орындалған болады.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012 ж.
2. Жанабердиева К.А., Адылханов А.С. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі салауатты өмір салтын қалыптастырудың тұжырымдамасы. //Валеология. Дене тәрбиесі. Биология және салауаттылық негізі. 2003, №1,- С. 5-14.
3. Сәулебекова М. Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі. //Биология және салауаттылық негізі. 2005, №3, - С. 24-26.
4. Амосов Н.М. Денсаулық туралы толғаныстар. – Алматы. Қазақстан, 1989. -158 с.
5. Торманов Е.Т. Валеология. А. Қаз. Университеті., 2000. -298 с.
6. "Профилактика наркомании, алкоголизма и табакокурения": учебное пособие для учителей и учащихся. 1-11 кл. Астана. 2008.- 102 с.
7. Л.З. Тель, Е.Д.Даленов. Валеология. Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына, колледж және орта арнаулы оқу орындары оқушыларына арналған оқулық. 1-кітап. Астана. 2003. - 256 с.

### Резюме

#### Формирование здорового образа жизни школьников – основная задача учителей

**Бекенова Н.А.** – доцент, к.б.н., bekenova-nazym@mail.ru КазНПУ им.Абая

В этой статье формирование здорового образа жизни как педагогическая проблема рассматривается с разных сторон. Сначала дается характеристика здоровому образу жизни, с определением цели и задач проблемы. Рассматривается здоровый образ жизни с точки зрения сохранения и укрепления здоровья человека. Показано формирование жизнедеятельности каждой отдельно взятой личности (выполнение труда, создание семьи, отдых в свободное время ) до развития показателя общественного уровня. В последние годы в казахстанских школах внедрена учебная программа дисциплины «Валеология», по которой получены положительные результаты в решении учебных целей и зач дисциплины. Например , понижен уровень табакокурения среди 11-14 летних подростков на 6 %, среди подростков 15-17 лет на 10 % и заболеваний внутренних органов от вредных привычек. Рассмотрены педагогические технологии, связанные с формированием здорового образа жизни школьников, которые дают знания . умения, навыки в сохранении здоровья. В этой статье показана роль родителей и учителей в формировании у молодого поколения здорового образа жизни. И наконец, в конце статьи рассмотрены три цели формирования здорового образа жизни у интеллектуальной, знающей, воспитанной молодежи – мировая, дидактическая, методическая.

**Ключевые слова:** Ученики, здоровый образ жизни, сохранение здоровья, болезни, педагогика, знания, воспитание, психогигиена

### Annotation

**Promoting a healthy lifestyle students as one of the main aim of the teacher**  
**Bekenova N.A.** – Docent, Cand. Biologic. Sciences, bekenova-nazym@mail.ru,  
Kazakh National Pedagogical University named after Abay

In this article, the formation of a healthy lifestyle as a pedagogical problem is viewed from different angles. First, the characteristic of a healthy lifestyle, with the definition of goals and objectives of the problem. We consider a healthy lifestyle in terms of preserving and promoting human health. Shows the formation of life of each individual person (performance of work, creation of family, recreation in their free time) to the level of social development index. In recent years, Kazakh schools implemented the curriculum of discipline "Valeology" for which positive results in addressing the educational goals and objectives of discipline. For example, the reduced level of smoking among 11-14 year olds by 6% among teenagers aged 15-17 years by 10% and diseases of the internal organs from harmful habits. Considered educational technology associated with the formation of healthy lifestyle of students who give knowledge, skills, skills in maintaining health. This article shows the role of parents and teachers in the formation of the younger generation of healthy lifestyles.

Finally, at the end of the article the three goals of a healthy lifestyle at the intellectual, knowledgeable, educated young people - the world, didactic, methodical.

**Keywords:** disciples, healthy life, preservation of health, disease, education, knowledge, education, mental hygiene.

ЭОЖ 373.5.016.02:54:004.45(574)

## ВИРТУАЛДЫ ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ХИМИЯ САБАҒЫНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

Манапов Н.Т. – оқытушы

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*

**Аннотация.** Мақалада, әдебиеттерге шолу барысында виртуалды зертханаларды пайдаланудың әдістемелік негіздеріне талдау жасалды. Білім беру үрдісін ақпараттандыру-жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатудың мәселелері қарастырылады. Оқу үдерісіне компьютерлік технологияларды ендіруді көздейді, қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсенді түрде қатысатын, өздігінен жұмыс істей алатын, шығармашылығы мол тұлғаны қалыптастыру мектептердің негізгі міндеттерінің бірі. Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша және ғылыми әдебиеттерді талдама жасау кезінде электронды оқу материалдарын оқу үрдістеріне кеңінен енгізудің пайдалы жақтарымен қатар, келеңсіз жақтарының да бар екені мақалада ашып көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** интерактивтік технология, ақпараттық-коммуникациялық технология, виртуалды эксперимент, виртуалды зертхана, виртуалды ақпараттық-оқыту.

Химия пәнін оқушыларға оқытып үйретуде, сабақ барысының техникалық құралдармен жабдықталуына, лабораториялық жұмыстарды ұйымдастыру әдістемелері мәселелеріне және ғылыми әдістеме мен психологиялық – педагогикалық оқу құралдарына үлкен мән беріледі.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың қазіргі кездегі басты назары-болашақ ұрпақтың білімі мен білігінде. Білімі мен ғылымы дамыған ел ғана әлемді мойындатады және дамушы емес, дамыған елдердің қатарынан ойып тұрып өз орнын алады. Соны білген Елбасымыз ғылымға баса назар аударып, онымен айналысам деушілерге барлық жағдайларды жасауда. Мәселен, Астана қаласында қазақ тарихында болмаған халықаралық деңгейдегі «Назарбаев университетін» соқтырып, оған бүкіл әлемнің мықты деген ЖОО-ның ұстаздарын жұмысқа тартты. Бұл дегеніңіз бұрынғыдай шетел аспай-ақ білімнің бал бұлағымен өз елімізде де сусындауға болады деген сөз. Бұрын-соңды жасалмаған осындай керемет мүмкіншіліктерді әрбір жас қажетінше пайдаланып қалулары қажет.

Қазіргі уақытта білім беру қызметкерлері үшін жеке тұлғаны дамытудың негізгі факторларына пәндік-практикалық әрекет және адамдардың арасындағы қарым- қатынас орнату мәселесін көтергендігінде жатыр.

Бүгінгі күннің басты талабы-білім беруді ақпараттандыруды дамыту. Олай болса, бұл талапты орындау бағытында мұғалімдердің ақпараттық сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастыру қажет. Интерактивтік технология ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін дамыту бағытында қолданылады. Ол арқылы кез келген педагог өзіне қажетті оқу материалдарын электронды түрге аудара, сабақты көрнекі түрде өткізе алады. Сондықтан, оның мүмкіндіктерін мұғалімдерге жан-жақты таныстыру мен оны қолданудың әдістерін үйрету қажеттілігі туындайды[1].

Дегенмен, бар білім мен ғылымның негізі өміріміздің он бір жылын өткізетін қара шаңырақ мектептің табалдырығында жатыр десек қателеспейміз. Ғылымның негізі мектепте болса, оның негізін салушы ұстаз екені айтпаса да түсінікті. Әрбір ұстаз өзінің пәніне жетік болса, онда болашақ ұрпағымыз ғылымның негізін меңгерген, білімді де білікті болып шығатыны даусыз.

Химия-тәжірибеге сүйенген ғылым. Оқушылардың бойында химия туралы білім мен сол ғылымның негізін қалауда мұғалімнің сабақты компьютерлік бағдарламалардың көмегімен түсіндіре отырып көрсететін тәжірибесі жоғары бағаланады. Мұндай тәжірибелерді виртуалды эксперименттер деп атайды.

Виртуалды эксперименттер жаңа материалды өткенде оқушылардың бойында заттар, химиялық құбылыстар мен процестер жайлы қажетті түсінік қалыптастыру үшін жүргізіледі. Ол аз ғана уақыттың ішінде химия саласындағы маңызды ұғымдарды оқушыларға түсінікті етеді және оларға зертханалық тәжірибелер мен жекелеген операцияларды жасауды үйретеді.

Әдебиеттерге шолу барысында виртуалды зертханаларды пайдаланудың әдістемелік негіздеріне талдау жасалды. Компьютерлік білім беру саласындағы шынайы әлем нысаналарының тәртібін үлгілеуге көмектесетін және оқушыларға өздігінен жаңа білімді игеруге жәрдемдесетін виртуалды зертханалар педагогтардың назарын аударады. «Виртуалды зертхана-ол математикалық модельдерді

құрудың кең мүмкіндіктері мен көптеген виртуалды құрылғылары бар бір бағдарламалық-есептеу кешені болып табылатын әр түрлі физикалық құбылыстарды зерттеудің аппараты» деп есептейді[2,13 б].

Виртуалды зертхананың артықшылығын атап өте отырып, оны «әдістемелік материалдарды әзірлеуге кететін уақытты айтарлықтай үнемдеуге және негізгі назарды зерттелетін теорияның әдістері мен алынатын қорытындылардың сараптамасына бөлуге мүмкіндік беретін» құрал болып табылатынын айтуға болады.

Қазіргі таңда мектеп жағдайында барлық химиялық тәжірибелерді оқушылардың өздеріне бере отырып, тәжірибе түрінде жасату мүмкін емес. Бұған себеп біріншіден, тәжірибелерді жүргізуге қажетті химиялық реактивтер мен аспаптардың жеткіліксіздігі; екіншіден, тәжірибелер, әсіресе органикалық химияның тәжірибелері өте қауіпті; үшіншіден, көп уақытты қажет етеді. Осындай кемшіліктерге сүйене отырып бұл тақырыпты өте өзекті деуге әбден болады.

Виртуалды ақпараттық-оқыту зертханалары білім берудің басқа да жолдарымен кешенді түрде пайдаланылуының типтік үлгісі болып табылады.

Тамаша жаңашылдық, бояу түстері, жылдам жүктелуі мен виртуалды тәжірибелердің сенімділігі білім алу мен оны игерудің қосымша элементтері ғана. Виртуалды зертханалар «бос үстел» секілді, оған оқушылар арнайы құралдардың көмегімен зертханалық жұмыстардың орындалу ретін жасай алады, оларды бір-біріне қажетті түрде орналастырады, тәжірибе барысында пайдаланылатын заттардың арасында байланыстар орнатып, олардың бастапқы мәнін қояды[3,25 б].

Негізінен виртуалды зертханалар бір зертханалық модуль негізінде әр түрлі интерактивті модельдер жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, осы заманғы орта білім жағдайындағы виртуалды үдеріс оны жаңа, виртуалды компьютерлік технологиялар деңгейге шығара отырып, дәстүрлі білім берудің бай педагогикалық әлеуетін пайдалануға бағытталған. Бұдан басқа, виртуалды ақпараттық-оқыту зертханалары жағдайында оқу модельдері арқылы білімнің жаңа салаларын зерттеуде оқушыларда қоршаған орта құбылыстарын танып-білуде өздігінен жұмыс істеу қабілеті артады, өмір сүру барысында туындайтын міндеттерді шешу жолдарын өздігінен табу мүмкіндігі қалыптасады, алынған білімді тәжірибе жүзінде пайдалануға даярлығы артады. Ендеше, оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне септігін тигізетін виртуалды зертханаларды пайдалану электронды білім беретін компьютерлік өнімді ендіру стратегиясындағы сәттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Виртуалды химиялық эксперимент-бұл оқыту химиялық эксперименттің бір түрі. Виртуалды химиялық эксперименттерде химиялық процестерді демонстрациялау және модельдеудің басты құралы ретінде компьютер техникасы қолданылады.

ТМД аумағында химиялық лабораториялық сабақтарда виртуалды немесе компьютердік технологияны пайдаланудың тетіктері мен сол арқылы оқыту процесін жетілдірудің анықтамасын алғаш рет С.В Иванова ұсынған болатын.

Соңғы кезде ұстаздардың назары әрекеттік және диалогтық (оның ішінде топ ішілік, топ аралық) оқу түрлерінің және әдістерінің белсенді және интерактивтік түрлерін игеруіне бағытталған. Заманауи интерактивті технологиялар американдық психологтар Д. Кэрролл мен Б.С. Блум ұсынған «толық меңгеру» моделі негізінде белсенді оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта білім қызметкерлері үшін тұлғаның дамуының негізгі факторларына пәндік-іс жүзіндегі қызмет және адамдар арасындағы әрекеттестік жатады. Нақты алғанда, оқу эффективті болады және жақсы нәтижелерге жетеді, егер:

- оқушылар оқу үшін ашық және білім алатын процестің басқа қатысушыларымен ынтымақтастыққа белсенді қосылса;

- өз қызметін талдауға арналған мүмкіншілік және өзінің меншікті потенциалын орындауға мүмкіндік алса; А.К. Ахлебинин және басқалардың пікірі бойынша, интерактивтік оқытушы тест тапсырмалардың орындалуы кезіндегі табыстар химиялық лабораторияларға оқушылардың назарын ынталандыра алады;

- олардың өміріндегі жақын арадағы және кәсіптік қызметтерінде кездесуі мүмкін алда тұрған нәрселерге практикалық дайындала алса;

- өзімен өздері бола алса, өзін көрсетуге қорықпаса, қате жібермесе, айыптаушылыққа душар болмай және жалған бағалау алмаса.

Практикалық тұрғыдан егер диалогта, кооперацияда және оқытудың барлық субъектілерінің ынтымақтастығында негізі салынған оқытудың интерактивтік тәртібі қолданылса, барлық бұл талаптар сақталады.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру концепциясы орта мектеп пен орта арнаулы білім беру мекемелерінде кеңінен таралып жатқаны бізге мәлім. Осы салада оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты білім беру мәселесін де бірге қарастыру өзекті мәселе болып табылуда.

Осы арада оқыту процесін белсендіру бағыттарының ең бастысы-химия сабағынан виртуалды лабораториялық жұмыстарды ұйымдастыру.

Мектепте химия сабақтарындағы лабораториялық іс-әрекет оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады және оқуға көмегін тигізеді. Лабораториялық сабақтардың болмауы немесе приборлардың жетіспеушілігінен Қазақстанның көптеген мектептерінде лабораториялық эксперименттер өте аз жүргізіледі. Осы мәселені шешуде жаңа ақпараттық технологиялардың берері мол. Мысалы, виртуалды режимде өтілетін эксперименттер.

Практикалық оқыту концепциясы қазіргі таңда жаңалық емес. Бірақ практикалық оқыту арқылы оқушылар тәжірибе жүзінде жалыққан дәстүрлі әдістерден біршама демалып, тек теория жүзіндегі өтілген сабақтарды іс жүзінде көруге, зерттеуге жағдай жасайды[4].

Орта мектепте химияны оқыту, оқушының үлгерімін арттыру тек мұғалімнің сабақ өткізу әдістемесімен ғана шектелмейді. Себебі, химия бұл күнде тұрмысқа еніп, қажеттілігі күн сайын артып отырғандықтан оны тек теориялық жағынан жетілдіру жеткіліксіз. Сонымен қатар еліміздегі химиялық өнеркәсіптің үздіксіз дамуы, оның технологиялық талабының артуы әртүрлі техникалық схемаларды игеруді талап етіп отыр. Бұл орайда мектепте химиялық ұғымды тереңдетуде сабақта, сабақтан тыс уақытта химиялық эксперимент жүргізу үлкен роль атқарады. Сол себепті оқушылар химияны тек теориялық тұрғыда оқумен қатар практикалық маңызы зор химиялық эксперименттерді жүргізген тиімді.

Альтернативті оқыту ортасы, яғни виртуалды лаборатория оқушыларға маңызды, әрі қарапайым лабораториялық сабақтарда қол жетімсіз (приборлардың қымбат болуына байланысты) химиялық процестерді оқушылардың игеруіне көмектеседі.

Виртуалды лаборатория анық лабораториялық ортаны және процестерді, сондай-ақ оқушылар өздерінің теориялық білімдерін эксперимент өткізу арқылы тәжірибелік білімге айналдыруда оқыту ортасын модельдейді[5,10 б].

Виртуалды лаборатория оқушыларға маңызды виртуалды түйсікті (сезімді) және де маңызды түсініктерді, принциптер мен процестерді ұсынады. Оқушылар сонымен бірге оқытудың интерактивті сипаты іспеттес әдістер көмегімен танымдық қабілеттері мен оқыту процесінің жағымды ортасына қол жеткізе алады. Келесі кестеде виртуалды эксперименттің тиімділіктері жан-жақты қарастырылған.

Кесте1- Химия курсындағы туындаған мәселелерді шешудегі виртуалды лабораторияның рөлі

Химия курсындағы туындаған мәселелер	Виртуалды лаборатория ұсынатын шешімдер мен ұсыныстар
Қауіпсіздік мәселесі	Өзіне улы немесе қауіпті (күмәнді) газ бөліп шығару қаупі бар эксперименттерді қауіпсіз түрде виртуалды лабораториялық ортада өтуге болады (мысалы, $NH_3$ ). виртуалды лабораторияда теріс, қауіпті нәти-желердің болуы мүмкін емес.
Өзіне сенімсіздік деген	Виртуалды лаборатория оқушыларға да , оқытушыға да лаборатория-лық тәжірибесіз-ақ (лабораториялық құрал-жабдықтарды таңдауда) эксперименттік құрылымды жасап, процедураны аяқтауға мүмкіндік береді. Тек компьютерді қосып, веб-сайтқа еніп, бағдарламалық қамта-масыз ететін виртуалдық ортаға қосыла алса болды. Яғни оқытушыдан лабораториялық құрал-жабдықтардың алдын ала дайындыған талап етпейді.
Құрал-жабдықтың жетіспеушілігі	Лабораториялық құрал-жабдықтар виртуалды болғандықтан ол жаб-дықтар жоғармайды немесе сынбайды. Виртуалды лабораторияларда жабдықтарды еркін қолдануға болады. Анық лабораторияда құрал-жабдықтардың жетіспеуіне байланысты өтілмеген эксперименттерді виртуалды лабораторияда ешбір жоғалтусыз қайталауға мүмкіндік бар.
Уақыттың жетіспеушілігі	Қарапайым лабораториялық сабаққа қарағанда, виртуалды лаборато-риядағы сабақта уақыт үнемді болады (салыстырмалы түрде). Вир-туалды лабораториядағы эксперимент әдістемесі дәстүрлі лаборатория әдістемесіне ұқсас. Виртуалды лабораторияда экспериментті түсіну және жүзеге асыру қарапайымдылау.

	Эксперименттен кейін де виртуалды лабораторияны тазалауға уақыт кеткізудің қажеті жоқ. Виртуалды лабораторияға дағдыланған оқушылар сол эксперимент-терді дәстүрлі қарапайым лабораториялық жағдайларда қайталай алады.
Бекіту, қорытындылау әдістерінің әлсіз жақтары	Виртуалды лаборатория ортасының интерактивті форматы оқушы-лардың қызығушылығын тудырады. Лабораторияда болжамдарды ұсынуға болады, сол болжамдарды тексеруге де болады.

Орта мектепте виртуалды лабораториялық жұмыстардың мазмұнын жетілдірудің жолдарының бірі, оқушы оларды орындағанда өзін толық зертеуші ролінде сезінетіндей тапсырмалар мен проблемалық сұрақтар құрастыру мүмкіндігі болып табылады. Мысалға, оқушыларға белсенді ойлау әрекетіне және тапсырманы шығармашылық жолмен орындауға бағыттайтын эвристикалық немесе алгоритмдік нұсқаулар. Г.Скборгтің виртуалды лабораториялық-практикалық жұмыстарды орындауға арналған нұсқауы «Оқушыларға арналған нұсқаулар» деп аталады [6, 42 б].

Тек мектептерде ғана емес Қазақстанның ЖОО-да да химиядан виртуалды эксперименттерді салыстырмалы түрде аз қолданылады.

Көптеген оқытушылар лабораториялық жұмыстарды орындаудың дәстүрлі әдістемесіне сүйене отырып, оқушыларда практикалық сипаттағы ғана қабілеттерді қалыптастыру мысалы, құралдарды жинау техникасы, олардың герметикалылығын тексеру, реактивтер мен материалдармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы, таразыға тарту, қыздыру, тендеулерді жазу және қорытындылар жасауды үйрету ғана дұрыс деп табады. Аз дәрежеде коммуникативті, ақпараттық технологиялар негізінен практиканы ұйымдастырушылық қабілеттерге көңіл бөлінеді, сондықтан оқушылардың даму деңгейінің жоғарылауына тежеу болады. Бірақ, мектептегі химияны оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың дәл осы танымдық-зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға келіп тіреледі. Осыған байланысты орта жалпы білім беретін мектептің оқу процесіне проблемалық, зерттеушілік әдістерді енгізу қажеттігі туады. Бұл инициативаны және туындайтын мәселелерді шешуге творчестволық ұстаным тәрбиелеуде үлкен роль атқарып, оқушылардың белсенді позицияларын және логикалық ойлауын дамытады [7,63 б].

Қорыта келгенде химияны оқыту практикасында кейбір мұғалімдердің оқушыларда терең білімдермен қатар жоғары сапалы практикалық қабілеттер қалыптастыруға ұмтылатын, оларды жұмысты саналы және өз бетінше орындауға үйрететін тәжірибелері де белгілі. Соңғы жылдар білім беру жүйесінде компьютерлік техниканы пайдалану белсенді кезең ретінде қарастырылуда. Білім беру жүйесін ақпараттандыру процесі ақпараттық қоғам жағдайында толыққанды өмірге адамды даярлау болып табылады. Қазақстан мектептерінде виртуалды эксперименттер тек ірі қалалардағы мектептерде ғана қолданылуда. Өйткені виртуалды экспериментті ұйымдастыру үшін, лабораторияны арнайы модельдеу арқылы компьютермен жүйелеп, эксперименттер кешенін құрастыру керек.

1. Трухин А.В. «Об использовании виртуальных лабораторий в образовании» // Открытое и дистанционное образование. – 2002. – № 4 (8) .

2. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. «Химияны оқыту әдістемесі», Оқу құралы. –Алматы: Print –S, 2005. – 354 бет.

3. Виртуальные лаборатории в учебном процессе химии, С.А. Запругаев, С.Д. Кургалин, С.А. Хорошавин, Воронежский государственный университет;

4. Кобякова И.А., Филиппова Е.Б., Дикая Н.Н., Щербаков В.В., Кольцова Э.М. Виртуальный лабораторный практикум по общей химии: для студентов I курса: электронное учебное пособие /регистрац. свид-во №33684 – ФГУП НТЦ

5. Чернобельская Г.М. «Методика обучения химии в средней школе», Москва, Владос 2000 г.

6. Гаврилов Н.А., Имакаев В.Р., Шубин С.В. Развитие инновационных моделей дистанционного обучения, как направление информатизации образования на региональном уровне // Телекоммуникации и информатизация образования. - 2006. - 2. - С. 129-134.

7. Новикова А. В. Использование на уроках химии в 9 классе «Виртуальной химической лаборатории»(на примере темы «Щелочные металлы и их соединений»)//Вестник МарГТУ., 2005 г.

## Резюме

### Улучшение качества уроков химии посредством применения виртуальных лабораторных работ

Манапов Н.Т. –преподаватель

Казахский Национальный педагогический университет им. Абая

В статье, при обзоре литературы, проведен анализ методической основы использования виртуальных лабораторий. Повышение преподавания через использование новых информационных технологий – тенденция информатизация учебного процесса, направленного обучать индивидуальную личность, осуществляя цели обучения. Рассмотрены вопросы эффективного и качественного повышения учебно-воспитательных тенденций всех уровней. Одна из целей, внедрение компьютерных технологий в процесс обучения - формирование творческой личности, которая может активно участвовать во всех отраслях общественной жизни и самостоятельно работать. В статье раскрыты, как положительные, так и негативные стороны внедрения в процесс обучения электронных учебных материалов и виртуальной лаборатории по химии.

**Ключевые слова:** интерактивные технологии, информационно –коммуникационные технологии, виртуальный эксперимент, виртуальное исследование, виртуально - информационное обучение.

## Summary

### Improvement of quality of lessons of chemistry by means of application of virtual laboratory works

Manapov N.T. – senior teacher

Kazakh National Pedagogical University by Abay

In article, at the review of literature, the analysis of a methodical basis of use of virtual laboratories is carried out. Increase of teaching through use of new information technologies – a tendency informatization of the educational process directed to train the individual personality, carrying out the training purposes. Questions of effective and high-quality increase teaching and educational tendencies of all levels are considered. One of the purposes of introduction of computer technologies in training process - formation of the creative person who can actively participate in all branches of public life, to work independently. In article are opened, both positive, and negative sides of introduction in process of training of electronic training materials and virtual laboratory in chemistry.

**Keywords:** Interactive technologies, information – communication technologies, virtual experiment, virtual research, virtual-information training.

ӘӘЖ 396/397+17

### МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУДА ХИМИЯ ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫН МОДУЛЬДЕУ ЖОЛДАРЫ

Өнербаева З.О.- доцент, п.ғ.к., [uner\\_68@mail.ru](mailto:uner_68@mail.ru)

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**Аннотация:** Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі оқушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын кеңірек қолдануы. Химия пәні мұғалімдерінің іс – тәжірибесінде әртүрлі оқыту технологияларын пайдалану, оның жетістіктерін болжау, өз бетінше жобалау мен құрастыру сияқты негізгі міндет – мақсаттар туындауы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда ұсынылып отырған мәселе химия пәнін оқытуда жеткілікті дәрежеде шешімін таба алмай отырған, бірақ өмірде талап етілетін жүйе деп айтуға болады.

Қазіргі таңда оқыту үрдісін жоспарлау, қолдану және бақылаудың тиімді әдістерін ұсынушы жаңа педагогикалық технология түрлері көптеп саналады. Олардың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын жеке адамды қалыптастыру. Мұндай жағдайда тұлға білімді өз бетімен алып, сол білімді алға қарай алып жүретін және шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқу үрдісі қажет. Осыдан дәстүрлі оқыту әдістемесі орнына педагогикалық жаңа іс – әрекеттерді анықтап, оны теориялық және практикалық жағынан ұқыпты түрде әбден дайындап алу қажет. Орта мектептегі химияны оқытудың жаңа әдістемелік жүйесі дәстүрлі оқыту үрдісін қазіргі заман талабына сай өзгертудің қажеттігін атап көрсетеді. Сондай – ақ, оқытудың жаңа технологияларының түрлерін терең танып, оларды оқыту үрдісіне тиімді түрде енгізуді негіздейді. Педагогикалық процестің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін, сонымен қатар білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып оқушыға берілетін білімнің өмірге үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның дербес ерекшелігін ескеріп, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивті қадамының бірі – модульдік оқыту. Модульдік технологияның артықшылығы ол білімнің жүйелілігі мен оқу нысанасының ішкі логикалық байланысын түсіну, білімнің түсініктілігі, тиянақтылығы, өтілген материалды есте сақтап, оған сүйене отырып жаңа білімді қабылдау, білімнің нақтылығы, алған білімді іс – жүзінде пайдалана білуі. Ал, модульді оқыту технологиясының басты ерекшелігі ең алдымен оқушы өзінің жеке интеллектісін жүйелі дамытады.



**Түйін сөздер:** модуль, модульдік бағдарлама, модульдік оқыту, модульдік технология, оқу моделі, модульдік сабақ.

Әрбір оқу пәнінің өзіне тән ерекшеліктері мен өзінің заңдылықтары бар. Олардың әрқайсысы оқытудың ерекше әдістерін ұйымдастыруды талап етеді. Оқыту процесі әрқашан мұғалімнің басшылығымен өтеді. Білім алу, біліктену және дағдылану процесі. Оны «оқу» деп атап жүрміз. Ал «оқыту» ұғымы оқушылардың жүйелі білімі мен білігін, дағдысын қалыптастыруға, таным және ізденушілік қабілетін дамытуға бағытталатын педагогикалық процесс. Олай болса, оқытып үйрету мен оқып үйрену оқыту процесінің екі ерекше қыры. Оқытудың сапалы нәтижесі мұғалім мен оқушының белсенді әрекетіне (оқыту және оқу) тығыз байланысты.

Әлемдік әдістеме тарихында оқытуды ұйымдастырудың бірнеше жүйесі мәлім. Оқытудың анағұрлым ерте, тарихи қалыптасқан ұйымдастыру жүйесі оқытудың жеке дара – топтық жүйесі.

Ендеше, бүгінгі таңда пәнді оқытудың жаңа технологиясын іздестіріп жатқан кезде мынадай мәселелерді қайта қараудың мезгілі жетті деуге болады: алдымен пәннің мазмұны мен құрылымын ғылыми тұрғыда сұрыптау және сабақты оқытуды ұтымды ұйымдастыру.

Әлемдік модульдік оқыту тәжірибесінде оқытудың мынадай жүйелері қолданылуда: алгоритімдік, оқытуда өзін – өзі басқару, аудиовизуальды, автоматталған басқару және бағдарламалық [1].

Модульдік оқытуда ең бастысы, субъект – субъектілік мұғалім мен оқушының өзара әрекетті. Олар бірігіп модульдік оқытудың аралас жүйесін құрайды. Модульдік оқытудың осы аралас жүйесін қосымша ретінде жоғарыда аталған оқыту жүйелері енуі тиіс, себебі модульдік оқыту мазмұны жеке блоктардан тұратын модуль болып табылады. Сондықтан химия пәнін модульдік оқытуды ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі қандай болса, оқушының да рөлі сондай болмақ.

Сонымен жоғарыда айтылғандар модульдік технологиямен оқыту дегеніміз - мұғалім мен оқушының екі жақты бір тұтас белсенді әрекетінен тұратын және модуль бойынша оқыту тәжірибесінде қолданылған басқа оқыту жүйелерімен тығыз байланысқан, оқытудың жаңа технологиясына бейімделген оқытудың ұтымды жолы деп түсінеміз. Оның негізгі құралы оқытуда мұғалім мен оқушылардың арасындағы субъект – субъектілік қатынасты жүзеге асыруға қажет белгілі білім, білік, дағдыны өзіндік және белсенді түрде меңгеруге мүмкіндік беретін модуль [2].

Химия пәнін модульдік оқытудың салалануы мұғалімнің оқыту әдістерін ұтымды тұжырымдағандай, оқыту әдістерінің таңдалу және қолданылу процесі педагогиканы тек ғылым ретінде танып қана қоймай, оны өнер рангіне көтеруге де мүмкіндік береді.

Демек, әдістерді таңдау және оны қолданудың қарапайым жолын ғана игеруге болмайды. Ол үшін әрқашан нақты жағдайларды ескеру қажеттігі туралы диалектикалық қағиданы ескеру керек.

Ғалым – ағартушы А. Байтұрсынұлы 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналының 8 – санында жарияланған «Қай әдіс жақсы» деген мақаласында «Әдіс деген қатып семіп қалған догма емес» деген тұжырым айтады. Ғұлама ғалым одан әрі ойын былай сабақтайды: «Жақсы дерлікте жаман дерлікте бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу. Әдіс керектіктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы – жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай.» Сөйтіп бұл ойын: «Әдістің де озығы бар, тозығы бар, әрбір ұлт тіліне лайықты – лайықсызы бар, қолайлысын таңдап алу да күрделі іс» - деп түйіндейді.

Әдістемелік тұғырнамамыздың негізі ретінде алып отырған, ұлы ұстаздың бұдан 70 – тен астам жыл бұрын көрегендікпен айтып кеткен осы тұжырымының күні бүгінге дейін ғылыми – әдістемелік, тәлімдік мәні зор екені даусыз.

Нақты педагогикалық жағдайда мұғалімнің өзі ғана тиімді әдіс таңдай алады. Бірақ бұл әдістерді сұрыптаудың нақты өлшемі жоқ дегенді білдірмейді. Әдістерді сұрыптау барысында жеке тұлғаның даму мақсаттары мен міндеттерін ескерген өте маңызды.

Модульдік технология арқылы оқытуда нақты модульдің мазмұнын меңгеру үшін ұйымдастырушылық өрнекте қолданылатын әдістер кешені болуы керек. Мұндай оқытудың тиімділігі модульдік бағдарламаның сапасы мен сауатты құрастырылған ұйымдастыру жүйесіне байланысты [3].

Нақтылы жағдайда химия пәнін оқытуды сапаландыру міндеті – жоғарыда аталған барлық мәлім әдістердің бүкіл аспектілерін өзінің бойына сіңірген бір – бірін толықтыратын әдістердің жиынтығын жасау, әр модульде берілетін өзгеріп отыратын оқу жұмысының әр қыры мен жағдайын ескере отырып белгілі модульдің мақсаты мен міндетін ұтымды шешуді қамтамасыз ететін әдісті немесе әдістер жүйесін таңдау деген сөз. Модульдік технологиямен оқытудың аралас жүйелерін жүзеге асыру, оқыту әдістерінің кең спектрін, яғни классикалық және қазіргі әдістерді қолдануды талап етеді. Модульдік технология арқылы оқытудың міндеттері мен жолдарын айқындап, модульдік бағдарлама құру ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, 9 – сынып химия пәніне модульдік бағдарлама даярланды. Модульдік бағдарламада модуль мазмұнына оқушылардың алдын – ала білімі, өз бетінше игеретін жұмысы, модульді сабақтарда қолданатын интерактивті әдістер жазылды. Модуль мазмұнында оқушылардың осы модульде игерілетін білім мазмұны көрсетілді. Мұнда қарастырылған тақырыптар өзара үндестігіне сай сабақтастықпен біріктіріледі. Оқушылардың алдын – ала білімі мен білігіне сүйене отырып, жаңа модуль оқытса, ұғымдарды игеру дәйекті, білімі терең және тиянақты болып қалыптасады, іс – әрекеттері толықтырылады, оқушылардың ақыл – ойын дамытады.

Модульдік бағдарламаның үшінші бағанасында оқушылардың өз бетінше игеретін білімі мен білігі, яғни оқушылардың модульді игеру барысында жүргізілетін жұмыс түрі: зертханалық тәжірибе, оқулықпен жұмыс, деңгейлік үлестірме тапсырмаларды орындау, эксперименттік есептер шығару, тірек – сызбамен жұмыс істеу, қосымша материалдар дайындау және т.б. жұмыс түрлері берілді [4].

Соңғы бағанада осы модуль бойынша өткізілген сабақтарда қолданылатын интерактивті (белсенді) оқыту әдістерді: әңгімелесу, баяндау, оқытуды өзіндік ұйымдастыру, объектіні зерттеу, салыстыру, өзара оқыту, практикалық, индукция, дедукция, және т.б. берілді. Мысалы: әңгімелесу – екі жақты баяндауға жатады. Әдістің мәні мұғалім – сұрақтар қояды да, оқушылар жауап қайтарады. Баяндалғалы отырған материалдың кейбір мәселелері оқушыларға таныс болғанда қолданылады. Мұғалім мен оқушы іс – әрекетінің сипаты және мақсатына қарай бұл әдіс хабарлама, эврикалық және бақылау, қорытынды әңгімелесу әдістері деп жіктеледі. Әңгімелесу мұғалімнің шеберлігін және сезімталдығын қажет ететін күрделі әдіс, оған қойылатын талаптар: әңгімелесудің мақсатын, негізгі міндетін оқушыларға жеткізу, белсенді қатысуға ынталандыру; әңгімелесудің мазмұнын анықтайтын сұрақтарды белгілеу және жіктеу, қойылу ретін және тұжырымдалуын ойластыру; негізгі және қосымша сұрақтардың ара қатынасын анықтау; әңгімелесудің нәтижесін жинақтап, қорытынды жасау. Оқулықпен өзіндік жұмыс – қазіргі педагогиканың және мектеп реформасының негізгі талабы – оқушыларды оқи білуге үйрету, оларда оқу еңбегінің жалпы және әр пән үшін арнайы біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Осындай оқу біліктерінің ішіндегі ең маңыздысы – кітаппен жұмыс істей білу. Оқулықпен жұмыс істеу әдісі жаңа материалды игеру, алынған білімді бекіту, қолдану және тексеру үшін пайдаланылады. Оқулықпен өздігінен істелетін жұмыстардың түрлері: қарапайым тексті жеке бөліктерге бөлу, әр бөлігіне ат қою; текстегі материалдың баяндалу жоспарын жасау, ғылыми білім жүйесінің құрылым элементтерін, яғни ғылыми деректер, ұғымдар, заңдар, теориялар, зерттеу әдістері және қолданбалы білімді табу оны сызбанұсқа түрінде өрнектей білу. Элементтер және олардың қосылыстарының табиғатта таралуы және қолданылуы тәрізді деректі материалдарды оқулықпен өздік жұмыс істеу арқылы жақсы үйренуге болады. Практикалық сабақ кезіндегі байқауларды оқулықтан теориялық тақырыптарды оқып, тапсырмаға сәйкес оқушылар белсенді жұмыс істейді. Оқушылардың эксперименті бұл сарамандық іс – әрекетті тиімді ұйымдастыру болып табылады. Мұнда заттар мен химиялық реакцияларды танып біледі және ол арқылы заттардың құрылысы мен қасиеттерінің арасындағы тәуелділікті, заттардың генетикалық байланысын, химиялық құбылыстардың мәнісін түсінеді, сарамандық біліктер мен дағдылар алады. Зерттеу әдісіне қойылған мәселені шешкенде оқушылардың дәйектілігі арта түседі. Үлестіріліп берілетін материалдармен жұмысты, химиялық тәжірибелерді өздігінен орындайды, құралдар құралады, модельдер жасайды; графикалық жұмыстар және т.б орындайды.

Модульдік бағдарламаларда білімді жүйеге келтіру және қорытындылауда рольдік ойын, сынақ түріндегі өткізілетін сабақтарда қарастырылған. Оқушылардың білімін, білігін және дағдысын қортынды тексеру сынақ түрінде жүзеге асырылады. Сынақ кезінде белгіленген сұрақтар бойынша

жауап береді немесе эксперимент және сан есептерін шығарады. Оқушыларды толық қамту үшін жартылай жазбаша (химиялық диктант, бақылау жұмысы), жартылай әңгімелесу түрінде өткізілуі мүмкін. Химияны модульдік оқытуда мектеп бағдарламасы бойынша өткізілген сабақтар санымен салыстырғанда сағат саны ұтымды пайдаланылады. Оқушының танымдық іс-әрекеті тиімді ұйымдастырылады. Ұсынылған оқу материалын оқушылар толық игеруге мүмкіндігі болады.

Модульдік бағдарламаға 1, кестеге сай, 9 – сынып химия пәнінен модуль арқылы өткізген сабақта, мұғалім оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырушы, бірлескен іздену іс – әрекетінің мүшесі қызметін ғана атқарады. Модуль арқылы өткізген сабақтар құрылымын ойластырғанда оның барлық бөлімдері арасындағы сабақтастық пен оған бөлінетін уақыттың сәйкестігін ескерген жөн. Орындалатын жұмыстарға уақытты тиімді бөлу – педагогикалық еңбектің ең негізгі элементі (Кесте 1).

Үнемделген сағаттарды теориялық білімді пайдалана отырып, эксперименттік есептер шығаруға жіберіледі.

Оқушылардың модуль оқу мазмұнын толық игергендігін білу үшін күрделі тапсырмалар орындалады, бұл кезде әр оқушының өзінің білімінің олқы жақтары анықталынып, түзету, толықтыру мүмкіндігі болады.

Оқушылардың материалды толық игеруге:

- Ондағы материалды бірнеше рет салыстырмалы түрде қайталануынан;
- Әр сабақта барлық оқушыдан іс – әрекет кезінде еске түсіру мүмкіндігінің болуынан;
- Эксперименттік есептер шығару арқылы теориялық материалдарды қайталау мүмкіндігінің болуынан барлық жағдай жасалған (Сурет 1).

Сондықтан да мұндай жағдайда мұғалімнің алға қойған мақсатқа толық жете алды деп айта аламыз. Мақсаттың анық болуы, білік пен дағдының көрсетілуі, оқушыға да өз бетінше білім алу мен уақытылы толықтырулар жасауға мүмкіндік береді.

Егер, модульдік бағдарламалардағы әрбір модульдің мазмұнына тоқталсақ, бастапқы «Электролиттік диссоциациялану теориясы» модуліне оқушылардың химиялық элементтердің, олардың қосылыстарының қасиеттері туралы білгендерін кеңейту жаңа бір саты болып табылады. Бұл модульді сабақтың нәтижесінде электрон – иондық тұжырымдар негізінде оқушылардың бейорганикалық заттардың негізгі кластары туралы білімі кеңейеді. Модульдік сабақтың мақсаты – диссоциация процесінің мәні, механизмі және жүру жағдайы туралы ұғымдарды қалыптастыру, электролит заттар, иондардың ерітіндідегі жағдайы және олардың өз араларында жүретін реакциялар туралы білім беру (Сурет 2).

Бұл модульдік сабақтың нәтижесінде оқушылар мыналарды: электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қарағандағы бейорганикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерін білуі; негіздердің, қышқылдардың, тұздардың диссоциациялану реакцияларын, сонымен қатар, иондардың алмасу реакцияларының толық және қысқартылған тендеулерін жаза білулері тұздардың гидролизге түсетін, не түспейтінін, олардың ерітінділерінің индикаторларға әсерін және ол бойынша электролиттің диссоциациялану дәрежесі және ол бойынша электролиттің күшін (әлсіз, күшті) анықтау сияқты білімі мен біліктерін қалыптастыруы керек [5].

Кесте 1  
«Электрліттік диссоциациялану теориясы бойынша модульдік бағдарлама (9-сынып химия пәнінен)»

№	Модульдің аты	Сағат саны	Модуль мазмұны	Оқушылардың алдын-ала білімі мен білігі	Оқушылардың өз бетінше игеретін білімі мен білігі	Оқыту әдістері
1	Э Л Е К Т Р Л И Т Т І К	2	Электродиттер және бейэлектродиттер туралы түсінік; электродиттік диссоциациялану; электродитті еріту процесін жүзеге асырудағы су молекуласының ролі	Электр тогы; өткізгіштердің тектері; полюсті ковалентті және иондық химиялық байланыс; кристалдық тор түрлері; «катион» және «анион» ұғымдары; су молекуласының құрылысы.	Зертханалық тәжірибе: заттардың электр өткізгіштігін анықтау және тәжірибе нәтижесін түсіндіру. Зертханалық тәжірибе: еру процесінің химиялық реакцияларға қатынасын дәлелдеу.	Объектіні зерттеу әдісі, үлгі көрсету әдісі, салыстыру әдісі.
		1	Қышқылдардың, негіздердің және тұздардың судағы ерітінділерінің электродиттік диссоциациялануы.	Қышқылдардың, негіздердің және тұздардың формулалары. Заттардың ерігіштігі туралы түсінік. Ерігіштік кестесін қолдана білу.	Қышқылдардың, негіздердің және тұздардың судағы ерітінділерінің электродиттік диссоциациялану теңдеулерін деңгейлі түрде үлестірме тапсырмаларды орындау.	Өзара оқыту әдісі.
		1	Электродиттік диссоциациялану дәрежесі. Әлсіз және күшті электродиттер.	Индикатор түсінің түрлі ортада (бейтарап, қышқыл, сілтілік) өзгеруі жөніндегі түсінік. Концентрациясы бірдей заттардың ток өткізгіштігі.	Оқулықпен жұмыс: электродиттік диссоциациялану дәрежесі туралы сұрақтарға жауап беру.	Оқытуды өзіндік ұйымдастыру әдісі.
		1	Модуль бойынша білімдерді жүйеге келтіру және қорытындылау.		Ойын түрінде қорытындылау.	Бағалау, бақылау жұмысы.

Сурет 1

**9–сынып химия пәнінің мазмұнын модульдеу**




Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланыс – әр пән бойынша жүйелі білім қалыптастыратын күрделі әрі ұзақ процесс, яғни белсенді интерактивті іс – әрекет. Мұғалім осы процесті ұйымдастырып, оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін анықтап, оқытушылардың іс – әрекеттерін басқара отырып, оқыту, дамыту және тәрбиелеу процесін іске асырады. Оқытушылар белсенді оқу танымдық іс –әрекет барысында қажетті білімді меңгереді. Оқытушылардың іскерлігі мен білімді игеру сапасына оқушы мен мұғалім арасындағы іс –әрекеттің дұрыс ұйымдастыруы ғана емес, оқу –

танымдық процеске енгізілген тапсырмалар да жатады. «Оқу тапсырмасының ұғымы оқушының оқу процесі барысында барлық мүмкін іс – әрекет түрлерін теориялық және практикалық тұрғыда іске асыру қабілеті бар екенін білдіреді»[6,7].

Жалпы айтқанда осылайша ұйымдастырылып өткізілген модуль бойынша өткізілетін сабақтарда мұғалімнің барлық оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарын дәл мерзімінде анықтауға мүмкіндігі болады. Сөйтіп оқушы өз бетінше немесе мұғалім көмегімен модуль арқылы мақсатталған нәтижеге жетеді.

Сурет 2.  
2-модуль.  
Электролиттік диссоциация



1 Жанпейсова М.М. Технология модульного обучения. – Алматы, 1998. – 68 с.

2 Safina L.G. Designing lessons using modular technologies. As the example presents the development of a modular lesson The unity of the chemical organization of living organisms on Earth. Spirits. // Chemistry. 2015. - p. 62 – 63.

3 Mazhitova g.z.<sup>1</sup>, Mazhitova d.z. Modular technology education and its impact on the health of school children. // Human. Snauka. 2012. №6 – P.2012.

4 Гареев В.М., Куликов С.И., Дурко Е.И. «Принципы модульного обучения». // Вестник высшей школы. – М., 2007, №8 – С. 9 - 10.

5 Құрманәлиев М.Қ. «Қазіргі педагогикалық технологиялар: оқу құралы». – Алматы, 2010 – 242 б.

5 Өнербаева З.О. Химия пәні мазмұнының модульдік құрылымы. – Известия вузов, Бишкек. 2009. №4. – 259-262 б.

6 Миронова М.Д. «Модульное обучение как способ реализации индивидуального подхода». – Казань, 2013 – 147 с.

7 «Педагогические технологии: учебное пособие». Под.ред. В.С.Кукушкина. – Ростов н/Д., 2002. – с.65-70.

#### Аннотация

##### Пути моделирования содержания химии модульной технологией

Унербаева З.О. – доцент, к.п.н., uner\_68@mail.ru

В настоящее время особенностью в педагогической науке является широкое применение новых технологий направленных на личностное развитие школьников. Применение разных технологий обучения в деятельности учителя химии может привести к возникновению основных цели и задачи как самостоятельное проектирование.

Если взять с этой точки зрения, то предлагаемая задача в обучении химии не находит должного уровня решения, но в жизни она является требуемой системой.

В настоящее время разнообразие новых педагогических технологий предлагают планирование учебного процесса, ее использование, а также эффективные методы контроля. Их основная цель индивидуальное развитие и формирование личности человека. В этих условиях для самостоятельного получения знаний личности, использования этих знаний в дальнейшем, а также для творческой работы необходим работающий учебный процесс.

Взамен методики традиционного обучения определив деятельность новой педагогики, с точки зрения теории и практики необходимо тщательная подготовка.

Новая методическая система показывает необходимость изменения традиционного учебного процесса в соответствии с современными требованиями. А также глубокое изучение новых видов технология, обоснование эффективности внедрения в учебный процесс.

Возможность повышения эффективности педагогического процесса, а также сохранение совокупности обучения и воспитания наравне с сочетаниями знаний с реалиями жизни, учитывая особенности каждой отдельной личности, в соответствии с уровнем знаний дать направление, развитие познавательного поиска как один из прогрессивных шагов – модульное обучение. Преимущество модульной технологии это система знаний и внутренняя логика учебного объекта, понимания внутренней логической связи учебного объекта, понимания знания, конкретности, запоминания пройденного материала, и опираясь на эти знания получать новые знания, точность знаний, и использование полученных знаний на практике.

И наконец, основная особенность модульной технологии, вначале, ученик систематично развивает собственный интеллект.

**Ключевые слова:** модуль, модульная программа, модульное обучение, модульная технология, учебный модуль, модульный урок.

#### Annotation

##### The way of modeling the content of chemistry modular technology

Unerbaeva Z.O. – Docent, Cand. Ped. Sciences, uner\_68@mail.ru

Kazakh National Pedagogical University named after Abay

Currently feature in pedagogical science is the widespread use of new technologies aimed at personal development of students. The use of different learning technologies in the activities of the teacher of chemistry can lead to major goals and objectives as an independent design. If you take this point of view, the proposed objective in the teaching of chemistry does not find a proper solution, but it is required by the system. Currently a variety of new teaching technologies offer the planning of the educational process, its use as well as effective control methods. Their main goal is individual development and personality formation. In these conditions, the self-knowledge of personality, the use of this knowledge in the future, as well as for creative work is a learning process. Instead of traditional methods of learning by defining the activities of the new pedagogy, from the point of view of theory and practice needs thorough preparation. A new methodical system shows the necessity of changing the traditional educational process according to modern requirements. A deep study of new types of technology, evaluation of the effectiveness of implementation in the learning process. The possibility of increasing the efficiency of the educational process and the preservation of the totality of training and education, along with the combination of knowledge with the realities of life, given the characteristics of each individual, in accordance with the level of knowledge to give direction to the development of cognitive search as one of the progressive steps – modular training. The advantage of modular technology is a system of knowledge and the internal logic of



the learning object, the understanding of the internal logical links of the educational object, understanding, knowledge, specificity, memorization of the course material, and based on this knowledge to gain new knowledge, accuracy of knowledge, and the use of knowledge in practice. And finally, the main feature of modular technology, in the beginning, the student systematically develops its own intelligence.

**Keywords:** module, modular program, modular training, modular technology, training module, modular lessons.

ӘОЖ 591

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Жүнісова Р.Ж.** - аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,

**Сексенова Д.У.** - аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

**Андатпа.** Бұл мақалада білім беру жүйесінде студенттің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жайлы айтылады. Адам кәсібилігінің қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Қазіргі таңда отандық ғалымдармен кәсіби құзыреттілік мәселесі белсенді зерттелуде. Көп жағдайда бұл ұғым біліктіліктің жоғары деңгейін және кәсібилікті айқындау үшін ішкі оймен пайдаланылады. Кәсіби құзыреттілік маманның дайындық сапасының сипаттамасы, еңбек қызметінің тиімділік әлеуеті ретінде қарастырылады. Педагогикада бұл категория «жалпы мәдени құзыреттіліктен» туындаған өнімді компонент ретінде немесе «маманның білімділік деңгейі» ретінде қарастырылады. Егер кәсіби шеберлік деңгейлер жүйесінде құзыреттілік орнын анықтайтын болсақ, онда ол орындаушылық пен кемелдену арасында орналасқан.

Құзыреттілік ең алдымен студенттердің ақпараттық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу студент мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Мұнда студенттердің өз бетімен жұмысына көп мән беріледі. Студенттер өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етсе, ал оқытушының мақсаты – студентке білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру. Болашақ маманның кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға тиімді әсер ететін жұмыстардың бірі-жанашыл ұстаздар тәжірибесін үйрену. Бұл тұрғыда да студенттер көптеген тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатысу, оны талдау, әртүрлі байқауларына көрермен ретінде қатысып, өз тәжірибелерін байытуға мүмкіндік алады.

Бұл мақаланың болашақ биолог жастар үшін маңыздылығы ерекше. Яғни, мақалада осы мәліметтер жан - жақты көрсетілген. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

**Түйінсөздер:** білім беру, құзыреттілік, ақпарат, кәсіби құзыреттілік

Қазіргі таңда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім беру, жалпы ғаламдық танымды, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу - көкейкесті мәселе.

Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Жоғары мектептегі білім берудің басты мақсаты - еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт - бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы.

Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның-қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табады.

Кәсіби құзыреттіліктің түрлі бағыттары: педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру негізі - А.А.Орлов, И.Я.Фастовец, С.Т.Каргин; маңызды кәсіби сапаларды дамыту - Е.П.Белозерцов, И.А.Колесникова, А.Е.Кондратенков, Н.В.Кузьмина, И.Я.Лернер, Н.Д.Левитов, М.Н.Скаткин, В.А.Сластенин; педагогикалық шығармашылық мәні - В.И.Загвязинский, Ю.Н.Кулюткин, М.М.Поташник; педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық негіздері-Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин және т.б. еңбектерінде ғылыми негізде тұжырымдалған.

Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), М.В.Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру), С.И.Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген.

“Құзыреттілік” түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. “Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік” ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, “кәсіптілік”, “біліктілік”, “кәсіби мүмкіндіктер” және т.б. түсініктерді біріктіреді. [2]

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері».

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

«Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік (латынның *competentis*-бейім сөзінен)–қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген.

Орыс тілінің сөздігінде «құзыреттілік» термині «әлдекімнің жақсы хабардар болуы мәселесі төңірегінде» деп көрсетіледі.

Латынның «*compe*» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды. Кәсіби құзыреттілік категориясын айқындау үшін оларды әр түрге айналдыру, нақтылау және жалпы логикалық ұғымға біріктіруді жүзеге асыру керек дегенді білдіреді.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымын берген.

Қазіргі таңда «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген анықтама берілген.

Сонымен педагог-психолог, ғалымдардың пікірі бойынша кәсіби құзырлылықтың қатарына келесі қабілеттер жатады:

а) бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б.);

б) мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

в) оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

г) коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

ғ) ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

д) әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

е) тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті). [5]

Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табады.

“Құзыреттілік” түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. “Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік” ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, “кәсіптілік”, “біліктілік”, “кәсіби мүмкіндіктер” және т.б. түсініктерді біріктіреді. [2]

Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары “құзыреттілік” және “құзырет” сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. “Құзыреттілік” – хабардар болушылық, абыройлық; “құзырет” – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы.

Ғалым С.М.Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Кәсіби құзыреттілік competences - қабілетті, белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері», - деген анықтама берілген.

Ғалым Дж. Равеннің «Қазіргі заманға қоғамдағы құзыреттілік» атты еңбегінде «кәсіби құзыреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деген анықтама беріледі. [3]

Л. М. Митина «құзыреттілік» ұғымына «білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесімде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері», - деген анықтама береді. [4]

Г.Ж. Ниязова зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «Білім беру құзырлары — бұл студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы», - деп анықтама береді.

Б. Т. Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез - келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады», - деп анықтама береді. [5]

Ғалымдардың пікірінше мұғалімнің кәсіби дайындық күйінің пайда болуы мен қалыптасуы, оның кәсіптік қызметтің міндеттерін, жауапкершілігін саналы түсінудімен және осы бағытта табысқа жету ынтасымен анықталады. Оқу процесінде, соңынан, келешек еңбектену жолында кәсіби дайындықтың атқаратын функциясының кеңеюі мен сапалық тұрғыда дамуын оқытудың, жұмыс істеудің шарттары және міндеттері ғана емес, сонымен қабат, тұлғаның қабілеттері, қасиеттері, тәжірибесі мен мотивтері анықтайды.

Біздің студенттерді дайындаудағы бағытымызбиология пәнін оқыту болғандықтан, студенттерге биология сабақтарында қолданылатын көрнекіліктер, тест тапсырмаларын дайындау, дидактикалық тапсырмалар топтамасын жасау, генетикалық әдістерімен есептерді талдау үлгісі, оқулықпен жұмыс істеу: биологиялық есептерді бағытына қарай жүйелеу, мемлекеттік стандартта көрсетілген міндетті және мүмкіндік деңгейінің материалдарын оқулықтан іріктеу сияқты тапсырмалар беріліп, студенттер оны тиісті дәрежеде орындай алатындықтарын сабақ барысында байқатады.

Құзыреттілік ең алдымен студенттердің ақпараттық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу оқушы мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта

өндеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Мұнда студенттердің өз бетімен жұмысына көп мән беріледі. Студенттер өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етсе, ал оқытушының мақсаты – студентке білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру.

Студенттен негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер:

- білімді өз бетінше талдауға;
- өз қызметіне мақсат қоюға;
- жоспарлауға, жинақтауға;
- қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге;
- өзін-өзі бағалауға;
- өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге;
- нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға.

Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, студенттерге негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуын тексеруге арналған тапсырмалар жинақтауға болатындығы анықталынды.

Болашақ маманның кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға тиімді әсер ететін жұмыстардың бірі-жаңашыл ұстаздар тәжірибесін үйрену. Бұл тұрғыда да студенттер көптеген тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатысу, оны талдау, әртүрлі байқауларына көрермен ретінде қатысып, өз тәжірибелерін байытуға мүмкіндік алады.

Болашақ маманның кәсіби – дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін жүйелі де мақсатты жұмыс нәтижеге жеткізетінін аңғаруға болады. Сонымен, кәсіби құзыреттілік дегеніміз ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

1. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж. Педагогика:- Астана: «Фолиант», 656 б.

2. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация:- Москва, «Когито-центр» 2002 с.396

3. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя: - Москва, «Флинт» 1998 с.220

4. Омарова Л.Т. «Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары»

6М010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның рефераты:- Қызылорда, 2013 23 б.

5. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту//Білім берудегі менеджмент, №4,2009. 40-44 б.

#### Аннотация

#### Формирование профессиональной компетентности студентов в системе образования

Жунусова Р.Ж. – ст.преподаватель

Сексенова Д.У.- ст.преподаватель

Казахский национальный педагогический университет им.Абая

Статья посвящена формированию профессиональной компетентности студентов. Профессионализм человека складывается из профессиональных компетенций. Современные аспекты исследования, связанные с профессиональной компетентностью студентов отражены во многих

работах: формирование профессиональной компетентности специалистов в системе высшего образования; организационно-педагогические условия формирования профессиональной компетентности рабочих и др.

В связи с этим, проблема формирования и развития профессиональной компетентности специалистов уделяется большое внимание, хотя задача поиска новых учебно-педагогических подходов к её решению остаётся до сих пор актуальной.

Современное общество требует от выпускника профессиональной активности, самосовершенствования, практического и результативного выполнения своих профессиональных обязанностей, активного участия в инновационной деятельности предприятия. Следовательно, основной задачей университета, наряду с формированием общих компетентностей, включающих в себя понимание сущности и социальной значимости своей профессии, организацию собственной деятельности, выбора способов и методов выполнения профессиональных задач, умение работать в коллективе или в команде, является формирование профессиональной компетентности студента.

Естественно, что студент-выпускник не является специалистом, который достиг высокого уровня профессионализма. Несмотря на это, он должен обладать возможностью профессионально развиваться и совершенствоваться. Поэтому, необходимо формировать у студентов основополагающие фундаментальные знания, способствующие в будущем достижению более высокого уровня профессиональной компетентности.

Содержание образования должно включать в себя овладение определенными учебными предметами, в процессе которого формируются не только профессиональные знания и умения, но и профессиональная компетентность. Активная субъектная позиция студента в образовательной деятельности также способствует развитию его компетентности.

**Ключевые слова:** образование, компетентность, информация, профессиональная компетентность

#### **Annotation**

#### **Formation of professional competence of students in the education system**

**Zhunuova R.Zh.**-Senior Lecturer

**Seksenova D.U.**-Senior Lecturer

Kazakh National Pedagogical University named after Abai

The article is devoted to the formation of professional competence of students. The professional of the professional person develops competence. Modern aspects of research related to the professional competence of students are reflected in many works: the formation of professional competence of experts in higher education; organizational and pedagogical conditions of formation of professional competence of workers and others.

In this regard, the problem of formation and development of professional competence of experts paid much attention, although the task of finding new teaching and pedagogical approaches to its solution remains still relevant.

Modern society demands that graduates of professional activity, self-improvement, practical and efficient execution of their professional duties, active participation in the innovation enterprise. Therefore, the main task of the university, along with the formation of the general competences, including the understanding of the nature and social significance of their profession, organizing their own activities, the choice of methods and techniques in the implementation of professional tasks, ability to work in a team, or a team, is the formation of professional competence of the student.

Naturally, the graduate is not a specialist, who has reached a high level of professional. Despite this, he must be able to develop professionally and improve. Therefore it is necessary to shape students' basic fundamental knowledge that contribute to the future achievement of a higher level of professional competence.

The content of education must include mastery of specific academic subjects, which are formed in the process of not only the professional knowledge and skills, and professional competence. Active subjective position of students in educational activities also promotes the development of its competence.

**Key words:** education, expertise, information, professional competence

## ТУРИЗМ

ӘОЖ 330.3 (05) (575.2) (04)

### АЗЫҚ - ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Б.Ш. Абдиманапов** - *з.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Bahadur\_66@mail.ru*

**І.Е. Каметова** - *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты, Қазақстан*

**Аннотация.** Бұл мақалада Қазақстандағы тағамдық өнімдердің қауіпсіздігін мәселелері қарастырылған. Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды мәселе болып табылады. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігін және ауыл шаруашылығы секторының ресурстық әлеуетін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп өндірісі саласындағы үкіметтің экономикалық саясатының бөлігі ретінде ауыл шаруашылығы саясаты қарастырылған. Азық-түлік қауіпсіздік деңгейі мына критерийлер бойынша бағаланады: елдің азық-түлікпен өз-өзіне жеткіліктілігі, азық-түлік өндірісінің экономикалық және физикалық қол жетімділігі. Азық-түлік қауіпсіздік жағдайы халықтың мемлекеттік көрсеткіштері кең ауқымда бағаланады. Бастапқы кезеңде азық-түлік астық қалдықтары өтіп, жан басына шаққандағы табысы болса (бірінші деңгей 20, содан кейін жалпы жылдық тұтыну 16%, қазір критерийлерін кеңейтілген және неғұрлым күрделі болып отыр. Азық-түлік қауіпсіздігін, қазіргі заманғы стандарттар бойынша халықтың жекелеген топтарының жалпы шығыстарының азық-түлік шығыстарының үлесі болып табылады, өнімдердің аумақтық болуы (елдің түрлі аймақтарында бірдей өнімдер үшін бөлшек сауда бағаларының деңгейін салыстыру арқылы өлшенеді), «ыңғайлы» азық-түлік деңгейі (қазіргі заманғы өнімдерін тұтыну үлесі, яғни шығындарды азайтуға және үй шаруашылығында уақытты үнемдеу). «табиғи» дәрежесі және зиянсыз азық-түлік, денсаулық жағдайымен өмір сүру ұзақтығы бойынша өнім сапасына әсері, оның ішінде гендік инженерия және биотехнология әдістерімен алынған өнімдер.

**Түйін сөздер:** аграрлық саясат, ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі, азық-түлік өзін-өзі жеткіліктілігі, азық-түлік өндірісінің экономикалық және физикалық болуы.

Азық-түлік—адамның тіршілік көзі. Азық-түлік қорымен үздіксіз қамтамасыз ету—адамзат қоғамының басты мақсаты. Азық-түлік молшылығын қамтамасыз ету үшін жер, су тағы басқа ресурстар кеңінен пайдаланылады. Азық-түлікті жыл сайын өндіру ауа райына, құрлықтың жер сипатына тығыз байланысты. Азық-түлік қоры дүниежүзінде әртүрлі қалыптасқан. Қазақстанда 800-ден аса өсімдік және мал өнімдері шығарылады. Тамақ өндірісінің 32%-і ет және одан шығатын өнімдерді шығаруға негізделген. Ет өнімдерін шығаратын өндірістер негізінен Алматы, Петропавл, Орал тағы басқа қалаларда орналасқан. Балық өнімдері Атырау балық өнімдері зауытында өңделеді.

Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдайларды қалыптастыру процесінде пайда болатын экономикалық қатынастар кешенін қадағалау. Жалпы мақсаттар негізіндегі келесідегідей нақты міндеттер анықталады:

- азық – түлік қауіпсіздігі категориясының мәнін нақтылау;
- азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономиканың агроөнеркәсіптік секторының жағдайын қарастыру;
- азық-түлік тауарларына қол жетімділікке баға беру;
- республикадағы азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі жағдайын талдау;
- азық-түлік қауіпсіздігін болашақта да нығайту жолдарын анықтау;
- азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін көтеру бойынша іс-шараларды негіздеу.

Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған 2010 жылғы Жолдауында «Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – маңызды мәселе. 2014 жылға қарай азық-түлік өнімдерінің ішкі нарығының 80 пайызын отандық азық-түлік өнімдері құрауы тиіс. Бізде бұған толық мүмкіндік бар»[1], – деп бүгінгі таңда ғаламдық мәселенің біріне айналып отырған азық-түлік қауіпсіздігі төңірегінде отандық өнімдердің орнын ерекше атап көрсетіп, бұл саланы ойдағыдай дамытуға қол жеткізуіміз керектігін қатаң тапсырды.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – күрделі жаһандық мәселе және Қазақстан Республикасы үшін де ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі орталық мәселелердің бірі болып табылады, өйткені азық-түлікпен сенімді қамтамасыз етпейінше бір де бір ел басқа мемлекетке тәуелділіктен құтыла

алмайды. Қазақстан экономикасының тұрақтануы және экономиканың өсуі бұл мәселенің өткірлігін бәсеңдетеді. Бірақ, енді ғана басталып келе жатқан экономикалық өсу 90-жылдары туындаған дағдарыстың салдарын жойып жіберді деп айту мүмкін емес. Мұндай тұжырымды жасауға республиканың азық-түлік қауіпсіздігінің жағдайы, аграрлық өнеркәсіптің (шынайы даму тенденциясы) және отандық азық-түлік нарығының шынайы даму тенденциясы, оның деңгейінің әлемдік, азық-түлік нарығындағы өзгерістерге тәуелділігі, елдің әртүрлі аймақтарындағы халықтардың әлеуметтік жағдайы мен төлем қабілеттілігі жағдайы негіз болып табылады.

Жалпылаған түрде халықтың азық-түліктік қауіпсіздігі жағдайының бағасы:

➤ Қажетті түрде, кез-келген уақытта еліміздің барлық аумағында азық-түліктің болуын тағамның қолжетімділігімен;

➤ Азаматтың әлеуметтік мәртебесі мен тұрғылықты жеріне қарамай табыс деңгейі оған, ең болмағанда аз деңгейде тұтыну үшін азық-түлік алуға мүмкіндік беретіндігі, тағамның экономикалық қолжетімділігімен;

➤ Тұтыну үшін азық-түліктің қауіпсіздігі, яғни тұрғындардың денсаулығына қауіпті сапасыз тамақ өнімдерін өндіру, тарату мен тұтынуды болдырмау мүмкіндігімен анықталады[2].

Н.С.Оглуздин «Азық-түліктік қауіпсіздік» мақаласында мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін сипаттау үшін бәрімізге мектеп қабырғасынан белгілі, әрқайсысы тағам өндіру салаларының, тұрғындарды тағаммен қамтамасыз ету деңгейінің, азық-түлік сапасының, оның қоғамның барлық топтарына қолжетімділігінің, азық-түліктің стратегиялық босалқы қорларын өсіру бойынша көлемі мен мүмкіндіктерінің, өндіріс және ғылыми-техникалық базаның және тұратын орнын сақтау және жақсарту бойынша мүмкіндіктерінің жағдайына қарай анықталатын бағаның бес балдық жүйесін ұсынады. Оның пікірінше, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне, егерде:

➤ ел тұрғындары ғылыми-негізделген ереже бойынша жынысы, жасы, еңбек жағдайы, ұлттық дәстүрлері мен табиғи-климат жағдайлары ескерілген экологиялық таза, денсаулық үшін пайдалы отандық азық-түлікпен қамтамасыз етілген жағдайда;

➤ Бұл азық-түліктің бағалары барлығына, көпбалалы отбасына, ұлты мен мамандығына қарамай барлық пенсонерлерге қолжетімді болса;

➤ Табиғи апат, соғыс немесе басқа да төтенше жағдайларға азық-түліктің стратегиялық босалқы қорлары жасалса. Бұл қор азық-түлікті мөлшерлеп тарату енгізілген жағдайда бес жыл көлемінде елді аштықтан қорғайды. Мәселен, АҚШ пен Швецарияда, бұл мерзімге азық-түлік пен астықтың қоры құрылған. (Білуімізше, інжіл Иосиф кеңесі бойынша Ежелгі Мысырда жеті жылдық құрғақшылық кезінде аштықты болдырмайтын азық-түліктің қоры құрылған болатын);

➤ Ғылым жоғары әлемдік жетістіктермен бір деңгейде тұр және де тіршілік атаулының барлық саласын техниканың, технологияның жаңа үлгілерімен қамтамасыз етеді, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының генофондын жақсартып, болашақта қоғамның дамуы жайлы анық болжам жасайды.

➤ Агроөндіріскешені (АӨК), балық және орман шаруашылығы мықты дамып, қорды көбейту үшін азықтың өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік беретін және соғыс немесе табиғи апат болған басқа елдерге азықпен көмектесу үшін қорлар жинағанда;

➤ Табиғатты қорғау және табиғатты қалпына келтіру саясаты мен тәжірибесі, тұратын ортаның сақталуы мен жақсаруын қамтамасыз еткенде толығымен қол жеткізуге болады.

Төтенше жағдайда халықты бес жыл шамасында азық-түлікпен қамтамасыз ететін стратегиялық босалқы қорлардан бөлек жоғарыда айтып өткен барлық шарттар орындалған жағдайда азық-түліктік қауіпсіздікке қол жеткізуге болады.

Келесі шарттар орындалған жағдайда, азық-түліктік қауіпсіздікке жарым-жартылай қол жеткізуге болады:

➤ Еліміздің тұрғындары 85%-дан кем емес отандық азық-түлікпен қамтамасыз етілген жағдайда және бұл тағамдар денсаулық үшін экологиялық таза және пайдалы болса. Бұл халықаралық азық-түлік ұйымы қабылданған нормативке жақын (ААҰ);

➤ Бұл азық-түліктің бағасы елдің еңбекші тұрғындарының негізгі бөлігіне қолжетімді.

➤ Азық-түліктің стратегиялық босалқы қорлары шектелген және де төтенше жағдай бола қалған жағдайда халықты тұрақты түрде жабдықтай алмайды.

➤ Өндіріс күштерінің азық-түлік өнімін өсіруге мүмкіндіктері бар;

➤ Ғылыми-техникалық база жоғары дүниежүзілік жетістіктер деңгейінен қалып жатса да, даму үстінде.



Халықтың азық-түліктік қауіпсіздігіне қол жеткізілмейді, егерде:

➤ Ел тұрғындары экологиялық таза және пайдалы отандық азық-түлікпен 60-80% көлемінде қамтамсыз етілген жағдайда;

➤ Бұл азық-түліктің бағасы еңбекші тұрғындарының негізгі бөлігіне қолжетімсіз;

➤ Азық-түліктің стратегиялық босалқы қорлары азайған немесе таусылған;

➤ Өндіріс күштерінің азық-түлік өнімін өсіруге мүмкіндіктері жоқ;

XX ғ. 50 жылдардың аяғында Жапонияда азық-түлікпен *өзін-өзі қамтамасыз ету* секілді көрсеткіш қолдана бастады. Оның көрсеткіші елдегі азық-түлік өнімінің жасалған және тұтынылған құнының арасындағы пайыздық қатынас ретінде ресми жапондық статистикамен есептелген болатын. Ақырында санаудың тағы екі әдісі пайда болды – халық тағамының энергетикалық құрамы негізінде (бұл жағдайда бастапқы нүкте өндірілген және тұтынылған азық-түлік өнімінің бағасы емес, оның калория саны болады) және алғашқы калория негізінде (бұл жағдайда мал шаруашылығы өнімін өндіру үшін қажет азықтағы калория саны арнайы ескеріледі).

Ең төменгі қорытындыны соңғы тәсіл береді. 1960 ж. кейін (ол алғашқы рет есептелген кезде) азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету шамасы төмендей бастады: 1960 ж. – 93%, 1965 ж. – 88, 1970 ж. – 83, 1975 – 79%. Бұл көрсеткіш бойынша Жапонияның басқа бірқатар жоғары дамыған елдерден, әсіресе азық-түлік импорттаушы-мемлекеттерден елеулі айырмашылығы бар, не ол біршама тұрақты (Италия), не өсуде (Ұлыбритания, Голландия)[3]. Сонымен қатар, егерде 1970 ж.– тұтынатын отандық тағамның энергетикалық құрамының деңгейі Жапонияда ағылшыннан жоғары болған болса, 1976 жылдан бастап қарамақайшы тенденция байқала бастады.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің конструктивтік жақтарын жинақтай келе, азық-түліктік тәуелділік шамасы секілді көрсеткіштерге азық-түліктік қауіпсіздік бағасының өлшем тізімін толықтыруды ұсынамыз. Оны есептегенде келесі формуланы қолдану ұсынылады:

$$K = I / P,$$

бұндағы *I* – берілген азық-түліктің импорт көлемі, ал *P* – берілген азық-түліктегі елдің тұтыну көлемі. Сонымен бірге азық-түліктік тәуелділіктің үш деңгейі көрінуі мүмкін:

➤ Егерде азық-түліктік тәуелділіктің шамасы 0,1 ден 0,2 аралығында тұрса, онда азық-түліктік қауіпсіздіктің деңгейі қауіпсіз;

➤ Егерде азық-түліктік тәуелділіктің шамасы – 0,5-0,3, онда азық-түліктік қауіпсіздіктің деңгейін *деңгейлі* деп атау ұсынылады;

➤ Егерде азық-түліктік тәуелділіктің шамасы 0,5 жоғары, онда тәуелділіктің деңгейі қауіпті.

Автордың пікірінше, сыртқы сауданы ырықтандыру жағдайында Ресей, Қырғызстан және басқа да өтпелі экономикасы бар елдерде импорттық экспансия нарықтан өз өндірушілерін ығыстырғандықтан бұл көрсеткіш өтпелі экономикасы бар елдер үшін өте өзекті. Қазіргі уақытта импорт есебінен Ресейдің 40% жуық азық-түліктік қорлары құрыуда, ал Мәскеуде – 80%, Қазақстанда – 35%, Украинада – 45% (бұның өзі СССР-ң сарқылмас қоры есептелген республикада).

Бұл мәліметтер аталған елдердің сыртқы нарықтың азық-түліктік тәуелділік деңгейінен (0,3) өткенін көрсетеді. Бұндай жағдайда, біздің ойымызша, азық-түліктік қауіпсіздіктің мәселесін шешудің негізгі мақсаты – бұл мемлекет тарапынан қолдау табатын отандық өнімнің тұрақтылығы. Мемлекеттің көмекқаржысы аграрлық сектор табысында елеулі меншік салмағын құрайды, ал бұндай қажеттілік өркениетті елдердің тәжірибесімен дәлелденіп отыр. Демек, АҚШ-та 30% құрайды, Канадада – 45, Швецияда – 59, Жапонияда – 66, Финляндияда – 71, Норвегияда 77[4].

Ауыл шаруашылығының, жалпы қолдау шараларынан бөлек сыртқы сауданы реттейтін және отандық өндірісті қорғайтын, сонымен қатар экспортты ынталандырудың мықты жүйесі бар. Еуро Одақтағы жағдай бұл жағдайда әдеттегісінше. Батыс Еуропа ТМД-ң көптеген елдеріне қарағанда ауыл шаруашылығын жүргізуде нашар табиғи жағдайда тұрған жоқ. Бірақта табиғи жағдайы жақсы және өте ірі және тиімді ауылшаруашылық кәсіпорындары бар ауылшаруашылық өндірушілерден, ең алдымен АҚШ-н қорғану үшін сыртқы сауда шегі менөтемдік төлем жүйесі жасалған болатын. Бұл елеулі түрде Батыс Еуропаға азық-түлік импорттауды тез арада шектеп, оның экспортталуына жағдай жасады[5].

Экспорт-елдерінен отандық өндірушіні бұданда күрделі және биік қорғайтын деңгей табиғи жағдайы жағынан үлкен айырмашылығы бар елдерде кездеседі. Бұл жағдайда Жапонияның тәжірибесін атап өтуге болады. Жапонияда ауылшаруашылық өнімнің өзіндік құны табиғи

жағдайдың қолайсыздығынан тым жоғары, сондықтан жапон ауылшаруашылығы ашық нарық жағдайында бірнеше жыл бойы түсіп қалар еді. Жапонияда кедендік емес шараларға бағам алынған.

Бұл елдегі ауылшаруашылық тауардың ең маңыздысы - күріш. Жапонияда күріштің көтерме саудасына мемлекеттік-корпоративтік монополия жасалынған. Ауылшаруашылық министрлігінің бақылауында тұрған күріш бойынша корпоративтік ұйымдар күріштің негізгі, көп жағдайда жалғыз сатушысы болып саналады және сатып алу бағасы жоғары болғандықтан, соның есебінен ішкі өндіріске жағдай жасайды, күріш қорларын құрады, елді күрішпен қамтамасыз етіп, импорттан бас тартуға тырысады. Оның импортталуына тыйым салынатын бірқатар ережелер іске асырылған.

